ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ,
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

ГҮЛСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

УРАЗОВ БАГДАТ ТУЛЕПБЕРГЕНОВИЧ

# ӘДЕБИЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

## Оқу қолданба

Жоғары оқу орындарының филология факультеті, 60111300 Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті); 60230100-Филология және тілдерді оқыту (Қазақ тілі) білім бағытының студенттеріне арналған

**Гүлстан - 2023**

Бұл оқу құралы 60111500 – Ана тілі және әдебиеті "Қазақ тілі және әдебиеті" бакалаврят білім бағытында білім алып жатқан талапкерлерге арналған. Оқулық Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің (Хаттама № 1 ) 2022 жыл, 30 августтағы Кеңесінде талқыланып, бекітілген "Әдебиеттану негіздері" пәнінің пән бағдарламасы негізінде дайындалған болып көркемөнердің түрлі салаларын, сөз өнерін, әдебиеттегі мазмұн мен пішін, тақырып пен идея, сюжет пен композиция, троп пен фигура, әдебиеттің тектері мен түрлері, әдеби бағыт, ағымдар, әдеби процесс жайлы мағлұматтарды қамтиды. Әрбір тақырып соңында студенттердің өз бетінше орындау үшін сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Сондай-ақ пәнді оқытудың мақсат-міндеттері және студенттердің білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар да көрсетілген.

Оқулық жоғары оқу орындарының филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бағыты студенттері мен магистранттарына, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мен әдебиет сүйер бүкіл қауымға арналған.

**Пікір жазғандар:** **Д. Т. Айтбаев**
Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті профессоры, филология ғылымының кандидаты

**А.Нысанбаева**
Низами атындағы Ташкент мемелекеттік педагогикалық универсиетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

**Б. Құрбанов**
Гүлстан мемлекеттік педагогика институты доценті, филология ғылымының кандидаты

# К І Р І С П Е

Әдебиеттану ғылымы қазақ топырағында туу, қалыптасу кезеңдерінен өтіп, бүгінде күрделі даму, өсу, өркендеу үстінде. Қазақ әдебиетінің тарихын түгендеу бағытында да, әдебиет сынының даму мәселесінде де едәуір ілгерілеулер бар.

Ұлттық әдебиет тарихы мен әдебиет сынына қарағанда, күні кешеге дейін кенжелеп келген сала – әдебиет теориясы. Солай бола тұра әдебиет теориясын соқа тимеген тың деуге болмайды. Белгілі әдебиет зерттеушілерінің қай-қайсысы да өздерінің әдебиет тарихына, сынына байланысты іргелі зерттеулерінде әдебиеттің теориясын орағытып өтпегені белгілі, оның бір мәселесі болмаса, бір мәселесін қозғағаны даусыз. 1970 жылға дейін жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бөлімдерінде оқитын студенттердің қолында әдебиет теориясынан ана тілінде арнайы оқулық болған жоқ. Олар орта мектепке арналған Қ. Жұмалиевтің “Әдебиет теориясы” оқулығын пайдаланып келді. 1926 жылы жарық көрген А.Байтұрсыновтың ”Әдебиет танытқыш” атты еңбегі әдебиет теориясының мәселелерін түгел қамтымаға-нымен де, осы саладағы бірден-бір оқулыққа лайық туынды болатын. Алайда ”Әдебиет танытқыш” оның авторының барлық шығармаларымен бірге ұзақ жылдар бойы кеңестік идеологияға жат шығарма ретінде әдебиетіміздің тарихынан аласталып келді.

Шындығында, бұл еңбек ”Әдебиет танытқыш” деген атының өзі әйгілеп тұрғандай әдебиет әлемін, көркем сөз табиғатын, оның сырын, мазмұнын, ерекшеліктерін, жанрларын, дүниетаным мен қоғамдағы ролін қыруар мысалдармен дәлелдеп, байсалды ғылыми түрде түсіндіруге арналған алғашқы тәжірибе, тұңғыш зерттеу еді. Ұлттық әдебиеттану ғылымында қазір қолданылып жүрген негізгі терминдер, категориялар мен ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалды. А.Байтұрсынов тіл терминдерін жасауда қандай білімдар болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай

кемеңгер, данышпан еді. Бағалы еңбектің әдебиетіміздің ақтаңдағына айналған тұсында осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында жоғарыдағыдай қажеттілік пен мүддеден академик З.Қабдоловтың ”Сөз өнері” (1971 жылғы алғашқы басылымында ”Әдебиет теориясының негіздері”) атты еңбегі жарық көрді.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға, тіл мен әдебиет мамандарына арналған бұл оқулықта әдебиет теориясының негіздері болып табылатын өзекті мәселелер тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырылып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, нәзік әрі терең талданып берілген.

Әдебиеттану ғылымының соңғы кезеңдегі үлкен бір жетістігі ретінде академик Зәки Ахметовтің редакциясымен Алматыда ”Ана тілі” баспасында 1998 жылы жарық көрген ”Әдебиеттану терминдерінің сөздігі” атты жинақты атауға болады.

Әдебиетші мамандарға, студенттер мен аспиранттарға, мектеп оқушыларына арналған бұл еңбекте әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер тұңғыш рет жүйелі түрде берілген. Мұнда ұлттық сөз өнерімізге, басқа да халықтардың әдебиетіне қатысты, сондай-ақ жалпы әдебиеттану ғылымына ортақ ұғым-терминдер мүмкін-дігінше толық қамтылады. Соңғы жылдары ұлттық әдеби процеске, қазақ әдебиетінің тарихына, қазіргі әдебиеттің күрделі мәселелеріне деген көзқарастар біршама өзгеріске ұшырады. Осыған сәйкес бұл еңбекте көптеген ұғымдар мен терминдер бүгінгі күннің таным талабына сай жаңаша көзқараста талданып түсіндірілген.

“Әдебиеттану ғылымына кіріспе” деп аталатын осы оқу құралы жоғарыда аталған А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш”, Қ.Жұмалиевтің ”Әдебиет теориясы”, З.Қабдоловтың ”Сөз өнері”, З.Ахметовтің редакциясымен жарияланған ”Әдебиеттану терминдерінің сөздігі” атты еңбектердің және

жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған әдебиеттану ғылымына кіріспе пәні бойынша бағдарлама негізін-де құрастырылды.

Кітапша осы пән бойынша лекция мәтіндерінен және әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері**

Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәні филология факультеттері студенттеріне бейіндік мамандық беретін негізгі пән болып есептеледі. Орта мектеп бағдарламалары бойынша әдебиет теориясы деген жеке пәннің оқылмайтыны белгілі. Әдебиет теориясынан кейбір мағлұматтар әдебиет сабағында белгілі бір көркем шығарманы оқу барысында қосымша беріледі.

Көркем шығарманың мән-мазмұнын терең ұғынып, ғылыми негізде талдау жасай білуі үшін жоғары білімді, білікті маман әдебиет теориясымен қаруланyуы тиіс. Сол арқылы орта мектептегі әдебиеттің оқу пәні ретіндегі ең негізгі мақсаты өмір таныту, адам тәрбиелеу, халық игілігіне қызмет ететін азамат тәрбиелеу, көркем шығармаларды сүйіп оқитын оқырман тәрбиелеу міндеттерін іске асыра алады.

Жоғары оқу орындарында әдебиеттану негіздері, әдебиет теориясы пәндерін оқытудың негізгі мақсат, міндеттері де осыдан туындайды.

Әдебиеттің сөз өнері, орта мектептегі ең негізгі оқу пәні ретіндегі ұлан-ғайыр міндеттерін іске асыратын, әдебиет тарихының, сынының, әдебиет теориясының мәселелерін егжей-тегжей біліп қана қоймай оны терең ой елегінен өткізе алатын, әдебиетті халық тарихымен байланыстыра алатын білімді, білікті, өзіндік ой-пікірі, көзқарасы бар әдебиетші маман дайындау – әдебиеттану ғылымын, әдебиет теориясын оқытудың негізгі мақсаты. Сондықтан әдебиеттану ғылымына кіріспе филолог студенттерге базалық білім беретін негізгі пән болып табылады.

Әдебиеттану негіздері пәнінің І курста бірінші семестрде оқытылуы студенттерді кейінгі семестрлерде үздіксіз оқылатын қазақ әдебиетінің тарихы, халық ауыз әдебиеті, түркі халықтарының әдебиеті, әлем әдебиеті

сияқты әр алуан курстарды терең ұғынып, ғылыми тұрғыдан талдау жасай білуге дайындайды.

**Студенттерге қойылатын талаптар**

Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәнінің бағдарламасында студенттерге әдебиет теориясының негіздерінен жан-жақты терең білім беру қарастырылған. Соған байланысты студенттердің білімі мен біліктілігіне мынадай талаптар қойылады:

- әдебиеттің қоғамдық сананың айрықша түрі өнер туындысы ретіндегі ерекшеліктері мен өзгешеліктерін;
- сөз өнері жайлы ғылымның негізгі және қосалқы салаларын, олардың әрқайсысының зерттеу нысаналарын;
- әдеби характер, тип, көркем образ, оның көркемдік әдіс, әдеби тек, жасалу тәсілдері тұрғысынан қарағандағы түрлерін, олардың бір-бірінен өзгешеліктерін;
- көркем әдебиеттегі тақырып пен идея (негізгі тақырыптар мен қосалқы тақырыптар, лейтмотив, тенденция, авторлық идея). Мазмұн мен түр (пішін), олардың ара-қатынасын; сюжет пен композиция, олардың кезеңдерін, сюжеттен тыс элементтерді;
- тіл байлығының қайнар көздерін, оның әр алуан бейнелеуіш және суреттеме құралдарын;
- әдебиеттің тегі мен жанрларын, олардың әр алуан тарихи кезеңдердегі және қазіргі дәуірдегі түрлерін;
- әдеби стиль, ағым және көркемдік әдістерді;
- өлең сөздің ерекшеліктерін, әлем әдебиетіндегі әр алуан өлең жүйелерін, қазақ өлеңінің табиғатын, поэзиялық қасиетін терең әрі жан-жақты білу;

Әдебиет теориясының негізгі қағидаларын қолдана отырып, кез келген көркем шығармаға заман талабы, халық, мемлекет мүддесі тұрғысынан терең ғылыми-теориялық талдау жасау талап етіледі.

## СӨЗ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

**ЖОСПАР:**

1. Сөз өнері туралы ғылым жайлы.
2. Әдебиеттану ғылымының негізгі салалары. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясының объектісі, мақсат-міндеттері.
3. Әдебиеттану ғылымының мәтінтану, тарихнама, библиография секілді жанама тараулары, олардың ғылымдық мәні
4. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, даму тарихына шолу.

Не нәрсенің болса да теориясын пайымдамас бұрын, алдымен, оның өзін анық танып, біліп алған жөн.

Әрине, анна тіліміздегі әдебиет деген сөздің түп төркіні арабша атаудан шыққанын – сөз, асыл сөз деген мағынасы бар екенін, орысша литература деген атаудың латын сөзі екенін - әріп, жазу-сызу деген мағынада қолданылғанын білу онша қиын емес. Көркем әдебиет дегеннің байыбына бара түсу керектігін айтқанда, біз жұрт алдына мұншалық жағдай, әріпшіл талап қоюдан аулақпыз.

Әдебиет дегеніміз не: от па, су ма? Шынында да «поэзияны біреу – су десе, біреу – от дейді» (Белинский).

Әрине, әдебиет – су да емес, от та емес. Әдебиет - өнер.

Өнердің түрі көп емес пе: бейнелеу өнері (живопись), мүсін өнері (скульптура), сәулет өнері (архитектура) т.б. Ал, әдебиет қандай өнер?

Әдебиет – сөз өнері. Фединнің айтуы бойынша, мүсіншінің құралы – саз, суретшінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, әдебиетшінің құралы – тіл. «Сөз - әдебиеттің құрылыс материалы».

Көркемөнердің сан алуан түрлері бар. Оның түрлеріне музыка, мүсін өнері, бейнелеу өнері, сәулет өнері, театр, би, балет, сөз өнері жатады. Өнердің

әр түрінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өнердің барлық түрлеріне ортақ ерекшелік – олардың өмірдің шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғаттың сұлулығын образдар арқылы танытуында. Бірақ өнердің әр түрінде образ әр қалай жасалады. Мысалы музыкада образ дыбыс арқылы, бейнелеу өнерінде бояу, би өнерінде қимыл, әдебиетте сөз арқылы жасалады. Өнердің әр түрі туралы төмендегі анықтамаларды беруге болады:

**Музыка (ән-күй, әуез) өнері** – өмір шындығын, адамның көңіл-күйін, сезімін дыбыстың әуезділігі, ән мен күйдің әуені, ырғақ арқылы жеткізеді. Оның сөз өнерімен, поэзиямен тамырлас сабақтастығы, жақындығы мол. Бірақ ойды айқын жеткізу жағынан поэзиямен таласа алмайды, алайда адамның көңіл-күйін, сезімін кейде тіпті поэзиядан да әсерлі нәзік білдіреді. Музыка поэзиямен бірге қазақ халқының өмірінде айрықша үлкен орын алған. Онда адам жанының ішкі дүниесін айтып берушілік басым, бірақ оның айтып беретін идеяларын үннен ажыратуға болмайды. Ал үн дегеніміз жанға көп нәрсе сездіре алса да, санаға айқын және байымды еш нәрсе бере алмайды.

**Мүсін өнері** – адамның бет пішініндегі ойдың бір белгісін, денесінің бір сәттік қалпын ғана бере алатын, бірақ адамды тегіс қамти алмайтын, еркектің бойындағы қайрат пен күшті, ұлылықты, әйелдің бойындағы әдемілік пен грацияны ғана елестете алатын өнердің түрі. Ол адамның рухани сұлулығын дене сұлулығы арқылы бейнелейді. Оның қарымы сәулетшіліктен гөрі кеңірек: амал-тәсілдері молырақ, адам денесінің әдемілігін, адам дидарындағы ой нышанын көрсетеді.

**Сурет (бейнелеу) өнері** – адамның қас-қабағындағы бір сәттік қимыл, жүзіндегі титтей құбылыс, көзіндегі ұшқын стихиясы болып табылатын өнер түрі. Ол адамды тегіс, тіпті адам рухының ішкі дүниесін де қамтиды, бірақ құбылыстың бір ғана сәтін көрсетумен тынады. Онда образ бояулар, әр алуан штрихтар мен кескіндер арқылы жасалады. Ол әрекетті кезең-кезең қалпында бейнелей алмайды, сондықтан оның құдіреті бір сәт, бір көрініспен шектеледі.

**Сәулет өнері** – табиғатпен, таумен, аспанмен, жермен, халықтық, Ұлттық ерекшеліктермен тамырлас кеңістікке қатысты өнер саласы. Сәулет өнерінің жарқын үлгілерінің бірі–көк күмбезінен жаратылғандай қазақ топырағындағы ең әйгілі Қожа Ахмет Ясауидің ғажап ғимараты.

**Сөз өнері** – бар өнердің басы, көркемөнердің нақты әрі затты түрі. Ол–қоғамдық сананың әрі күрделі, әрі орасан маңызды саласы, “Өнер атаулының ең қиыны және күрделісі“ (О.Бальзак), “ең жоғарғы түрі” (В.Г.Белинский); ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы.

Өнердің сан алуан түрлерінің ішінде әдебиеттің орны өзгеше. Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі өзгешелігін ұлы ғұлама ұстаздар, кемеңгер қалам қайраткерлері тамаша көрсеткен.

Әдебиет - өнердің бір түрі, сөз өнері дедік. Ал өнер жайлы сөз қозғап, сол өнерді жасаушы шебер жөнінде үндемей өтуге болмайды.

Әрине, бұл – тым күрделі мәселе. Мұны жан-жақты сөз ету творчествоның психологиясын байыптау болып табылады. Ал творчествоның психологиясы - өз алдына жеке пән. Демек, әдебиеттің теориясы мен творчествоның психологиясын шатастырмау керек.

Сөз өнері – қоғамдық сананың әрі күрделі, әрі орасан маңызды саласы. Ал қоғамдық сана дегеніміз белгілі бір таптың мақсаты мен мүддесіне сәйкес саяси, праволық, салттың, діни, көркемдік, философиялық көзқарастар жүйесі екені мәлім. Қоғамдық сананың басқа түрлері тәрізді әдебиет пен өнер да жалпы ел «өмірінің ақиқат ағымы», яки материалдық тіршілік жағдайы болып табылатын әлеуметтік тұрмысына тәуелді. Міне, дәл осы арадан келеді де көркем әдебиеттің қоғамның белгілі бір даму дәуіріндегі экономикалық құрылысына, яғни базиске негізделген қондырма екендігі айқындалады.

Әдебиет (араб сөзі, қазақша-сөз, үлгілі сөз)-өнердің негізгі түрлерінің бірі, яғни сөз өнері. Сөз-адамның ой-сезімін жеткізудегі бірден-бір күшті құрал. Сөз өнері-өнер атаулының ішіндегі ең құдіреттісі, сондықтанда халқымыз «Өнер алды—қызыл тіл» деп бекер айтпаған.

А.Байтұрсынов өзінің әйгілі «Әдебиет танытқышында» өнердің әр түрлі болатындығын, олардың өзіндік ерекшеліктерін (сәулет өнері-архитектура, сымбат өнері-скульптура, кескін өнері-живопись, әуез өнері-музыка) айта келіп, әдебиетке: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл-сөз өнері.

….Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадырынша сөз өнері атқара аладаы. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын-сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді»,-деп анықтама береді.

Әдебиеттану-сөз өнерін, тарихи-әдеби процесті, әдебиет дамуының заңдылықтарын, көркем шығармаларды, жазушылардың шығармашылығын зерттейтін ғылым. Әдебиеттану-филология ғылымдарының бір тармағы.

Әдебиеттану – сөз өнерін, әдебиетті зерттейтін ғылым. Әдебиет жоқ жерде әдебиет туралы ғылым болмайды. Ол көркем сөздің табиғатын, пайда болуын, тарихи-әдеби процесті әдебиет дамуының заңдылық-тарын, көркем әдебиетті тудырушы қаламгерлердің шығармашылық ғұмырнамасын зерттейді. Әдебиеттану ғылымы *әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны* деп аталатын салалардан тұрады. Бұл – көркем сөз өнерінің қоғам тарихымен байланысты даму заңдылық-тарын қарастыратын филологиялық ғылым.

**Әдебиет тарихы** – көркем әдебиеттің қалай пайда болғанын, қайтіп қалыптасқанын, қандай жолдармен дамығанын зерттейтін әдебиеттану ғылымының саласы. Әр халықтың әдебиетін тарихи қалыптасу тұрғысында қарастырып, дәуірге бөліп, әдеби бағыттарды, оған үлес қосқан ірі жазушылар творчествосын нақтылы зерттейді. Әр халықтың көркемдік даму сапарын саралап, сын көзімен сұрыптап, сарапқа сала отырып, әр дәуірдің әдеби нұсқасына тарихи тұрғыдан қарап, оның сапасын сол тұстың сана сатысына байланыстыра тексереді. Олай етпей ауыз әдебиетінің нұсқалары болсын,

жеке жазушылар творчествосы болсын, әділ бағаланып, әдеби дамудағы өзіне лайық орнын алуы мүмкін емес. Әдебиет тарихын зерттеушілерге ең басты талап, дәл осы тұрғыдан қойылады. Кез келген әдеби нұсқаның эстетикалық құны мен ғылымдық мәнін бағалау үшін оған нағыз тарихи көзқарас керек. Орхон жазуындағы жырлардан бастап, жыраулар поэзиясы, Махамбет, Абай, Мағжан, Сәбиттердің кез келген шығармасы бұл пікірімізге дәлел бола алады.

**Әдебиет сыны** – көркем шығармаларға талдап баға беруді, ерекшеліктерін ашып беруді мақсат ететін, өз тұсындағы әдеби процеспен тығыз байланысты ғылым саласы. Ол өз тұсындағы әдебиеттің тірі процесіне белсене араласып, нақты әдеби туындыны жан-жақты талдау арқылы оның идеялық-көркемдік құнын белгілейді. Әдебиет сыны, бір жағынан, жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның творчестволық өсуіне тікелей қолқабыс жасайды, екінші жағынан оқырманды оқығандарының байыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды. Бұл ретте сыншыны жазушы мен оқырманның екеуіне ортақ ара дәнекер десе де болар еді. Бірақ бұл аз.

***Сыншы*** – қалың оқырманның өскелең талабы мен талғамының жаршысы, әдеби құбылысты жалпы мемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдайтын қоғамдық ой-пікірдің озғын өкілі. Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың өзіндік өлшемдері бар. Көркемдік критерий әдеби шығарманың кемшілігін қазбалау емес, ол ең алдымен көркем шығарманың бағалы жағын көре білу. Кез келген шығармадан кемшілік табу оңай. Оның поэтикалық сұлулығы мен сырлылығы неде екенін анықтау бәрінен қиын. Бұл сыншының берік принципін, зор мәдениетін, нәзік түсінігін, өрелі ойын, терең білімін, биік талғамын керек етеді. Белинскийдің айтуынша “сыншы таланты – сирек талант, сыншы жолы – тайғақ һәм қатерлі жол” да, шын мәніндегі әдеби “сын – қимыл, қозғалыс үстіндегі эстетика”. Эстетика қоғамдағы көркемдік даму тәжірибесінің теориялық жинақталуы. Жұртшылық әдебиет сынын осындай ірі талап биігінен көргісі келеді.

Әдебиет туралы ғылымның жоғарыда аталған негізгі үш саласы (теориясы, тарихы, сыны) өзара тығыз бірлікте болады. Әдебиеттің теориясын нәзік түсінбей тұрып, тарихы жайлы әңгіме қозғау; тарихын білмей тұрып, сынын өрбіту мүмкін емес. Шын мәніндегі әдебиетші осының үшеуіне де жетік болуы шарт. Мұндай әдебиетшіліктің озық үлгілерін орыстың революционер-демократ ойшылдары В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, т.б көрсеткені мәлім: олар әдебиеттің данышпан сыншылары ғана емес, тамаша тарихшылары және терең теоретиктері де бола білді. Ғұлама әдебиетшілер әдебиет туралы ғылымның әлгідей үш саласын білумен шектелмей, сондай-ақ ойшыл, философ, толғамды тарихшы, саясатшы, әлеуметтанушы, этик болуы да шарт.

**Әдебиет теориясы** – көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Ол әдеби шығарманың мазмұны мен түрін, тіл ерекшеліктерін, әдебиеттің тектері мен жанрларын зерттейді. Әдебиет теориясы әдебиеттің даму заңдылықтарын, көптеген шығармаларға, әдеби процеске ортақ сипат белгілерді айқындайды. Көркем әдебиеттің ерекшеліктерін талдап таныту арқылы оны зерттеудің тәсілдерін, негізгі принциптерін белгілей отырып, әдебиеттің қоғамдық өмірмен байланысын ашады, идеялық, танымдық, Ұлттық және интернацио-налдық сипаттарын анықтайды, сондай-ақ көркемдік әдіс, ағым, стиль мен жанрларды зерттейді.

Әдебиеттану ғылымының жоғарыда сөз болған негізгі салаларынан басқа жанама тараулары бар. Олар: мәтінтану, тарихнама, библиография.

**Мәтінтану** (текстология) – шығарма мәтінінің анық-қанығын сақталған қолжазбасымен, түпкі нұсқасымен салыстырып тексереді, жариялайды. Оның негізгі міндеті автордың жазғанының нағыз, дәл нұсқасын анықтап, ешбір қоспасыз, қатесіз жариялау болып табылады. Ол – көркем шығарманың тұрақты түпнұсқасын белгілейді, оның автор қолымен жасалған ақтық редакциясын анықтайды, әр алуан нұсқасын өзара салыстырады, көшірушілер

тарапынан кеткен қателерді түзейді. Текстологияның екі өзекті мәселесі бар: бірі – ғылыми, екіншісі – практикалық мақсат. Текстология “текстің туу сыры”, “текстің тұрақтану тарихы”, “текстің басылу түрлері” деген үш бөлімнен құралады. Текстология шығарманың авторын анықтайды, бүркеншік есім, лақап атқа дейін тексереді. Текстология – өте-мөте жауапты сала.

**Тарихнама (историография)** – әдебиеттану ғылымының арнаулы мәселелері бойынша зерттеудің көлемі мен мәнін, маңызын айқындайтын ғылым саласы. Ол әдебиет теориясының, тарихының, сынының ғасырлар бойғы тарихи дамуы туралы дәйектемелер мен деректерді қарастырады. Оны әдебиеттану ғылымының белгілі бір саласының, тақырыбының зерттелу жайы туралы мәліметтер мен материалдар жинағы деуге болады. Тарихнама көбінесе ғылыми мақсаттар үшін қажет.

**Библиография (дерекнама) -** көркем әдебиеттің өзіне және әдебиет туралы ғылымға байланысты көрсеткіштер мен анықтамалар, шолулар мен сілтемелер жиынтығы. Ол әр түрлі пәндер бойынша кітаптарға, зерттеулерге анықтама мағлұматтар беретін, көмекші құралдар жасайтын ғылым саласы. Библиография – белгілі мәселеге немесе автор шығармаларына байланысты әдебиеттердің көрсеткіші. Бұл да көбінесе ғылыми мақсат үшін қажет. Әдебиет пен әдебиеттану тарапындағы қандай арнаулы зерттеулер болсын, оған қажет нақты материалдардың текстер мен тексерулердің, сын мақалалар мен зерттеу еңбектерінің бәрін библиографиялық көрсеткіштер мен анықтамалар арқылы іздеп тауып пайдалануға болады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1.Әдебиет туралы ғылымның объектісі және оның салалары.

2. Әдебиет тарихы, оның өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу обьектісі не?

3.Әдебиет теориясының негізгі мәселелері, әдебиет теориясының зерттелу деңгейі.

4. Әдебиет сыны және оның өзекті мәселелері не?

5. Әдебиеттану ғылымының историография, библиография, текстология секілді жанама тараулары және олардың ерекшеліктері қандай?

6. Әдебиеттану ғылымының басқа ғылымдармен (философия, эстетика, логика, психология, тіл тілі т.б.) байланысы неде?

7. Әдебиеттану ғылымының негізгі салалары әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясының бір-бірінен зерттеу нысанына байланысты өзгешеліктері қандай?

8. Әдебиеттану ғылымының мәтінтану, тарихнама, дерекнама секілді жанама тарауларының ғылыми мәні неде?

9. XIX ғасырдың екінші жартасындағы қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, даму тарихы қандай дәрежеде болды?

10. Әдебиет өнер туралы ғылымның даму тарихында маркстік, лениндік эстетика қандай орын алды?

11. Оған бүгінгі көзқарас тұрғысынан баға беріңіз?

# ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

## ЖОСПАР:

1. Әдебиеттанудың ғылымдар жүйесіндегі орны.
2. Көне дәуірдегі сөз өнері туралы ой-пікірлер.
3. Қазақ ойшылдарының сөз өнері туралы ой толамдары.
4. Әдебиеттану ғылымның Кеңес дәуірі мен қазіргі жай күйі.
5. Образдылық, сөздегі сурет.
6. Көркем әдебиет пен өнердегі шарттылық мәселесі.

**Әдебиеттану –** қоғамдық ғылымдар ішіндегі өзіне тән өзгешелігі орасан мол, қиын әрі күрделі ғылым. Оның ғылыми жұрнақтарының туу тарихы тым әріде жатыр. Қай халықтың тарихын алсақ та бәрібір, оның баяғы бабалар дәуірінен басталатын ауыз әдебиетінің туу, даму, қалыптасу кезеңдерінің әр тұсында сөз өнері туралы болжамдар туып, кейбір эстетикалық талғамдар белгіленген .

Әдебиеттану (әдеби толғам) мен эстетика (эстетикалық талғам) өзара байланысты, бір-бірімен аралас жатқан бірге туып қатар қалыптасқан, бірін-бірі толықтыратын егіз ғылым.

Қазақстандағы қолтума қоғамдық ой, оның ішінде эстетикалық пікір тарихында қазақтың асқан ғалымы Ш.Уәлихановтың (1835-1865), атақты ағартушысы А.Құнанбаевтың (1845-1904) алатын орындары зор. Ш.Уәлихановтың сөз өнері жайлы ғылымға қатысты еңбектері екі саладан тұрады.

- Ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы (қазақтың “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, қырғыздың “Манас” жырын жазып алуы);
- Жинаған нұсқалары туралы ғылыми ой-пікірлері.

Ш.Уәлихановтың өзінің  “Ыстыққөл сапарының күнделігі”, “Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы” жайындағы жазбаларында ақын жанды сергек, сезімтал адамның өзін қоршаған әлемнен алған әсері ғана емес, ғұлама ғалымның шынайы сұлулық туралы түсінігі аса нәзік, терең эстетикалық талғамы танылады.

“Дала көшпелілерінің поэзия мен шынайы сезімге бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі, жасыл майса дала, ашық мөлдір аспан, көші-қоны көп тұрмыс әсер етпесіне кім кепіл?!” - дейді. Шоқан поэзияны жалпы жұрттың рухани сусыны ретінде ғана емес, халықтың көркем тарихы, халық тарихының сырлы шежіресі ретінде де байыптады, сол арқылы сөз өнерінің таным мен тәрбие тарапындағы мәні мен маңызын белгілеуі, сондай-ақ қазақ поэзиясын бес түрге (жоқтау, жыр, өлең, қара өлең, қайым өлең) бөліп, бұлардың әрқайсысына мінездеме беруі –  әдебиет теориясына қатысты толғамдар.

Қазақтың болашақ әдебиет туралы ғылымның алғашқы кірпіштерін Ш.Уәлиханов осылай қалаған еді.

**Ы.Алтынсариннің** (1841-1889) әдебиеттануға қосқан үлесі ағартушылық, педагогтік қызметімен сабақтас. Оның “Қазақ хрестоматиясы” атты кітабы қазақтың өткен ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған ірі оқиға, әдеби, мәдени құбылыс болатын. Діни фанатизмнің зиянды ықпалының күшейіп тұрған кезінде  жарыққа шыққан бұл кітабын жазудағы мақсатын педагог жазушы “ондай ықпалдан құтқару үшін…мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды… қазақтың өз тілінде …шығару керек” деген ниетінен туғандығын айтады. Әдебиет оқулығын жасау үшін Ыбырай қазақтың ауыз әдебиетін жинау, жариялау ісімен көп айналысады. Ол бұл мәселеге өзінің биік эстетикалық талғамы тұрғысынан қатал талап қояды. Н.Ильминскийге жазған хатында Ыбырай ауыз әдебиетіндегі идеялық-көркемдік жағынан нәрсіз жеңіл-желпі нәрселерді

кітапқа "енгізгісі келмейтінін, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек" екенін айтады.

Қысқасы, Ы.Алтынсарин іс жүзінде қазақтың әдеби тілінің тазалығы, әдеби шығармалардың халықтығы, тәрбиелік мәнінің биіктігі үшін күресті.

**Абай Құнанбаев** (1845-1904)-әдебиетінің ұлы классигі, "қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі" (М.Ә.). Ол өзінің эстетикалық көзқарасын жүйелейтін ғылыми трактат жазған зерттеуші де, сыншы да емес. Алайда оның шығармаларының өн бойында оның тамаша творчествалық принциптері, эстетикалық талғамы мен талабы желі тартып жатады. Ол ең алдымен қазақ әдебиетіне реализм принциптерін әкелген шыншыл ақын. Абай әдебиеттің халықтығын ту етіп көтерді. Поэзияның халық өмірінің айнасы болуын, онда халықтық мәні бар келелі шындықтың суреттелуін талап етті. Мықты реалистік және халықтық принцип тұғырында тұрған ұлы ақын өзі өмір сүрген қоғамның кескін-келбетін жіті танып, қазақ даласындағы қайшылық-тарды тап басып көре білді. Абайдың сөз өнеріне де, өзге өнер иелеріне де қояр эстетикалық талап талғамы бұл ортада бұрын-соңды болмаған биікке шалқып көтерілді.

## Поэзия өнері (әдебиет) туралы пікірлер

Жалпы алғанда, поэзиялық өнерді түрлі табиғи себептер туғызған сияқты. …Поэзия тарихқа қарағанда неғұрлым философиялық мәнге ие және байыптырақ: поэзия неғұрлым жалпыға ортақ жайларды айтса, тарих дара, жекелік жайларды сөз етеді.

**Аристотель**

…Ғажап поэзия еркіндікте тумақ. Ой көрігінен сомдалып шыққан сөздің шынайысы да, жалғаны да болады. Өлең өнері сөзбен, ал сурет (жанды жазу) өнері бояумен құлпырады.

**Әбунәсір әл-Фараби**

Поэзия - өнердің асыл тегі. Өзге өнердің бәрінің де қолданатын құралының мүмкіндігіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысылшаң, тар өрісті болып келеді. Поэзия адамның еркін тілімен берілетіндіктен, онда үн де, сурет те және байымды айқын айтылған түсінік те болмақ. …Өзге өнердің барлық элементтері поэзияда бар, сөйтіп, ол әрбір өнердегі жеке-жеке тәсілдердің бәрін бірінен-бірі бөлектемей бірден пайдаланатын сияқты. Поэзия тұтас-өнер, соның бүкіл Ұйытқысы болып табылады. Және оның барлық жағын қамти отырып, бүкіл өзгешеліктерін айқын, анық түрде бойына жинақтайды.

**В.Г. Белинский**

Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. “Өнер алды – қызыл тіл” деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. …Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Ұлы әңгіме яки роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз.

**А. Байтұрсынов**

Мүсіншінің құралы – саз, суретшінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы қимыл болса, әдебиетшінің құралы – тіл;

Қоғамдық сананың айрықша саласы - өнер десек, мұның жалпы адамзат мәдениетінен алар орны өзгеше, адамдардың парасат әлемінде атқарар қызметі орасан зор.

Микеланджело жасаған мүсін, Шекспир туғызған трагедия, Глинка шығарған музыка, Абай жасаған лирика, Суриков салған сурет… уақыт сынынан мүдірместен… келеді…;

**З. Қабдолов**

Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері затты, нақты болғанымен, жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез-келген шындықты қимыл қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады.

Өнердің көп салаларының ішіндегі ең қадірлісі әрі қасиеттісі – көркем әдебиет. Оның өнердің өзге түрлерімен әлгідей бірлігі бола тұра өзгешелігі де мол. Сөз өнері сурет пен музыка секілді жалпыға бірдей жетімді деу қиын: сөз – бояу немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Әр ұлттың өзгеден ерекше өз тілі бар; әдеби шығарма сол тілде ғана туады. Бұл – көркем әдебиеттің халықаралық өрісіне біраз бөгеу, тіпті тұсау екені рас. Бірақ, мұның есесіне, әдебиеттің тілі музыка тілінен гөрі нақты, театр тілінен гөрі затты: симфонияны тыңдаушының бәрі нақты түсіне бермейді, театр сахнасында бүгін кеште жүріп жатқан спектакльдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал әдебиетте екеуі де – нақтылық та, заттылық та бар. Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері затты, нақты болғанымен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, өз өнерін – бар өнердің басы, “өнер атаулының ең қиыны және күрделісі” (Бальзак), “ең жоғары түрі” (Белинский) десек, асырып айтқан болмаймыз. Қазақ халқының “өнер алды – қызыл тіл” деген білгір тұжырымы да тегіннен-тегін тумаған-ды.

Әдебиеттің объектісі – өмір предметі – адам. Баяғы Аристотель заманынан күні бүгінгі күнге дейін адамнан, адам өмірінен тыс ешқандай сөз өнеріің де, өнер туындысының да болмайтыны дәлелденіп келеді.

Әдебиеттің объектісі предмет арқылы, яки сөз өнеріндегі өмір шындығы тек адам арқылы, адам образы арқылы ғана көркем жинақтау дәрежесіне көтеріле алады.

Белинский “ақынның образбен ойлайтынын, оның ақиқатты дәлелдеп жатпайтынын, көзге елестете көрсететінін”, Чернышевский сөз өнерінің “шын

мазмұны – тек адам өмірі” ғана екенін айтса, Горький көркем әдебиетті “Адамтану” деп атады.

Шындығында өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арманы, құштарлығы, мұраты; өнер туындысының қандай түрі болсын, әрқайсысы өз тілінде өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен мағынасын ғана баяндап жатады. Кез келген әдеби шығарманың бетін ашсақ болғаны, іздеп табарымыз, тауып толғанарымыз – адам тағдыры, адамгершілік сыры.

Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірде көрген тірі адам туралы олардың хал-күйі, кескін-кейпі туралы тебірене, толғана ойланудан көбіне суреткердің сол адамдар өмір сүрген қоғам туралы көзқарасы қалыптасады. Нәтижесінде сол қоғамдық шындықты жинақтау мақсатындағы творчестволық әрекеті басталып та келеді.

Әдебиеттің предметі адам дегенде, әңгіме дайын әдеби қаһарман жөнінде ғана емес, қаламгердің сол қаһарманды жасау үстіндегі барлық творчестволық әрекетінің ой-қыры, қия қалтарысы болуы тиіс.

Белгілі бір дәуірлік шындықтан көркем шығарма туғызу үшін, бәрінен бұрын материал керек. Ал материал табудың суреткерлік тәсілі – сол дәуірдегі адам тағдырын қазу, қопару, “тірі құжаттарды” зерттеу. Осы орайда М.Әуезовтің “Абай” эпопеясына материал жинау тәсілі айта қалғандай қызық. “Әлдеқашан бел асып кеткен керуеннің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып алып, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол әрекет сияқты еді. Мен қарт адамдардың көмескі жадында ұмыт болған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Әйгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды тұтқындаған жас шырайлы ғажап сұлу жүзін “қалпына келтіруім” де әлгідей еді”.

Өмірмен осылайша қоян-қолтық келген жағдайда ғана суреткердің творчестволық фантазиясы қимылға көшеді, қозғалысқа түседі. Дәл осы арада біз әдебиеттің предметі маңындағы авторлық айрықша әсем әрекетке, дәлірек айтқанда, әдебиеттегі адам бейнесін жасаудың шешуші шарты – ойдан шығару (вымысел) мәселесіне кезігеміз.

Ойдан шығару – образға апарар жол; суреткердің өмірде көрген-білгенін ойша өңдеудің, қорытудың, жинақтаудың тәсілі. Ойдан шығару жоқ жерде әдебиеттегі адам туралы мүлде ұғым болуы мүмкін емес. Өйткені ойдан шығару арқылы суреткер болашақ көркем образдың эскизін алдымен өзі ойша жасап, көз алдына елестетіп, ойша көріп алады. Суреткердің өз ойында нақты түрде мүсінделмеген, суреткердің көз алдына затты түрде елес бермеген бейне оның шығармасында тірі қаһарманға айналуы мүмкін емес.

Әдебиет туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Образдың қазақшасы – көркем бейне. Ең қарапайым мағынасында образ – суретті сөз.

*Күлімсіреп аспан тұр,*
*Жерге ойлатып әр нені*

**(Абай)**

“Күлімсіреп аспан тұр” дегенде Абай аспанның ашық, нұрлы екенін айтып отыр. Бірақ аспан ашық деген сөздің әсері аспан күлімсіреп тұр дегендей болмас еді. Өйткені алдыңғысы әншейін хабар, ауызекі айтыла салған аөз ғана да, соңғысы – сөзбен салынған сурет. Бұл әрі нақты, әрі затты. Бұл бедерлі бейне, көркем образ. Сөз зергерлері көркем сөз арқылы бұлайша, өрнек төгіп, айшық жасамаса, әдеби шығарма да тумас еді.

Сөз арқылы көркем бейне жасалмаса, жансыз табиғатқа жан бітпес еді.

*Елсіз жер… еңіреген інгенде күй,*
*Селеулер жел оятқан билеген би.*

*Аулақта қорқақ қоян зар тыңдаған,*
*Тұқырып қала берген шеңгел мен ши.*

**(І. Жансүгіров)**

Ғаламат сурет! Кең дала күйге толы. “Еңіреген інгеннің” қасіретін, “зар тыңдаған қоянның” қайғысын өз алдына қойғанда, өлі ұйқыдан елгезек “жел оятқан селеудің биін”, әні назға, сазға елітіп, әрі ойға, мұңға батып тым-тырыс “тұқырып қалған шеңгел мен шидің” күйін қараңыз…

Лириканы әркім өзінше ұғып, тұщынады, оны ежіктеп түсіндіріп жату ағат. Тек мынаны білу керек: көркем әдебиетті оқыған адамды баурап алар, оның жан дүниесіне әсер етер құдіретті күші осынау образдылығында жатыр.

Образдылық – суреттілік, сөздегі сурет. Әдебиет теориктері әр сөздің түп төркіні – *зат, сурет, образ* дегенді айтады.

*Защита* деген сөздің байырғы тегіне қарасақ, “стоять за щитом” деген бейнелі сөзден шыққаны белгілі. Бұның *“қалқалап тұрды қалқанды”* дейтін қазақшасы, шынында да, көз алдыңызға образ, сурет болып елестейді.

Дәл осы секілді қазақ сөздерінің қай-қайсысы да бір кезде өзінің бейнелі қалпын бастан кешіргені даусыз. *Тастау* – тасқа байланысты қимылдан, тонау – тонға байланысты әрекеттен, қолдау – қолға байланысты бейнеден, бүйрек – бүйірге байланысты суреттен шыққан.

Тулау сөзінің түп төркіні ту жылқы деген тіркестегі тудан шыққан. Ту жылқы жалына қол апартпайтын мінезсіз, асау болатын көрінеді. Сөйтіп тулау деген ұғым да затты, нақты бейнеден шыққан. Образдылық осылай пайда болады.

*Гималай – көктің түндігі,*
*Гималай – жердің түндігі.*

**(І. Жансүгіров)**

Бұл – метафора тәсілімен жасалған сурет: екі нәрсе қатар қойылып, бір-біріне баланады, өзара “сәуле түсіреді”, сол арқылы оқырманның көз алдына үшінші нәрсенің суреті жойылады. Байқап қарасақ, образдылық деген өзі

әр сөзге оның о бастағы заттылығын қайтып беретін секілді, сөйтіп затты сөзді нақты суретке айналдыратын тәрізді.

Көркемдегіш сөздеріміздің көпшілігі баяғы бабалар дәуірінен бері қарай мың мәрте қолданылып келеді. Олар әсіресе ауыз әдебиетінде тұнып тұр. Мысалы, Қыз Жібектің портретін жыр сүйген жұрт жатқа біледі.

| | |
|---|---|
| *Қыз Жібектің ақтығы* | *Екі беттің ажары* |
| *Наурыздың ақша қарындай* | *Жазғы түскен сағымдай* |
| *Ақ бетінің қызылы,* | *Білегінің шырайы,* |
| *Ақ тауықтың қанындай.* | *Ай балтаның сабындай.* |

Бұндай ғажап сурет дүние жүзінің фольклорлық туындыларында сирек ұшыраса керек.

Ал енді осынау көркемдеу тәсілін қазіргі кәсіби қаламгерлеріміз айнытпай қайталаса, ол өте бір күлкілі нәрсе болып шығар еді.

Сөз өнеріндегі сұлу нәрсе – қайталанбайтын нәрсе. Мұндай сұлулыққа қалай жету керек. Тек деталь арқылы жету керек.

**Көркемдік деталь**

Мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекелеген сипат белгілері;

Адам бойындағы қандай да бір қасиет, сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігі;

Оңай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштық, көрегендік арқылы дәл тауып бейнелеу;

Суреттеудің, баяндаудың дәлдігін, нақтылығын арттыра түсетін әр түрлі бояу-нақыштар;

Бүтінді жеке бір бөлшегі арқылы, тұтас құбылысты кейбір дара сипаттары арқылы немесе адамның іс-әрекетін, жүріс-тұрысын бір-екі қимыл қозғалысы арқылы әсерлі көрсету;

Күрделі шындықты ұтымды танытар бірер соны сөз немесе тың сурет;

Азғана сөздің айқын суретке айналып, шындықты дәл танытуы, көл-көсір мағынаға ие болып, оқырманды қызықтыруы.

**Көркемдік детальға мысалдар:**

*“Сеземін шоршып ұшып, қонғанын да,*
*Кірпіктей қанаттары жыпылықтап”.*
(Ж. Молдағалиев)

“Сол сәтте әлдеқайдан сары қаншық жүгіріп кеп, балық исі шыққан киімін иіскеді. Онан сары қаншық мұп-мұздай тұмсығымен бұның қолын жалап алды. Еламан бойын жиып ала қойды”.

(Ә. Нұрпейісов)

## Сөз өнеріндегі образ және образдылық туралы пікірлер

…Автордың не айтқысы келгені ғана емес, қайта әдейілеп болмаса да, өмір фактілерін дұрыс суреттеудің нәтижесінде не айта алғандығы біз үшін маңыздырақ. Біздің әрбір талантты шығарманы соншалықты қадірлейтін себебіміз – біз мұндай шығармадан өміріміздің фактілерін айқын зерттей аламыз, мұндай шығарма болмаса, ол өмір жай адамдардың көзіне шалына бермейді. … Жазушының өмірді қай дәрежеде алғандығы, ол жасаған образдардың қандай мөлшерде берік, кең көлемді болып шыққандығы оның талантына өлшем болады. Тургенев мырзаны соңғы 20 жылдың ішінде билік құрған мораль мен философияның көркем суретшісі және жыршысы деп әбден әділеттілікпен атауға болады.

**Н.А. Добролюбов**

… Қоғам суреткер үшін емес, суреткер қоғам үшін, көркемөнер адамзаттың ақыл ойын дамыту ісіне, қоғамдық құрылысты жақсартуға қолғабыс тигізуі керек. Публицистің ойын логикалық қорытынды-лардың

көмегінен дәлелдейтіні  секілді суреткер де өзінің идеясын образ арқылы бейнелеп танытады. Идеялық мазмұнсыз көркем шығарманың болуы мүмкін емес. Тіпті авторлардың мазмұнға мән бермей, тек формалық жағын ғана құнттаған шығармаларының өзі де қалай да болмасын белгілі бір идеяны танытады. Көркемөнер дегеніміз – адамдар арасындағы рухани қарым-қатынас жасау құралдарының бірі. Ғылым мен искусствоның мазмұны жағынан, философиялық мағынасында ешқандай айырма жоқ. Өйткені ғылым да, искусство да шындықты көрсетеді, айырмасы біреу-ақ: ғылыми топшылау шындықты логикалық ұғым арқылы танытады да, көркем шығарма шындықты нақты, сезімдік образдар арқылы бейнелейді.

**Г.В. Плеханов**

Замана толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің баға жетпес меруерт, маржандарын қалдырады;

Образ болмай, ойдың қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз. Жұрт айтпаған ойды айту – анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол – ырыс.

**М. Әуезов**

Жер бетінде ой зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ;

Жастайымнан құлаққа құйғаным, ұйығаным – сөз, сөз болғанда да ана сүтімен қанымызға сіңген ойдың інжу-маржаны – поэзия.

**Ғ. Мүсірепов**

Әдебиеттің шыншылдығы мен көркемдігі артқан сайын, оның тәрбиелік, өнегелік мәні күшейе түседі;

Сөз адамның ой-сезімін жеткізудегі бірден-бір күшті құрал. Сондықтан көркем ойлау жүйесі шексіз бай…;

Әдебиетте шыншылдық пен көркемдік шеберлік, эстетикалық әсерлілік біте қайнасып, біріккен сипат танытады;

**З. Ахметов**

## Бақылау сұрақтары:

1**.** Өнер дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?

2. Әдебиет қандай өнер, оның басқа өнерден ерекшелігі неде?

3. Өнер атаулының шындық болмысты таныту жолдары және қоғамдық-әлеуметтік ортақ функциясы қандай?

4. Сөз өнерінің бейнелеу құралы не?

5. Әдебиет сөз өнері дегенді қалай түсінесіз?

6.Әдебиеттің сөз өнері ретінде өнердің басқа түрлерімен арақатынасы қандай?

7. Әдебиеттің объектісі өмір, предметі адам дегенді қалай түсінесіз?

8. Көрнекті қалам қайраткерлерінің сөз өнері туралы айтқан пікірлеріне сипаттама беріңіз.

9. Деталь дегеніміз не?

10. Көркемдік детальға мысалдар келтіріңіз.

11. Орыс жазушыларының сөз өнеріндегі образ және образдылық жайлы айтқан пікірлеріне сипаттама беріңіз.

12. Қазақ жазушыларының сөз өнеріндегі образ және образдылық жайлы айтқан пікірлеріне сипаттама беріңіз.

# ӘДЕБИЕТТІҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ МЕН ҰЛТТЫҒЫ

## ЖОСПАР:

1. Өнер және қоғамдық шындық. Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы.
2. Әдебиеттің халықтығы, ұлттық сипаты жайлы ой-толғамдар.
3. Кеңес ойшылдарының әдебиеттің халықтығы үшін күресі.
4. М.Әуезов Абайдың халықтығы жөнінде
5. Кеңестік әдебиеттану ғылымы өнердің, әдебиеттің халықтығы туралы мәселеге бүгінгі көзқарас.

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы. Бірақ ол өмірдің көшірмесі емес. Өмірде не болса, соның бәрі көркем шығармаға өзек оқиға болып ене бермейді. Жазушы өмірдегі сан алуан шындықтан өзінің суреткерлік мақсатына керегін ғана таңдап алып, шығармасына арқау етеді.

Қаламгер өмір құбылыстарын өзі өмір сүріп отырған қоғамдық орта белгілеген дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарас тұрғысынан саралайды. Таптық қоғамда тіршілік еткен жазушының көзқарастарында таптық сипат болады. Өйткені әдебиетші "қоғамда өмір сүре отырып, қоғамнан тысқары бола алмайды". Ол өзі қаласын, қаламасын – бәрібір белгілі бір "таптың көзі, құлағы мен үні" (Горький). Осы мәселеде бір-біріне кереғар түсінік бар.

Бірі – әдебиеттің таптығын жоққа шығару. Олардың айтуынша әдебиет тіршілік "күйбеңдерінен" биік, тұрмыстан аулақ, саясаттан тыс, "өнер өнер үшін ғана" болуы тиіс. Өмір көріксіз нәрсе. Ал әдебиет – әдемі зат. Әдебиеттің мақсаты - өмірдің әлгі бір олқылығының орнын толтыру. Бұны әдебиеттің қоғамдық қызметін жоққа шығару деп Белинский кезінде қатал сынаған болатын. Өйткені әдебиет қоғамдық мақсатқа қызмет етеді.

Сондай-ақ В.Г.Белинский "өнер өнер үшін" дегеннің жалған екенін дәлелдеп: "Қазіргі шындыққа сәуле түсірмеген кез келген поэзия ерікkеннің ермегі, қуыршақ ойнау қуыс кеуде кісілердің ісі", – деп атап көрсетті.

Екіншісі – біріншіге қарама-қарсы – әдебиеттің таптығы дегенді тым саяз, шолақ түсіну, жалаң, жайдақ уағыздау. Бұндай ұғымдағылар әдебиетті де, әдеби шығарманы да эстетикалық табиғаты мен көркемдік қасиетінен жұрдай ғып, жалаң идеяға жаршы етіп қояды. Бұл – тұрпайы социология. Мұның зияны да жоғарыда айтқандай, кертартпа идеалистерден кем емес.

1953 жылы М.Әуезовтің "Абай" романы хақында" деген мақалада ұлы жазушыға тағылмаған айып қалмады, классикалық эпопеяның "тас-талқаны" шығарылды. Онда, ең жеңілі, Абай неге "бай-феодал жастарының ортасында, мақсатсыз, қарекетсіз, уақытын босқа өткізіп жүр", "бай ауылдың молшылығы, Бөжейдің асы неге көркем суреттелген", "ескі ауылдың қыздары ылғи сұлу болатыны несі" деген секілді тіпті сын көтермейтін "сын пікірлері" тізбектеле келіп, ақыр аяғында "М.Әуезов төңкеріске дейінгі қазақ ауылындағы тап қайшылығының тігісін жатқызып… бүркемелеп көрсетті", – деген байлау жасалды. "Бір-біріне өзара жауығып жүрген әр түрлі рулар ғана, күрес кедейлер мен байлар арасында емес, рулар арасында жүріп жатады".

Бұл – барып тұрған солақай сыңаржақ пікір. XIX ғ. шындығын суреттеп отырған М. Әуезов аталған романда ру мен ру арасындағы қайшылықтар мен тартыстарды көрсетпегенде нені көрсетуі тиіс. Қолдан баррикада жасап, бір жағына капиталистерді, бір жағына пролетариатты қойып, оларды өзара ашық шайқасқа көшірсе кім сенеді? XIX ғасырда қазақ даласында сондай шындық болды ма?

Кеңестік дәуірде етек алған тұрпайы социологиялық таным әдебиеттің таптығын бұлжымас заң етті. Кеңес жазушылары осы заң шеңберінен шықпауға тиіс болды. Бұл заң уақыт өте келе заңсыздыққа айналды. Шеңберге сыймағандар кеңес жазушылары қатарынан аласталып, қуғын-сүргінге түсті. Жоғарыда М. Әуезовтің оның шығармасының тағдыры туралы айтылған

әңгіме бұл сөзімізге нақты дәлел бола алады. Бұл жалғыз М.Әуезовтің басындағы ғана жағдай емес, оның қаламдас аға-інілері мен замандастары А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың т.б. қаламгерлердің басынан өткен зобалаң болатын.

Бүгінгі "жаңаша ойлау" заманында "әдебиеттің таптығы" деген ұғым творчествоның еркіндігіне тұсау ретінде күн тәртібінен алынып тасталды.

Әдебиеттің таптығы әдеби шығармадағы шындықтың шынайылығына, қаламгердің шеберлігіне тікелей байланысты.

Әдебиеттің таптығының жоғары түрі-әдебиеттің халықтығы.

Әр ұлттың тарихи тағдырына сай, туған топырағына, өсіп-өркендеген табиғи ортасына лайық мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, салт-санасы қалыптасатыны мәлім. Мұны бәрі әр ұлттың зіне тән өзгешеліктерін-сыртқы түріндегі ғана емес, ішкі сырындағы айрықша сипаттарын белгілейтіні хақ. Дегенмен, ұлттық сипат халықтық сипатқа нық байланысты бола тұра оған дәлме-дәл келе бермейді, оған балама бола алмайды, оның орнын  ауыстыра алмайды. Ұлттықтың ең таңдаулы сипаттары ғана-халықтық мәнге ие болады.

"Әдебиеттің партиялылығы" деген де осы әдебиеттің таптығына жақын тіпті содан туындайтын ұғым. Әдебиеттің тұтас бір таптың мүддесін көздеуін былай қойып белгілі бір топтың мүддесін көздеуі әдебиеттің партиялылығы деген ұғымға саяды.

Сондықтан да біздің әдебиеттануда әдебиеттің партиялылығы әдебиеттің таптығының жоғарғы түрі деп танылып, екеуі өзара тығыз байланыста зерттеліп және зерделеніп келді. Бұл теория іс жүзінде кеңес әдебиеті мен әдебиеттануының туу және қалыптасу барысында XX ғасырдағы жүз жылдық тарихының негізіне іргетас боп қаланып, кеңес халқының күллі көркемдік дамуына қозғаушы күш ретінде қаралды.

Қазіргі заман да жаңа, қоғам да жаңа. Дәуір өзгерді: кеңес үкіметі ыдырады, Цензура жоқ. "Партиялық тапсырма" да жоғалды. Әдеби

шығарманың тақырыбы әр суреткердің таңдауына, танымы мен талғамына лайық болса, идеясы кеңестік идеологияға сай болуы шарт емес.

Әдебиет – партиялық іс емес, таза ардың ісі, әрбір туындының қадір-қасиеті, идеялық құны оның көркемдігіне, тек қана көркемдігіне, сол көркемдік деңгейін белгілейтін қаламгердің суреткерлік шеберлігіне ғана байланысты.

Мынаны ескеру керек: жарық дүниеде өмір бар да өнер бар. Өмір өнерге көшкенде ғана өмір, әйтпесе ол – бүгін бар, ертең жоқ уақытша пенде секілді өткінші. Ал өнер мәңгілік!

Ілгерішіл әдебиет пен өнер әрқашан өмірдің мектебі, шындықтың шежіресі, болашақтың болжаушысы.

Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады. Шын мәніндегі өнерде халық даналығының таңбасы жатады. Өнердің жасампаз күші де оның халықтан туған, халық қажетіне жарауында жатыр. Жер бетінде халық бар болатын болса, халық өмірімен біте қайнаған, халық мақсатына қалтқысыз қызмет ететін өнер де болады. Әдебиет пен өнердің халықтығын осы тұрғыдан таныған жөн.

Халықтық деген ұғымды тұңғыш рет XIX ғасырдың бас жағында П.А.Вяземский ұсынды. Халықтық деген ұғым туралы пікірлер әр қилы болып келді. Оны тұрлаулы түсінік ретінде қалыптастырған В.Г.Белинский болды. Оның түсінігінше, әдебиеттің өзі бәрінен бұрын  “халық санасы”, “халық рухы”. Халықтық – әдеби шығарманың терең мазмұнында жатқан түсінік.

Халықтық сипат ең алдымен белгілі бір көркем шығармада бүкіл халықтық мәні бар мәселенің көтерілуінде жатады. Мысалы, Абай өз шығармаларында туған халқының, сол халық өмір сүрген заманының  ең келелі мәселелерін көтеріп отырды. Ұлы ақын өзі өмір сүрген қоғамдық ортадағы керенаулық пен кеселді, надандықты, оспадарлық пен опасыздықты

сынау арқылы қазақ даласындағы феодализмнің дағдарысын көрсетті. Бұның өзі бүкіл халықтық күрделі мәселе болатын.

Халықтықтың екінші шарты – көркем шығармада көтерілген келелі мәселені халық мүддесіне сай шешу. Ұлы Абай өзінің барлық шығармалары арқылы оқушы жұртты алға, арманға бастады, жарқын келешекке шақырды. Жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа сүйіндіре келе биік мұратқа мегзеді.

Халықтықтың үшінші шарты – көркем шығарманың халыққа жетімді, түсінікті болуы. Талант неғұрлым ірі болса, соғұрлым қарапайым, көркем шығарма неғұрлым шебер жазылса, соғұрлым ұғынықты болатыны мәлім.

Әдебиеттің халықтығы – тарихи категория. Прогресшіл адамзаттың жалпы көркемдік даму тарихының әр кезеңінде бұл ұғым әр сипатта болды. Мұны бір тұста Пушкин де ескерткен: "Бірқыдыру уақыттан бері біздің арамызда халықтық жайлы сөз қозғау, халықтықты талап ету, халықтықтың жоқтығына қынжылу әдетке айналды. Бірақ халықтық деген сөздің мағынасы не? Оны анықтау ешкімнің ойына келмей жүр."

Сонымен, әдебиеттің халықтығы – оның халықтық ірі мәселелерді халық мүддесіне сай шешіп халыққа жетімді жинақтап жеткізу.

М. Әуезов Абайдың халықтығы жөнінде былай дейді: Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды. Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың баяғы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы. Абай өзінің ақындық творчествосында өз халқының осындай асыл қазынасын толық пайдаланды, оған түр енгізіп, жаңа бағыт беріп, осының арқасында өз поэзиясын байытып, дамыта түсті.

З. Ахметов көркем әдебиеттің бастау көзі-халықтың сонау ерте дәуірлерде шығарған өлең жырлары, мақал–мәтелдері, нақыл сөздері, аңыз ертегілер екендігін айтты.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы қалай білінеді?
2. Суреткердің өнер туындысын бағалау критерийлері не?
3. Шығарманың халықтығының негізгі шарттары не?
4. М.Әуезов Абай шығармаларының халықтығы туралы?
5. Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы қандай болуы тиіс?
6. Өнер туындысын бағалаудың критерийлері туралы не айтуға болады?
7. Өнер мен әдебиеттегі халықтық ұғымы қалай пайда болды?
8. Оның тарихи категория екендігін дәлелдеңіз.
9. Әдебиеттің халықтығы ұлттық сипаты жайлы қандай ой- толғамдар бар?

**Тапсырмалар:**

1. Белинскийдің әдебиеттің халықтығы үшін күресіне сипаттама беріңіз.
2. М.Әуезов Абай шығармаларының халықтығы жөнінде қандай пікірлер айтқанына сипаттама беріңіз.

# КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕ ОБРАЗ ЖӘНЕ ОБРАЗДЫЛЫҚ

## ЖОСПАР:

1. Көркем бейне туралы түсінік, оған қойылатын талаптар.
2. Сөздегі суреткерлік, оның жасалу тәсілдері.
3. Өнердегі типтілік мәселесі, типтендіру процесі.
4. Көркем бейне жасаудың негізгі жолдары (портрет, мінездеу, кейіпкер тілі, монолог, диалог).

**Көркем бейне** – көркемөнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем образда екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылы түрде көрсету - осы екеуі іштей астасып, қабысып жатады. Көркем образ – әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі. Әдеби шығармадағы адамның көркем образы алсақ, оның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат-белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушы типтік қасиеттерді, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктерді айқын танытады.

Реалистік көркем бейне типтендіру тәсілімен жасалады. Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктеп алып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді. Сонда кейіпкердің кескін-тұлғасы, характеріндегі жекелік, көпке ортақ жалпылық қасиеттері де жалқылық ерекшеліктерімен қатар, айқын бедерленеді.

**Көркемділік** – өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы, дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суреттілік, бейнелілік, өрнектілік. Бұл – суреткердің өмірдегі әдемілікті көре білуі, шебер бейнелеуі, ой сезімін, толғанысын әсерлі жеткізуі, қиялға байлығы, шығарманың күллі суреттегіш, бейнелегіш құралдарының іштей жарасым-үйлесімі, мазмұн мен пішінінің тұтастық-бірлігі.

Көркемдік шындық – өмір шындығының жазушының ой елегінен, творчестволық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы; жазушының өмірдегі шындықты кең толғап түсінуі, терең сезінуі, оған өз қатынасын білдіруі арқылы туатын нәрсе. Көркем бейне әдіс тұрғысынан реалистік және романтикалық образ деп, тек тұрғысынан эпикалық, лирикалық, драмалық образ деп жіктеледі.

**Образ** - Ол "… эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті";

Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, яғни суреттілік, суретті сөз, сөзбен салынған сурет образ деп аталады.

**Әдеби қаһарман** - Тарихи орта сипатын айғақтап, халықтық үлгіде тәрбиелі қасиеттерді жеткізуші, жан-жақты сомдалған толыққанды образ, бас кейіпкер, әдеби қаһарман деп аталады. Ол әдебиеттің идеялық-эстетикалық роліне сай заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы, автор идеясын жүзеге асыратын бейне болып табылады.

Әрқашанда жақсылық, әділет үшін күресіп, халық махаббатына бөленген Ахиллес, Прометей, Геракл, Муромец, Алпамыс, Қобыланды сынды образдар – әдеби қаһарманның үздік үлгілері.

**Әдеби характер** - Кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі, жазушы шеберлігі арқылы көрінетін әр кейіпкердің өзгеше рухани әлемі, жан сыры, идеалы,

күрес мақсаты әдеби характер арқылы көрінеді. Ол характер деп те аталады. Ол әдеби шығармада күрес-тартыс үстінде, кейіпкердің іс-әрекеті, ой-ниеті, мақсат-тілегі арқылы көрініс тауып, анық танылады.

**Ұлттық характер -** Әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі, жалпы адамдарға тән дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау және олардың әдебиет пен өнер туындыларында айрықша көрініс табуы ұлттық характер деп аталады. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасқан тарихи категория болып табылады.

**Көркемдік ойлау -** Өнер туындысын жасайтын және одан эстетикалық нәр алып қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше түрі, дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет көркемдік ойлау болып табылады.

Образдылық, сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл күй, қиял арқылы жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі;

Көркем сананың эмоциялық белсенділігі, эстетикалық сезімнің кемелдігі, сергектігі, тез, шапшаң шабыттану, болжағыштық, тұтанғыштық, ықтималды ойлау қабілеті.

## Типтік бейне ерекшелігі

Суреткердің өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тану, таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралуы типтендіру болып табылады.

Демек, типтендіру-мөлшерлі «сфераға» енетін, өлшеулі «формулаға» көнетін әрекет емес, ақиқат өмірдегі тірі кісілерден әдеби шығармадағы жанды бейнелер туғызудың аса қиын, күрделі және әрқашан тың, тынымсыз харекеті. Суреткер өзі жасаған көркем бейненің құны мен қасиетін оның өмірдегі жанды дерегіне қарап белгілейді. Жазушының тип жасау үстіндегі

көңіл аударатыны-типтілік туралы «қисын» емес, тірі мүсін-прототип. Суреткер бір типті бірнеше прототиптен жинақтап жасайды.

Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек, оқшау танытып тұратын, тек оның өзіне ғана тән, өзгелерде жоқ және қайталанбайтын психикалық ерекшеліктері болуы шарт. Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті әрқашан оның адам мінезін даралау әрекетімен ұласып, ұштасып жату себебі де сондықтан деп түсіну керек.

Мінез-адамның ішкі болмысы. Белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.

…Нағыз суреткердің қолынан шыққан әрбір әдеби тип әрі әбден жинақталған, сондықтан өзінен өзге ешкімге ұқсамайтын жалқы тұлға. Демек, типтің түрі мен мазмұнында «жалпы» мен «жалқының» бірлігі жатыр.

«талантты жазушының әр образы-тип» дейді Белинксий.

Көркем әдебиеттегі типтік образдарға қарап отырып белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі қоғамдық дамудың негізгі және шешуші тенденциясын байқауға болады. Мысал, қазақ қоғамының өткен ғасырдағы ұнамды қасиеттерінің бір алуанын М.Әуезов Абай тұлғасына жинақтап, тұтастыра танытқан десек, осындай С.Мұқанов Асқар образы арқылы көрсетті, Ғ.Мұстафиннің мейрамы-адамдардың елімізді индустрияландыру кезіндегі елеулі ерекшеліктерін тұтастырылған тұлға болса, Ғ.Мүсіреповтің Қайрошы-адам рухының соғыс жылдарындағы лап еткен айрықша бір көрінісі секілді.

Бұлардың әрқайсысы әр тұстың типтік тұлғасы, өзгеге ұқсамайтын тек өздеріне ғана тән өзгеше мінез-құлық, іс-әрекет, болмыс-бітім бар. Десек те осыларда рухани ұқсастық, парасат тұтастығы бар. Бұл-адамдық рух тұтастығы, қоғамдық, даму толассыздығы.

Көркем әдебиеттегі жинақтау типке әкелсе, даралау-мінезге әкеледі. Образ осылай туады. Демек, мінез—адамның ішкі бітімі болса, тип-сом тұлғасы.

**Көркем бейне жасаудағы негізгі тәсілдер**

Әдебиетте адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері көп және әр алуан. Жазушы шын мәніндегі шебер, зергер болса, сонда ол қолданған әрбір амал адам образын ашуға қызмет етеді. Оқырман өзі оқыған белгілі бір көркем шығармадағы  геройлардың мінезінбіліп, сөзін ести тұра оның сырт пішінін, кескін кейпін де көргісі келеді. Міне, осыдан барып портреттік тәсілдің қажеттілігі пайда болады.

Бейнелеу өнеріндегі портрет өзгермейді де қозғалмайды, қашан көрсең де бір қалыпта тұрады.

Ал сөз өнеріндегі портрет, керісінше, бір қалыпта тұрып қалмайтын, өзгеретін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін. Сонымен, портрет дегеніміз-(франц. Рortrait-бейнеленген)-кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу. Кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің де үлкен мәні бар. Сондықтан кейіпкердің характерін әр түрлі жағдайда, күрес тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасы, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттауға да көңіл бөледі. Жазушы негізгі қаһармандардың келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді. Мыс: «Абай жолы» романында Тоғжанның портреті былай суреттеледі: «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кететепін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшәт бөрік, білек толы неше білезіктері-баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабатын жетдеттей.

Тоғжан үйдегі сөзге құлақ салып, не күліп, не қымсына, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды. Елбіреп барып дір еткен қанат лебіндей. Самғап ұшар жанның жеңіл әсем қанатындай. Биікке, алысқа мегзейді. Абай көпке шейін Тоғжан жүзінен көзін ала алмай, телміре қарап қояды».

Жазушы іс жүзінде кейіпкер мінезін әр түрлі тәсілмен жасайды. Соның бірі тура мінездеу. Мысалы: Ә.Нұршайықовтың «Қан мен терінде» Ақбаланың әкесі Сүйеуді былай суреттейді: «Сүйеу-ел ішіне сыйымсыз, тікбақай, тентек шал. Өз үйінде да жыландай ысқырып отырады… Бір ғажабы, осы қытымыр, қатал шал дегенде Еламанның жаны жоқ. Еламанға Сүйеу қарттың да ықыласы басқа. Күйеу баласын «балықшы» деп атап, оған айтқан бар сөзін әзілге шаптырып, осқырынып күліп отырады. Жақсы көріп, әлде шынымен жек көріп, кекетіп отырғанын айту қиын». Бұл-тура мінездеу, Сүйеудің осы мінез-құлқы шығарманың өн-бойында бұлжымай, айрқша сипатта қалады.

Тағы бір тәсіл-жанама мінездеу. Мұнда жоғарыдағыдай төтеден сипаттау болмайды. Жазушы мінез-құлқын, әдет-ғұрпын анықтағысы келген жеке адамның немесе бір топ адамның өзі емес, соның қатысы бар өзге заттарды суреттеу арқылы әлнігің өз құлқын не ғұрпын айқындайды. Мысалы: Ғ.Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесінде» ең қадірлі қонақ қабылдайтын үлкен үйінің сиқын суреттеу арқылы Жаңбыршы аулындағы бір рудың мінезін аңғартады. Мұндай мінездеу жанама мінездеу деп аталады. Әдебиетте адамның көркем бейнесін суреттегенде, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді анық байқалатындай етіп көрсетеді. Бұған суреткер кейіпкерді сөйлету арқылы қол жеткізеді. Кейіпкер тілі арқылы оның психологиялық ерекшелігі, өзіндік бет-бейнесі ашылады. Оның сөйлеген сөзінен өзінің қандай екені байқалып тұрады.

Көркем бейнені жасауда психологиялық параллелизм тәсілі де жиі қолданылады. Мұнда адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып

көрсетуге айрықша мән беріледі, екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелейді. Екі түрлі ұғыды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас поэтикалық бейне тудырады.

## Тип, типтілік, типтендіру

Суреткердің өмір шындығын өз дүние танымы тұрғысынан таңдап іріктеуі, жинақтауы;

Жазушының белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік ортаға сай көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы;

Әдеби шығармада жанды бейнелер туғызудың күрделі, тынымсыз харакеті;

Әбден жинақталған жалпы әрі әбден дараланған жалқы тұлға;

Өзі секілділердің бәріне ұқсайтын әрі өзінен өзге ешкімге

Ұқсамайтын дара тұлға;

Әдебиеттегі бір адам арқылы өмірдегі мың адамды бір-ақ қамтып таныту.

Көркем бейненің жасалуында қолданылатын негізгі суреттеу тәсілдеріне портрет, мінездеу, кейіпкер тілі, монолог және диалог жатады.

**Портрет** (франц. *Portrait* - бейнеленген) – бір қалыпта тұрмай-тын, өзгеретін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін; әдебиеттегі адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын суреттеу, яғни әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой тұлғасын суреттеу; адамның бет-әлпетін тұтас бейнелемей, көбінесе жекелеген ереше-ліктер, есте қаларлықтай сипат белгілер, көркемдік детальдар арқылы көрсету.

## Мінез, тура және жанама мінездеу

Мінез дегеніміз адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы; ішкі бітімі, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.

Тура мінездеу – кейіпкердің ішкі бітімін бар болмысымен төтеден сипаттау. Ал жанама мінездеу дегеніміз кейіпкердің ішкі болмысын соған қатысы бар өзге заттар арқылы суреттеу.

**Адамның сезімін, күйіну не сүйіну халін суреттеу** дегеніміз–адамның ішкі тұңғиық тереңін, адамға тән құштарлықтың құпиясын ашу; адам психологиясының көзге ілінбес нәзік қалтарыстарын қопара көрсету, сондай-ақ әдеби образды оқырманның жан жүрегін баурап алар құдіретті күшке ие ету.

**Монолог** (грек.*monologos, mono*-бір, *logos*-сөз) – әдеби шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл-күйін білдіретін толғау сөз. МҰнда кейіпкердің өзімен-өзі сырласқандай ойланып, толғанғандай болып айтатын, адамның ішкі сырын, көңіл-күйін, психологиясын терең ашып көрсетуге ыңғайлы сөзі беріледі.

**Диалог** (грек.*di* - екі *logos* - сөз,)**, сөйлестіру** – әдеби шығармадағы екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі; әдеби шығармадағы кейіпкерлерді сөйлестіру тәсілі; шығармадағы тартыс-қақтығыстардың шиеленісіп-өрістеуімен тығыз байланысты кейіпкерлер сөзі; жазушының әр кейіпкерді мінез-бітіміне, ой-өрісіне орай сөйлетуі.

**Пейзаж** (франц. *Pays* - ел, жер) – әдеби шығармадағы жара-тылыстың әсем көрінісі,көркем бейнесі; табиғатты адамның көңіл-күйімен астастыра суреттеу; кейіпкер басындағы қуанышты я мұңды күйлерге ыңғайлап, уақыт пен кеңістіктің дерегі болып табылатын қоршаған ортаның әр алуан сипатын беру.

Адамның әлдебір күйініш-сүйінішін, кескін-кейпін, қимыл-әрекетін суреттеу оның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру, тіпті түрліше табиғат көріністерін суреттеу..-осылардың бәрі, сайып келгенде, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу үшін, яғни көркем бейнені жан-жақты сомдау үшін керек тәсілдер .

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Өнердегі типтілік, типтендіру процесі деген не?
2. Тип пен прототиптің арақатынасы қандай?
3. Образ жасаудың портрет, мінездеу секілді жолдарына сипаттама беріңіз.
4. Образ жасаудағы ішкі монолог пен диалогтың және пейзаждың қызметі қандай?
5. Әдебиет туралы ғылымның ең негізгі мәселесі не?
6. Көркем әдебиеттің оқырманға әсер ету күші қандай және оның негізі не?
7. Әдебиеттегі деталь мәселесін қалай түсінесің?
8. Суреткердің адамның ішкі болмысын таныту жолдары қандай?
9. Тип және типтендіру дегеніміз не?
10. Әдебиетте адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері қандай?
11. Көркем бейненің оқырманға ықпалы жөнінде не айта аласың?

## ОБРАЗДЫҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

### ЖОСПАР:

1. Көркемдік қиял, творчестволық фантазия, ойдан шығару.
2. Образ және образдылық
3. Образ жасаудың тәсілдері.
4. Жасалу тәсілдеріне қарай образдардың түрлері.

Баяғы Аристотель заманынан күні бүгінге дейін адамнан және оның өмірінен тыс ешқандай сөз өнерінің де, өнер туындысының да болмайтыны дәлелденуде, бұл-дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Өйткені, өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн-адамның ойы, арманы, мұраты, құштарлығы; өнер туындысының қай түрі болсын, әрқайсысы өз мүмкіндігінше өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен маңызын суреттейді.

Әдебиет туралы жалпы түсініктердің бәрінің келіп құйылар арнасы, әдебиет туралы ғылымының ең басты және негізгі мәселесі-образ және образдылық.

Әдебиеттегі адам бейнесін жасаудың шешуші шарты-ойдан шығару.

Ойдан шығару-образға апаратын жол; суреткердің өмірде көрген білгенін ойша өңдеудің, қорытудың, жинақтаудың тәсілі.

Ойдан шығару арқылы жазушы болашақ көркем бейненің эскизін алдымен өзі ойша жасап, көз алдына ойша елестетеді. Суреткердің (көз алдына) өз ойында нақты түрде мүсінделмеген, көз алдына затты түрде елес бермеген бейне оның шығармасында тірі қаһарманға айналуы мүмкін емес. Көркем таланттың айрықша құпиясы мен күйі суреткердің өз жасамақ болған

көркем бейненің кескін-кейпін түр-тұлғасын өзінше көре білу қабілетіне осыған орай қиял құпиясына ойдан шығара білу күшіне байланысты.

Сонымен творчестволық фантазия яғни ойдан шығару шығармада суреттелр шындықтан шалғай жатқан оқыс нәрсе емес сол шындықты сұрыптау саралау тәсілі: шындыққа

суарылған адам тұлғасын әрі жинақтау әрі даралау тәсілі образға апарар жол осылай басталады.

Образдың қазақшасы-көркем бейне ең қарапайым мағынасында образ-суреттеу сөз.

Көркем әдебиеттің оқыған адамды баурап алар, оның жан дүниесіне әсер етер құдіретті күші оның образдылығына байланысты. Мысалы:

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлатып әр нені.

**(Абай)**

Елсіз жер…еңіреген інген інгенде күй.
Селеулер жел оятқан билеген би.
Аулақта қорқақ қоян зар тыңдаған,
Тұқырып қала берген шеңгел мен ши.

**(І.Жансүгіров)**

Суреткердің шеберлігінің арқасында жансыз табиғатқа жат бітіп тұрғандай!

Түп төркіні бейнеден, суреттен шыққан әр сөз өзара қатар түзеп, тіркес құрағанда осылай қиял жетпес қызық айнаға ұқсап, оның бетіне ақиқат ындықтың өзгеше айшық өрнегі, сурет-сәулесі түскендей болады.

ҚызЖібектің ақтығы,
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы, Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары,
Жазға түскен сағымдай.

Білегінің шырайы,
Ақ балтаның сабындай
…Оймақ ауыз,құйма көз,
Іздеген ерге табылды-ай!

Мұндай жан тебірентетін әсерлі бейне ауыз әдебиетіне жарасып тұр. Ал қазіргі жазушы өзі суреттеп отырған әйелдің бейнесін жоғарыдағыдай бейнелесе күлкі болар еді.

Суреткердің өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді қиял арқылы елестету қабілеті;

өмірде кездесетін, болуы мүмкін құбылыстарды ойша елестетіп бейнелеп көрсету, яғни адам бейнелері мен өмір суреттерін түгелдей ойдан шығару, шындықты сұрыптау, саралау;

ғажайып сипаты бар, болмыста дәл сол қалпында кездеспейтін, тек қана елестетуден туған көркемдік бейне жасау.

Суреткердің өмірде көрген-білгенін ойша өңдеу, қорыту, жинақтауы;

Суреттелер шындықты сұрыптау, саралау;

Шындыққа суарылған адам тұлғасын әрі жинақтау, әрі даралау тәсілі.

Образдың жасалу тәсілдеріне лайық образдаудың түрлері туады. Образдардың жасалу тәсілдерінің әр алуандығы сияқты, оның түрлері де әр алуан. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі: роматикалық образ және реалистік образ болып келеді. Ал, әдеби тек тұрғысынан келгенде, образ үш түрлі: эпикалық образ, драмалық образ. Сондай-ақ, жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, образ тағы да бірнеше түрлі болады: юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ т.б.

**Романтикалық образ** – негізінде қиял жататын образ. Баяғы көне дүние әдебиетінде, мифте, ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Бұл – өмірде қазірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделген образдың түрі, яғни биік арманға құлаш ұрған кейіпкер.

**Реалистік образ** – әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, шынайы түрі; қолмен ұстап, көзбен көргендей затты әрі жақын, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қоршаған ортасы, басынан өтетін оқиғалары бәрі өлшеулі, бәрі мөлшерлі образ. Мұнда өмірде болатын, үнемі кездесетін, нақтылы іс-әрекеттермен көрінетін бейне суреттеледі. Бұл – өмірдегі бірнеше адамнан жинақталып, творчестволық қиялға суарылып шығарылған типтік образ.

**Эпикалық образ** – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип; көркем бейне жасаудың портрет, мінездеу, диалог, монолог және т.б. амалдары көп қолданылып жасалатын образдың түрі; адамның кескін-кейпін, ішкі дүниесін, іс-әрекетін кең суреттеп, мол көрсететін,терең әрі жан-жақты танытатын образ.

**Лирикалық образ** – сыршыл өлең жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер, оның субъективті көңіл-күйінен, сан иірім сұлу сыры мен сезімі арқылы жасалатын образ; адамның аса терең нәзік ашылатын ішкі сыры, мінез-құлқы, жан-тынысы айрықша әсем айшық табатын образдың түрі.

**Драмалық образ** – өмірдің өз аясында, сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын; тірілермен тірілерше дидарласып, оларды қолма-қол күлдіріп не жылатып, тікелей ықпал жасап, тебірентетін; шиеленіскен тартыстар мен қым-қиғаш қимыл-әрекеттер арқылы жасалатын образ.

## Образ жасаудың тәсілдері

**Юмор** – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі; адамдардың, кейіпкерлердің кейбір қылықтарын зілсіз әжуалау. Юмор жұртқа тиер зияны жоқ құбылыстар мен әрекеттерді жай ғана көңілді күлкіге айналдыру арқылы көркем шығармаға өзгеше эмоциялық жылылық, жарқын, жайдары шырай береді.

**Сатира** – өмірдегі керексіз, кесір құбылыстарды қаза қопару, қағып-сілкілеу; келеңсіздікті, кері кеткендікті көптің алдында мысқылмен түйреу, сықақ ету. Сатира арқылы суреткер өмірде кездесетін зиянды жайттарды, қулық пен сұмдықты екіжүзділік пен мансапқорлықты аяусыз әшкерелейді. Сол арқылы күні өткеннің, тозып біткеннің кедергіге айналғанын аңғартып, адам бойынан жиреніш шақырады.

**Кекесін (ирония)** – сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, бірақ оған қарама-қайшы мағына беру, сөйтіп ойды әзіл-қалжыңмен зілсіз айту тәсілі. Бұл – жағымды, жылы сөздермен жағымсыз мінез, іс-әрекеттерді көрсететін тапқырлық; қарама-қайшы жайларды тартыстыру арқылы ойды жасырын түрде жеткізе білетін шеберлік; жоқ жақсылықты өп-өтірік бар ету арқылы әдейі сол нәрсенің орнын ойсырата көрсету, объектіні тәлкек ету; кемшілікті, мін-мүлтікті астарлап, перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету.

**Мысқыл (сарказм) өлең** – ащы кекесінді көбінесе бүкпелемей, сыпайыламай, ашық, тура айтатын өлең; әзілінен әшкерелеуі, әсірелеп шенеуі басым келетін өлеңді шығарма; бастан-аяқ өткір уытты сөз, сайқымазақ және күлдіргілі кекесін араласып келіп отыратын өлең. Мұнда объектіні тәлкек етіп қана қоймай, оның дәрменсіз бейшаралығын кіріптар күйкілігін, құр кеуделігін әшкерелейді.

## Жасалу тәсілдеріне қарай образдардың түрлері

**Фантастикалық образ** – қиялдан туған қаһарман, адамның ақиқатқа ұқсас арманында бедерленген, көпке ортақ биік мақсаттарға, асқақ армандарға, асыл мұраттарға тамыр тартатын, әр қиялдан ғана тумайтын бейне. Бұл–халықтың тілегі, арманы адамның табиғатқа ие болу, табиғатты өзіне бағындыру, адамның күшті болуы ниетінен туған образ.

**Трагедиялық образ**–адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрестен, адам жеңіп болмас ауыр жайларды әдеби шығармада жинақтаудан

туатын образ. Ол өмірде де, өнерде де юморлық, сатиралық құбылыстарға қарама-қайшы қатерлі, қайғылы жайларды, қазаны бастан кешеді. Көбінесе әділет үшін күресетін, зұлым күштердің зорлығына мойынсұнбайтын, сол жолда опат болуға әзір. Көп жағдайда арманына жете алмай опат болса да, басқалардың кеудесіне үміт отын тұтатып, батыл күреске үндейді. Бұл – мұрат, мақсаты жолында әр түрлі кедергіге ұшырап, тұйыққа тірелетін көбіне өмірін өліммен аяқтайтын образ.

**Геройлық образ** – ұнамды кейіпкер, адамға тән небір тамаша сипаттардың синтезі секілді сом әрі өз дәуірінің ең аяулы, асыл мұраттарынан туған тарихи тұлға. Бұл – өз дәуірінің шындығы мен сипатын сәулелендіретін типтік тұлға, ұнамды қаһарман; өз тағдырының билігін өз қолына алған, дүние тұтқасын ұстаған азат, сара сананың адамы; қоғамдық, адамдық биік мақсат жолындағы өрлік пен ерлікке ие қайсар қаһарман. Еңбек пен күрес адамының көркем әдебиеттегі ең көрнекті типі, лұғатты түрі, биік үлгісі.

Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады.

Шындықты көркем жинақтау жайлы әр тарап пікірлер бар. Дұрысында, типтендіру деген – суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүние танымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған бейнені сомдауы даралауы болып табылады. Басқаша айтсақ, ақиқат өмірдегі тірі кісілерден әдеби шығармадағы жанды бейнелер туғызудың аса қиын, күрделі әрқашан тың, тынымсыз қарекеті. Суреткер өзі көркем бейненің құны мен қасиетін қасаң қағидаға қарап белгілемейді. Оның өмірдегі жанды дерегіне қарап бағалайды.

Жазушыға тип жасау үшін керегі – тірі мүсін, прототип (грекше prototypon - түп, төркін бейне). Жазушының өмір шындығын көркем

жинақтауы, яки әдеби бейнелерді типтендіру әрекеті, көбіне, әр типке прототип табудан басталады.

М. Әуезов эпопеясының әр типінің өмірде моделі – прототипі болған. С. Мұқановтың "Ботакөз" романындағы Амантайының түп төркіні – Амангелді, Балуан Шолағы өмірдегі Балуан Шолақтан, Шоқаны – Шоқаннан, Сәкені – Сәкеннен туды. Ғ. Мүсіреповтің Ақаны мен Қайрошы да сондай. Х.Есенжанов, І.Есенберлин трилогияла-рындағы типтер ше? Бәрінің негізінде прототип жатыр. Задында прототип реалистік шығармалардағы көркем бейнелерді нанымды етудің, шындықты шынайылаудың құралы. Дәл осы себептен болуға тиіс, қылқалам шеберлерімен сөз зергерлерінің бірқатары өздері өнерде жасамақ болған типтерге өмірден әдейі прототип іздеген.

Бірақ реализмге дейінгі классицизм мен романтизм өкілдері прототипті көп пайдалана қоймаған. Типтің түп нұсқасын прототиптен табу – шыншыл суреткерлерге тән мінез. Прототип жөнінде орыс әдебиетінен де, қазақ әдебиетінен де қызықты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сонымен прототип дегеніміз – жазушыға тип жасау үшін қажет тірі мүсін; Әдеби кейіпкердің ақиқат өмірдегі негізі.

Бірақ суреткер бір ғана модельмен қанағаттанбайды, бір типті бірнеше прототиппен жинақтап жасайды. Мысалы, С. Мұқановтың "Мөлдір махаббат" романындағы Бәтестің өмірдегі прототипі – Бәтима Мақашқызы және әйелі Мәриям Қожахметқызы, Ж.Аймауытовтың сүйікті кейіпкері Қартқожаның өмірдегі прототипі жазушының замандасы Қартқожа Тоғанбаев пен автордың өзі.

Типтік тұлғаны жинақтау, көркем бейнені даралау процесі, міне, осылай басталады.

Жинақтау үшін суреткерге талғампаздық керек. Жазушы көркем бейнені жасауға керек өмірлік материалдың өзін сұрыптап, саралап пайдаланады. Мысалы, Э.Хемингуэй әдеби творчествоны айсбергке балайды. Айсбергтің 1/7 ғана су бетінде, қалған бөлігі су астында екені белгілі. Қаламгердің

туындысында көрсеткен жайларынан көрсетпеген жайлары әлдеқайда артық, көп болғаны жақсы. Шығармаға қажеті шамалы, “алып тастауға болатын нәрсені бәрін алып тастай берген жөн. Олар су астына кетеді де, біздің айсбергімізді орнықтырып, нық бекіте түседі”, – дейді жазушы.

1957 жылы “Абай жолы” эпопеясын талқылау қорытындысында М.Әуезов те көркем жинақтау, талғампаздық, әдебиеттегі адам бейнесін жасауға қажет материалды сұрыптау жайлы айта келіп: “Төрт том “Абай жолы” үшін жинап, жинақтап және сұрыптап пайдаланған материалымнан әлі де дәл осындай 4 кітапқа жететін материал пайдаланылмай артық қалды”, – деп еді. Талғам жоқ жерде жинақтау, демек типтендіру жоқ. Сонымен, әдебиеттегі шындықты, яки адам образын жасауға қажет өмірлік материалды жинақтау (обобщение) тек типтендіру тәсілімен ғана жүзеге асыралады.

Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырады, оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек, оқшау танытып тұратын, оның тек өзіне ғана тән, өзгелерде жоқ және қайталанбайтын психикалық ерекшеліктері болуы шарт.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1.Көркем бейненің әдеби әдіс тұрғысынан түрлері.

2.Көркем бейненің әдеби тек тұрғысынан түрлері.

3.Көркем бейненің әдеби тәсіл тұрғысынан түрлері.

4. Романтикалық және реалистік образға мысалдар келтір.

5. Эпикалық образдар дегенді қалай түсінесің?

6. Образдардың жасалу тәсілдері жайлы.

7. Жасалу тәсілдеріне байланысты образдардың түрлерін ата.

8. Мифтік және геройлық образдарға мысалдар келтір.

9. Лирикалық образдың қалай жасалатынына мән бер.

10. Қиял мен фантазия туралы не білесің?

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

### ЖОСПАР:

1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні.
2. Көркем шығарманың тақырыбы.
3. Көркем шығарманың идеясы және оның автор дүниетанымымен байланыстылығы.
4. Көркем шығармадағы тақырып пен идея бірлігі.

"Сөз өнері, сөз жоқ, ардың ісі". (М. Шолохов) Ұлы қаламгерлер өздерінің өмірінен бұрын өнер тағдырын ойлаған. Олар ажалмен арпалысып, өмірден өтіп бара жатып та қаламға жабысумен болған. Т.Жароков өлер алдында аурухана төсегінде қиналып жатып, палатадағыларға "Тасқынға тосқын" поэмасын оқыған.

Қ.Аманжолов:

*Өкінбен мен де бір күн өлемін*
*Өкінем ұқсата алмай келемін деп*
*Күніне жүз ойланып, мың толғанам,* – деп толғанған.

Шын мәніндегі өнер туныдысы нағыз өнер иесінен үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Көркем шығарма – нағыз суреткерлік әрекеттің нақты нәтижесі, әдеби еңбектің көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын затты дерегі. Сәтті туынды бір жазушының ғана бүкіл халықтың, бүкіл әдебиеттің табысы.

Шын мәнісіндегі өнер туындысы адам бойындағы асыл да сұлу қасиеттерден түзілер болар. Сонда ғана көркем шығарма қалың көпке белгілі бір халықтың өзіндік өзгеше бітімін, мінезін танытып, оларға өмірдің тың құпиясын ашып бере алады.

“Әдебиет – ықшамдалған әлем” (Салтыков-Щедрин) болса, әдеби шығарма – сол нұрлы дүниенің сырлы бөлегі. Ол - өмірдің өзі секілді күрделі, бұралаңы көп, қия-қалтарысы мол шытырман шындық.

“Шұғаның белгісі”, “Еңлік-Кебек”, “Сұлушаш”… осы шығармаларды оқыған сайын бұрын байқамаған жаңа, соны сыр ұққандай боламыз. Шынайы өнер туындысы оқырманға осылай әсер етеді.

“Көркем шығарманы жазу – әрқашан пішін жағынан өнер табу, мазмұн жағынан жаңалық ашу” – дейді Л.Леонов.

Абайдың *“Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,*
*Сонда да солардың бар таңдамасы.*
*Іші-алтын, сырты-күміс сөз жақсысын,*
*Қазақтың келістірер қай баласы,” – деген немесе:*
*Сылдырап өңкей келісім,*
*Тас бұлақтың суындай…* – деген сөздерінде аса терең мағына бар.

Шынайы өнер туындысының айрықша асыл қасиетін, сыртқы түрі мен ішкі сырының тамаша үндестігін осыдан артық дәл тауып айту қиын. Әдебиеттегі мазмұн мен пішіннің бірлігі дегеннің өзі де осы.

**Мазмұн мен пішін** іргелі философиялық ұғым. Мазмұн мен пішін тек өнер ғана емес, өмірдегі ақиқат шындықтағы кез келген затқа және құбылысқа тән нәрсе.

Мазмұн мен пішін ең алдымен бір-бірімен айрылмас байланыста, бірлікте болады; бірінсіз бірі жоқ, яғни мазмұнсыз пішін жоқ, пішінсіз мазмұн жоқ.

Көркем шығарманың құны мен қасиеті – оның мазмұны мен пішінінің бірлігінде.

**Мазмұн** дегеніміз–шығарманың өмір шындығын, құбылыстарын бейнелі түрде көрсетіп, ой-сезімге әсер беретін мағыналылығы; шығармадағы көркем ой көрігінен түрленіп шыққан өмір шындығы. Бұл – шығарманың

көркемдік тұлға пішініне, өрнек кестесіне, өн бойына қан жүгіртіп, жан бітіретін, өң, нұр беретін идеялық мағыналылық. Қаламгердің өз эстетикалық идеалының тұрғысынан таныған ақиқат өмірі, пішіннің ішкі қасиеті, анықтамасы, яғни мазмұн болып табылады.

**Көркемдік түр (пішін).** Әдеби шығармадағы мазмұн, мағынаның, ондағы ой-сезім байлығының сөзбен мүсінделіп жеткізілген қалпы, әдеби шығарманың композициялық, сюжеттік құрылысы, жанрлық өзгешелігі, сөзбен бейнелеу тәсілдері, яғни тіл кестесі, өлең өрнегі, өлеңге тән ырғақ-интонация жүйесі, шумақ, ұйқас түрлері, өмір шындығы тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі; мазмұнның сыртқы қасиеті, анықтамасы, шығармада баяндалған, көрсетілген уақиға, құбылыстардың көркемдік көрінісі, сөзбен мүсінделіп берілген суреті көркемдік түр болып табылады.

Көркем шығарманың құндылық қасиеті оның мазмұны мен пішінінің бірлігінде. Абайдың "Іші алтын, сырты күміс", "Тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісім" деуі содан.

Мазмұн мен пішін жайында сөз еткенде ескеретін бір нәрсе – бір мазмұнның бірнеше ***пішіні*** болатын. Пішін көркем туындыда белсенді роль атқарады. Шығарма мазмұнының ұтымдылығы да, оқырманға жетімділігі де оның пішініне тығыз байланысты. ***Пішіннің*** көркем болуы – суреткердің шеберлігі болып табылады. Әрбір қаламгер өз шығармасының пішініне айрықша көңіл бөледі. Л.Толстой "Ревизордың" пішіні жайлы былай деген: "Гоголь өз комедиясын дөрекі, осал жазсыншы, оны қазіргі оқығандардың миллионнан бірі де оқымаған болар еді." Бұл айна қатесіз шындық.

Мазмұн мен пішінге қатысты тағы бір ескеретін нәрсе – мазмұнға қарағанда, пішіннің өзгерімпаздығы. Өмірде де, өнерде де солай. Мысалы, махаббат – өмірде болатын тұрақты шындық та, өнерде мәңгілік тақырып. Солай бола тұра қазіргі жастардың махаббатын Ләйлі мен Мәжнүннің немесе Қыз Жібек пен Төлегеннің арасындағы сезімдерше суреттесе, бұлай етуге

келіспес еді. Өйткені осы дәуірдегі мазмұнға ондай пішін сай келмеген болар еді. Бұл мысалдар мазмұн мен пішіннің тарихи категория екендігін дәлелдейді.

Әр жаңа дәуірде көне мазмұн тың пішін тауып, жаңғыртып, жасарады. Әр дәуір өз шындығын, өз мазмұнын ала келеді. Жаңа мазмұн жаңа пішін іздейді. Пішін іздеу бар да, пішінділікке (формализмге) салыну бар. Пішіншілдіктен сақ болған жөн.

Сонымен, әдебиеттегі мазмұн мен пішіннің бірлігі дегеніміз сөз өнеріндегі орасан зор маңызды заңдардың бірі, өнер туындысының көркемдігі үшін ауадай қажет жағдай болып табылады. Көркем шығармадағы мазмұн мен пішіннің бірлігі – оның етене бүтіндігі, эстетикалық бағалылығы.

Әдебиеттегі мазмұн мен пішін дегенді белгілі бір көркем шығармадағы затты деректерге көшірсек, былай болар еді: *шығарманың мазмұны – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да, пішіні – әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, композициясы жазушының өмірді өнерге айналдырған ең негізгі құралы – суретті сөзі, яки көркем шығарманың тілі.*

**Тақырып** өнер туындысының іргетасы болып табылады. Суреткердің өмірден ең алдымен іздеп табары да осы тақырып. Ол творчестволық процестің үш кезеңінің өн бойында тұтас желі тартып жатады. Тақырып – жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыс-тарының тобы, әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы.

Тақырып – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Шығарманың тақырыбын, яғни не жайында айтылатынын, нендей мәселелерді қозғайтынын анықтау сырттай қарағанда оп-оңай сияқты көрінуі мүмкін. Алайда шығарма тақырыбын айқындауға жеңіл, үстірт қарау дұрыс емес. Тақырыпты бірнеше қырынан алып қарастыру кездеседі. Шығарманы

жазудағы автордың ой-ниеті тұрғысынан алғанда, тақырып – алдымен болашақ туындыға арқау болатын мәселелер, қамтитын жағдай, оқиғалардың, суреттелетін өмір құбылыстарының шеңбер-шегі. Ал шығарманы талдау тұрғысынан қарасақ, тақырып – ол шығарманың мазмұнының негізгі бір құрамды бөлшегі, айтылған суреттелген жайлардың қоғамдық өмірдегі маңызды мәселелер дәрежесіне көтеріліп, көркемдік шындыққа айналған қалпы. Яғни, әдеби шығарманың тақырыптық аясына енген жағдайлар өмірдегі алғашқы өз қалпында қалмайды, жазушының түсінігіне сәйкес тиісті мән беріліп, көркемдік шешімін тапқан сурет-бейнелер, маңызды мәселелер болып шығады. Сондықтан тақырыпты анықтағанда тек өмірдегі бар жағдайларды санамалап шығумен немесе жеке мәселелердің маңыздылығын көрсетумен іс бітпейді. Өйткені сол өмір құбылыстарының қай қырынан алынып, қалай бейнеленгенін, қаншалықты ұғымды, әсерлі көркемдік шешім тапқанын айқындаудың мәні зор. Тақырыпты шығарманың тұтас мазмұндық жүйесінен бөліп алып, жекелеп, оқшаулап қарау шартты түрде ғана мүмкін, өйткені шығармада белгілі бір жағдайлар, кейіпкерлер таңдап алынуы, соларға ерекше назар аударылуының өзі-ақ жазушының мақсат-нысанасы мен бағыт-бағдарын аңғартады. Осыдан келіп тақырып пен идея деген ұғымдардың жалғастығы көрінеді. Олар бір-бірімен кірігіп, біріне-бірі реңк беріп, қабысып жатады. Тақырыптың қандай көркемдік шешім табатыны шығарманың идеясымен тығыз байланысты. Көркемдік идея да өз алдына бөлек оқшау тұрған нәрсе емес, ол шығарманың өн бойындағы көркемдік шешімдерден өріліп шығады, солардан туындайтын қорытынды-түйін ретінде көрінеді.

**Идея** – жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы. Ол көркем шығарманың өн бойында желі тартып жатқан ой мен сезімнің мығым бірлігі, шығарманың өн бойында көркемдік шешімдерден өріліп шығатын, солардан туындайтын қорытынды түйін болып табылады. Көркем шығармада сөз болып отырған мәселелерге жазушының көзқарасы, қатынасы, уақиғалар мен кейіпкерлерге

автор көзқарасының кейде айқын, кейде ешқандай дайын шешімсіз, кесіп айтылған түйінсіз берілуі, шығармада бастан-аяқ үзілмей, тұтасып тұрған гармония, мазмұн мен түрдің, ой-сезім мен сөз кестесінің бірлігі идеяны құрайды.

Идея көркем туындының өн бойына, бар бітім-болмысына ажар беріп тұрады. Идеясы терең, өткір ой-сезімге толы шығармада әр бейне, әр сөз идеяның, ой-сезімнің қуатымен нәрленіп тұрады.

Айтатын ой-пікірі құнарсыз, солғын, сезім күші әлсіз шығармада көркемдік түр, көркемдік қасиет болуы мүмкін емес. Өйткені, ондай шығарманың құрылысы, сыртқы түрі, олардың жеке бедер-белгілері – бәрі де өңсіз, әсерсіз сезіледі. Шығармада бастан-аяқ үзілмей, тұтасып тұрған жарастық-гармония, мазмұн мен түрдің, ой-сезім мен сөз кестесінің білігі жетімсіз болған соң, тіпті жекелей алғанда ұтымды айтылған сөздер, қисынды табылған бейнелер де әр жерде бөлек қалады.

Көркем шығармада негізгі идея және жанама идеялар бола береді. **Негізгі идея деген** шығармадағы әр алуан тақырыптар мен идеялардың басын біріктіретін өзекті мәселе, өнер туындысындағы азаматтық правосы бар негізгі мәселе болып табылады. Сондай-ақ көркем шығармада тенденция да болады.

**Тенденция** (латын. *Tendere* – бағыттаймын, ұмтыламын) деген қаламгерге тән құштарлық, оның қоғамдық көзқарасының тұғыры, өнер туындыларында көрініс табатын суреткердің әлеуметтік,саяси, идеологиялық адамгершілік ұмтылысы, автордың өзі бейнелеп отырған өмір шындығына деген идеялық-эмоциялық қарым-қатынасы, маңызды мәселелерді ой елегінен өткізіп бағамдауы.

Енді мына жайтқа назар аудару қажет: жазушының ой өзегі әрқашан қаз-қалпында көркем идеяға айнала қоймайды. Осыдан келеді де әр шығармадағы автрлық және объективтік идеялар туралы ұғым туады. *Авторлық идея – суреткердің о бастағы ой өзегі; объективтік идея – нақты шығармадан туатын мақсатты нәтиже.* Бұл екеуі ылғи бірдей бола бермейді. Дәлірек

айтқанда, автор өзінің ойға алғанын жазу үстінде дәл өз ойындағыдай жинақтай беруі қиын. Кейде тіпті авторлық идеяға объективтік идея кереғар кеп, қарама-қарсы шығуы да мүмкін. Демек бізге керегі – автордың идеялық мақсаты ғана емес, шығарманың идеялық нәтижесі.

Ә.Нұрпейісов 40-жылдардың орта шенінде өзі ішінде болып, бүге-шігесін әбден анық білетін Курляндия оқиғасынан шағын очерк жазбақ болады. Оның жазушылық жолы осыдан басталған. Сөйтіп, осынау авторлық идеясын жүзеге асыру үстінде оның творчестволық ой-өзегі өзгереді де, отырады: очерк көлемді әңгімеге, әңгіме повеске, повесть қалың романға айналып, онысы әуелі "Курляндия" боп жарық көрді де, кейін "Күткен күн" боп бастан-аяқ қайта жазылды. Қысқасы, авторлық идеяның объективтік идеяға айналу барысы - өз алдына тірі тарих, бүтін бір творчестволық процесс.

Л.Толстойдың "Соғыс пен бейбітшілігіндегі" ой-өзегінің өрбу процесі авторлық идеяның объективтік идеяға айналу тарихы тіпті қызық. Басында автор бірер дворян семьясының аз уақыт ішіндегі хал-күйін, шаруа жайын, тұрмыс тіршілігін суреттеп, кейбір психологиялық ситуацияларды ғана жинақтап, тынбақ екен. Іс жүзінде олай болмайды. Автор аттаған сайын шындық сырына тереңдеп, оқиға аумағы кеңейіп, бірер семья емес, күллі халық жайлы жеке адам емес, жалпы заман жайлы мәселелерге көшіп, бүкіл орыс өмірінің кезең-кезеңдерін кезіп кете барады. Осы жайтты Толстойдың өзі тамаша айтқан: "Мен 1856 жылы белгілі бағытта повесть жаза бастадым, қаһарманы – семьясымен Россияға оралған декабрист болуға тиіс еді. Амал жоқ, бұл күндерден жырақ 1825 жылға – қаһарманның адасқан, азап шеккен дәуіріне ауыстым да, бастаған нәрсемді тастап кеттім. Бірақ менің қаһарманым сол 1825 жылдың өзінде есейіп қалған ересек, семьялы кісі болатын. Осыны түсіну үшін, мен оның жас шағына көшуге тиіс болдым, ал менің жастық шағы Россия үшін даңқы бөлек 1812 жылғы дәуірмен тұстас келді. Бастағанымды тағы тастадым да, енді 1812 жылдан қайта бастадым… Бірақ оны үшінші рет тағы тастадым… Сөйтіп, 1856 жылдан 1805 жылға шегініп

барып, сол уақыттан былай қарай – 1805, 1807, 1825 және 1856 жылдардағы тарихи оқиғалардың жуан ортасымен бір емес, әйелі бар, еркегі бар, бірнеше қаһарман алып өтпек болдым”. Сонымен міне, автордың алғашқы ой-өзегіндегі бірнеше дворян семьясының тарихы бүкіл орыс халқының көркем тарихына шағын семьялық-психологиялық роман көш құлаш ұлттық эпопеяға осылай айналған.

Тақырып пен идея – әдеби шығарманың мазмұны. Ал әдеби шығарма мазмұнды болу үшін, Ибсен айтқандай, әдебиетшінің өмірінің өзі мазмұнды болу қажет. Көркем творчество суреткердің өмір тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан әрбір қалам иесі шығармаларының тақырыбын байыту үшін, алдымен өзінің өмір тәжірибесін байыта түсуге тиіс. Ол үшін қаламгер өмірмен қоян-қолтық араласып, жиі-жиі сапарға шығып, халықтың қалың ортасына сіңіп кетуге тиіс. “Егер жазушы болғыңыз келсе, – дейді Чехов Телешевке, –күні ертең Нижнийге билет алыңыз, сонда барыңыз, одан – Волгаға, Камаға шығып кетіңіз. Халық өмірін көресіз, меңіреу түзге, жер үйлерге түнейсіз. Жалғыз-ақ темір жол бойымен жүре қалсаңыз, қалайда үшінші класқа, қарапайым халық арасына орналасу шарт. Әйтпесе құлағыңыз қызықтан құр қалады”. Чехов өзгеге осылай ақыл айтып қана қойған жоқ, 1890 жылы өзі бүкіл Сібірді түгел аралай отырып, Қиыр Шығысқа, одан Сахалинге барып қайтты. Оның Ялтадағы музейінде ұлы жазушыға дәл әлгі сапарда өз оқырмандары сыйға тартқан бір шағын сурет бар: қалың жыныс орман, ымырт, орманшының үйшігі, үй алдында қып-қызыл болып қоздаған шоқ… Төргі бөлмедегі кереуеттің аяқ жағында қабырғада ілулі тұр. Осы суреттен ауру Чехов ақырғы демі біткенше көз алмапты.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Мазмұн мен пішіннің адамзат қоғамында алатын орнына философиялық тұрғыдан анықтама беріңіз.
2. Көркем әдебиеттегі мазмұн мен пішіннің арақатынасы қандай?
3. Тақырып көркем шығарманың іргетасы дегенді қалай түсінесіз?
4. Негізгі және қосалқы тақырып деген не?
5. Көркем шығарманың идеясының автор дүниетанымымен байланысы қандай?
6. Негізгі идея, лейтмотив дегенді қалай түсінесің?
7. Көркем шығармадағы тақырып пен идеяның бірлігі неде?
8. Көркем шығарманың тақырыбы дегенді қалай түсінесің?
9. Басты және қосалқы тақырыптар, олардың өзара бірлік-байланысы жөнінде не білесің?
10. Тақырыптың көркемдік шешімін табуы қалай болады?
11. Көркем шығарманың идеясы және оның автор дүниетанымымен байланысы қандай?
12. Идеяның қандай түрлері бар?
13. Шығарманың озық идеялылығының белгісі қандай?

# КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫ МЕН СЮЖЕТІ

## ЖОСПАР:

1. Композиция туралы түсінік.
2. Сюжет туралы ұғым.
3. Сюжеттік элементтер немесе сюжеттік даму кезеңдері.
4. Композицияның сюжеттен тыс элементтері: пролог, эпилог.
5. Композиция мен сюжеттің бірлігі және айырмашылығы.

**Композиция** (латын. *Composito* – құрастыру, қиыстыру) – көркем шығарманың құрылысы; әдеби шығарманың сыртқы түрінің ғана симметриясы емес, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы; сюжеттің өрбу кезеңдерін жүйеге түсіруімен қатар сюжеттен тыс нерселерді де өзара қиюластырып белгілі бір арнаға салатын ұғым; сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын нәрсе; шығармадағы барлық бөлшекті бір ғана бүтінге тұтастыру, бәрін бір ғана нәрсеге – негізгі идеяға бағындыру.

Әдеби шығарманың композициялық құрылысының ұтымдылығы сөз болатын мәселелерді, суреттелетін жағдайларды, кейіпкерлердің іс-әрекетін талғап, таңдай білу, оларды екшеп, сұрыптап алу, қисынын тауып қиюластыра білу шеңберлігіне жалғас келеді  және, түптеп келгенде, бұл жазушының қандай шиеленіскен жағдай болса да түйінін тауып, ақ пен қараны ажыратып, не нәрсенің мәнді, маңызды екенін терең түсінетін көрегендігіне байланысты болады.

Композицияның көркемдік қуаттылығы – әдеби шығармада не айтылғандығы қандай маңызды болса, нені қай тұста айту, әр түрлі жағдай, уақиғаның, іс-әрекеттің қайсысын бұрын, қайсысын кейінірек баяндау –

бұлардың да үлкен мәні бар. Айталық, басты кейіпкер шығарманың өн бойында үлкен жігерлілік, алғырлық танытып келіп, ал енді ең соңында өмірден торығып, түңілгендей болса, бұдан туатын әсер бір түрлі де, егер осындай торығу, өзінен әлсіз сезіну шығарманың орта тұсында болып, кейіпкер қайта сергіп, серпіліп, өзінің ширақ, күрескер қалпына келсе, шығарманың соңында ол осындай күйде болса, мұның оқырманға әсері мүлде басқаша болатыны түсінікті.

Әдеби шығармадағы жеке бөлім, тараулар уақиғалардың астас, жалғастығы, кейіпкердің ортақтығы арқылы бірігіп, тұтасып жатады. Композициялық тәсілдер алуан түрлі. Солардың ішінде екі нәрсені салыстыра суреттеу немесе қарама-қарсы қойып суреттеу жиі кездеседі. Бұларға қоса, шығарманың композициялық құрылысын белгілеуде елеулі орын алатын ерекшеліктер: уақиға автордың, автордан басқа баяндауышының атынан айтылуы немесе кейбір тұстарда болған жағдайлар шығармадағы кейіпкердің көзімен көрген қалпында алынып, соның ұғым-түсінігі арқылы берілуі.

**Сюжет** (франц. *Sujet* - зат) – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы немесе тәсілі; адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтің өсу, жасалу тарихы; өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі; өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Ол тартыс, конфликт әр түрлі адамдардың іс-әрекетіндегі немесе ой-сана, көзқарасындағы қарама-қайшылық. Мұндай қайшылықтар әр түрлі қарап бағалауынан да жақсы аңғарылады. Кейіпкерлердің қақтығысы қалайда қоғамдық өмірдегі күрес-тартыспен қабысып жатады, жеке адамдардың іс-әрекетінен, тағдырынан оқырмандар заманның, дәуірдің шындығын көріп, әлеуметтік қайшылықтардың сырын ұғады. Шығармадағы қақтығыс-тартыстың (конфликт) өрістеп дамуы үстінде кейіпкерлердің қимыл-әрекеттері, ой-сезімдері, сөздері арқылы олардың характері ашыла, айқындала түседі. Сюжеттің жүйелі тұтастығы да, сондай-ақ

жекелеген сәттері, яғни бастамасы (экспозиция), шиеленесуі, шарықтау шегіне жетуі және шешілу – аяқталуы да өмірлік тартыс, қайшылықтың даму-өрістеу заңдылықтарына сәйкес келіп отырады. Уақиға желісі болған соң, тартыс болған соң оның қадай да бастауы, өрістеп, шиеленісіп, шырығатын кезі, аяқталуы болатыны түсінікті ғой Және мәселе уақиғаның жәй ғана аяқталуында емес. Көркем шығармадағы қақтығыстар, жеке суреттер-картиналар арқылы толысып, мағынасы кеңейе түсетін оқиға тізбегі бара келе логикалық тиянақтық тауып, негізгі шиеленіс-тартыстың түйіндері әбден шешіліп, бәрі-бәрі бір арнаға құйылып барып тынуы, сол арқылы шығарманың негізгі идеясы әсерлі толық ашылуы аса қажет.

Сонымен бірге кейде сюжеттің беташары ретінде аңдату (пролог), ал соңында қосымша түрінде үстемелу (эпилог) суреттемелер беріледі. Олардың болуы шартты емес, қажет деп саналса ғана, сюжетке тікелей байланысты болмаса да, жанама эпизод етіліп беріледі.

Әрине, сюжеттің аталған тұстары, өз алдына оқшауланып көрінетін бөлшектері үнемі бір қалыппен жасалмайды, өмірдегі нақтылы жағдайларға орай сан түрлі болып құбылып өзгеріп отырады. Сюжеттің мағыналық мүмкіндігі баяндалатын оқиғаға қатысатын кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-бітімі, яғни, характерлері бейнеленуі арқылы ашыла түседі. Тегінде сюжетті оқиға желісінің құр қаңқасы, сұлбасы ғана деп қарамай, сол оқиғалардың байланыс-жалғастығы, өрбу-өрістеу кезеңдерінің тұтасқан ағым-арнасы деп түсіну дұрысырақ.

Қалай десек те сюжет пен кейіпкерлер, олардың характерлері арасында тығыз байланыс, сабақтастық бар. Өйткені оқиға дегеніміз адамның басынан кешетін жағдайы, немесе, бірнеше адамдардың қарым-қатынасының көрінісі ғой. Ал адамның мінез өзгешелігі, характері оның істеген ісінен, қимыл-әрекетінен айқын танылатыны және талассыз.

Ал кейбір шығармаларда кейіпкерлердің характеріне, психология-сына тереңірек бойлап, өмір шындығын ашып көрсетудің орнына, баяндалып

отырған жағдайларды ешбір зерлеп, зерттеп жатпай, оқиға желісінің өзін қызықтап, соның ізін қуып кету де кездесетінін де мойындауымыз керек. Бірақ бұл көркем өнердің талабы емес, көбінесе жазушының талғампаздық шеберлігінің жетіспегендігінің нәтижесі. Сюжетті қызықтау, оқиғаны қыздырмалап, бірыңғай баяндау детективтік жанр шығармаларында ғана болмаса, басқадай әдеби туындыларда көбінесе ұтымды бола қоймайды.

Көлемді шығармада оқиға желісі бірнеше тарауға бөлініп, қатарласа өрбіп, бір-бірімен жалғаса келіп, бір арнаға құйылады. “Евгений Онегин” романында Онегин мен Татьянаның ара-қатынасы, Онегин мен Ленскийдің қатынас-қақтығысы, Ленский мен Ольганың ара қатынасы – бұлар сала-сала оқиғалар тізбегі.

Сюжет – бірнеше адамдардың қарым-қатынасындағы белгілі бір кезең, әлеуметтік тартыстың бір көрінісі, сюжеттің аяқталып бітуі дегеніміз баяндалып отырған оқиғалардың бір арнаға сайып, өз шешімін табуы. Алайда сюжеттің аяқталуы, тиянақтылығы әр шығармада әр түрлі және мұның өзін белгілі дәрежеде шартты нәрсе деп түсінген дұрыс. Көп жағдайда шығармадағы оқиғаларды одан әрі ұластырып, жалғастыру мүмкін болса да, жазушы баяндауын соза бермей, қайырады. Өйткені оқиғаға қатысқан кейіпкерлердің өмірін үнемі сарқа баяндау мақсат емес. Жазушы бір не бірнеше оқиғаны суреттеу арқылы кейіпкерлердің характерін, мінез-бітімін айқын айтып көрсетуі ықтимал. Мәселе кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеу арқылы, мінез-сипатын наымды түрде көрсетуде. Неғұрлым кейіпкерлердің характерлері, бейне-тұлғасы дараланып, әсерлі көрінсе, соғұрлым шығарманың сюжеті тиянақты аяқталғандай сезіледі.

Романдарда оқиға біріне-бірі ұласып, жалғасып кете береді де, оқырман шексіз, шетсіз өмір ағысын көріп отырғандай әсер алады. Кейде тіпті шығарма аяқталып біткен тұста да баяндалған кейбір жәйттер, оқиғаның жеке түйіндері толық анықталмай қала береді. Осындай ерекшеліктерді ескеріп, кейде мұның прозалық туындыларды “ашық роман” (открытый роман) деп, басқа топқа

жатқызып, тұжырымды аяқталғанды “тұйық роман” (закрытый роман) деп ажыратып, бөлекше қарастырады.

**Тартыс, конфликт** (латын. *Conflictus* - қақтығыс, айқас) – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі; адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қайшылықтардың, кереғар құбылыстардың өнер туындысында жинақталуы; адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі қайшылықтардың көркем шығармадағы көрінісі; көркем шығарманың идеялық мазмұнындағы үзілмес желі, көген, арқау; күллі өнер туындысына тіршілік беріп тұрған жұлын, жүйке.

## Сюжетті шығармалардағы композицияның кезеңдері

**Сюжеттің басталуы, экспозиция** (латын. *Exposito* - дәйектеме) –әдеби қаһармандар өзара қарым-қатынасқа көшпес бұрынғы хал- жағдай, тіршілік; шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал етпейтін, тек мезгіл, мекенге мегзеу жасайтын сюжеттің өрбу кезеңі. Мұнда жазушы оқырманды болашақ оқиғалар орнымен, адамдар тіршілік етер ортамен ғана емес оқиға, тартыс басталмас бұрын оқырмандарды елмен, жермен, кейіпкерлердің бұған дейінгі өмір тіршілігімен таныстыру.

**Сюжеттік байланыс (завязка)**–адамдар арасындағы әрекеттің басы; тартыстың басталуы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі. Бұл – шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасайтын оқиғаны өрбу жолына салатын кезең.

**Шиеленіс (сюжеттік даму)** – сюжеттегі тартыстың кезеңі, оқиғаның күрделеніп, қиындай бастаған тұсы. Сюжеттің бұл сатысында оқиға барысындағы негізгі түйіндер түйіліп, кейіпкерлердің ара қатынасындағы қайшылықтардың айқындала түседі.

**Шарықтау шегі, кульминация** (латын. *Culmen* - шың) – сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы, адамдар арасындағы қимыл әрекеттің мейлінше күшеюі; шығармадағы драмалық тартыстың өрістеп шыққан биігі. Бұл –

образдар айрықша танылып, адам мінездері жан-жақты ашылатын композицияның аса жауапты тұсы. Жазушы мұнда сюжеттің күллі кезең-кезеңін тұтастырып, белгілі бір үндестікке әкеледі, сондай-ақ шығармада суреттелген барлық шындық құрылыстар мен өзекті оқиғаларды шоғырландырады.

**Шешім (развязка)** – суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған "үкімі"; адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі; шығармадағы оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал күйі, күллі құбылыс, көріністердің соңғы сахнасы; түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже.

**Финал** (латын., итал. *Fin* - аяғы, соңы) – әдеби шығарманың аяқтамасы, ең соңғы эпизоды, суреттемесі; өрістеп дамып, деңгейіне жете шиеленісіп, ақырына жеткен сюжет, фабуланың соңғы түйіні; шығарманың идеялық мазмұнын айқындау жағынан ерекше маңызды, салмақты аяқтамасы; шығарма мазмҰнының тетігі, логикалық тиянақтылық табатын соңғы шешім.

Композицияның сюжеттен тыс элементтері болады:

**Пролог** (грек.*prologos* - алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспелердің бір түрі; шығармадағы негізгі сюжетке дейінгі оқиғалар баяндалатын кіріспе; бас кейіпкердің өткен өмірінен көрініс беретін сюжеттен тыс нәрсе; көркем шындықты қабылдауға дайындық, оқырманды баурап әкететін суреткерлік тәсіл; композицияға орнымен орайласатын, жіксіз жымдасатын беташар.

**Эпилог** (грек.*epilogos*-соңғы сөз) – көркем шығарманы қорытудың бір түрі; өзекті оқиғалар біткеннен соңғы басты қаһармандардың одан арғы хал-күйінен мәлімет беру; тартыс аяқталып, оқиғалар біткеннен кейінгі негізгі кейіпкерлердің хал-күйінен хабардар ететін сюжеттен тыс нәрсе.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Композиция көркем шығарманың құрылысы дегенді қалай түсінесің?
2. Сюжет деген әдеби терминге сипаттама беріңіз.
3. Сюжетті шығармалардағы композицияның кезеңдері қандай?
4. Композицияның сюжеттен тыс элементтері
5. Прологтың көркем туындыдағы орны туралы айтыңыз.
6. Эпилогтың көркем туындыдағы орны туралы айтыңыз.
7. Композиция деген не?
8. Композицияның көркемдік қуаттылығы дегеніміз не?
9. Композициялық тәсіл туралы не білесің?
10. Сюжет деген не? Қай елдің сөзі, терминге анықтама бер.
11. Сюжеттің негізі не?
12. Сюжеттік элементтерге нелер жатады?
13. Сюжеттен тыс элементтерге не жатады?
14. Сюжеттен тыс элементтердің шығарма идеясына қатысы қандай?
15. Тартыс туралы түсінікке мысал келтір.

## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ, ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ЖОСПАР:

1. Тіл – қатынас құралы. Тілдің жалпыхалықтық қасиеті.
2. Жазушының тіл байлығын игеру жолдары.
3. Поэтикалық тілдің ерекшеліктері.
4. Тілдің тура және ауыспалы мағынада қолданылуы.
5. Сөздің көп мағыналығы. Сөз мәніндегі өзгеріс.

Тілдің жалпы адамзат қоғамында атқарар қызметі орасан зор. Тіл – сөйлеудің, ойлаудың құралы. Сөйлеу құралы деген – қарым-қатынас деген сөз.

Ойлау құралы деген – ақыл-парасат, интеллект, ғылым-білім, эрудиция, әдебиет, мәдениет, таным, талғам тіл арқылы дамиды деген сөз.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Ойлау да тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің жеке адамдардың еркінен тыс туу, қалыптасу, даму заңы бары. Бір кездегі ым, одан кейінгі үн адамдарының еңбектерінің процестерінде туған, адамдардың ойын өрбітер қозғаушы күш болған. Бірақ тілсіз қарым-қатынас жасау мүмкін емес те, қарым-қатынассыз жалпы қоғам болуы мүмкін емес. ‡нсіз ым, тілсіз үн – әшейін қарапайым ұғымдар маңында ғана түсінісу, ал өзара ойласу, пікірлесу, сырласу тек тіл арқылы ғана мүмкін еді. Міне, осы ретпен туған адам баласының тілі адам қоғамы дамыған сайын дамып, байыған сайын байып келе жатыр. Тіл заңы – объективті заң.

Тіл, сөз жайын тексеретін ғылым үш түрлі: тіл білімі, стилистика, көркем сөз теориясы. Бұл үш саланы бір-бірінен ажырата білу, әрқайсысының өзіне тән сыр-сипатын айқын тани білу шарт. Әдеби шығарма тіл арқылы жазылса, тіл сөзден құралады. Әр сөз обаста образдан туған. Келе-келе көп образдар ұмытылған да, олардан туған сөздер ғана қалған. Сондықтан образды тіл деген ұғым жаңалық емес. Бұл – әр сөздің табиғи қасиеті.

Жазушылар, әдебиетшілер осы қасиеттің күллі “құпиясын”, образдылықтың ішкі сырын, сыртқы сипатын әрі нәзік, әрі терең түсініп, соны қаламгерлік қызметке шебер қолдана білуі тиіс. А.Байтұрсынов өзінің “Әдебиет танытқышында” сөз өнері адам санасының үш негізіне – ақылға, қиялға, көңілге тірелетінін айтып: “Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенше айтуға жарау” деп дәйектейді.

**Жазушының тіл байлығын игеру жолдары**. Жазушының тілі сұлу, сөздік қоры бай болуы тиіс. Тіл байлығы – мазмұн байлығы деген сөз. Оқырман халыққа тек мазмұнды шығарма керек.

Жазушы өзінің сөздік қорын молайту үшін жалпы халықтық тілдің бай қазынасын терең игеруі тиіс. Тіл байлығының қайнар көздері көп. Солардың бірі-сөздердің көп мағыналығы (полисемия). Әр сөз жеке, атау күйінде тұрып-ақ бірнеше мағынаға ие. Жазушы әр сөздің әр сипаттағы тура һәм туынды мағыналарын жіті айырып, әрқайсысын өз орнында ғана ұтымды қолдана алса, ой мен сезімді дәл беріп, осы арқылы шығармаға әсерлі эмоциялық күш дарытады. Баяндау мен суреттеудегі дәлдік жазушы шеберлігінің ең ірі қырларының бірі.

Әдебиет – сөз өнері, “тіл – әдебиеттің бас мүшесі” (М.Горький), “сөз – шығарманың негізі материалы” (К.Федин). Сюжетсіз, композициясы ширап жетпеген шығармалар бола береді. Ал тілі нашар шығарма еш уақытта жақсы шығарма болған емес, бола алмайды да. Демек көркем әдебиетте де тілдің атқарар қызметі орасан зор. Тілдің, сөздің қасиетін ғұлама қаламгерлер жеріне жеткізе айтқан. Мысалы, Абай:

*Алыстан сермеп,*
*Жүректен тербеп*
*Шымырлап бойға жайылған.*
*Қиядан шауып,*
*Қисынын тауып,*

*Өткірдің жүзі*
*Кестенің бізі*
*Өрнегін сендей сала алмас*
*Білгенге маржан*
*Білмеске арзан*

*Тағыны жетіп қайырған.*
*Толғауы тоқсан қызыл тіл,*
*Сөйлеймін десең өзің біл – десе,*

*Надандар бәһре ала алмас –*
*Қиналма бекер тіл мен жақ,*
*Көңілсіз құлақ ойға олақ.*

**М.Жұмабаев:**

*Күш кеміді, айбында ту құлады,*
*Кеше батыр, бүгін қорқақ құлады.*
*Жарыққа ұмтылған асыл жандар бұғауда,*
*Қан суынған, жүрек солғын соғады.*
*Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,*
*Таза, терең, өткір, күшті кең тілім,*
*Тарап кеткен түрік балаларыңды бауырыңа*
*Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім,* – деп жазды.

С.Мұқанов тілді, сөзді мидың ми градустық домнасында қайнап шыққан халықтың қымбаттан да қымбат кеніне теңейді. Олай етпеген жағдайда сөз шығармаға негізгі материал бола алмайды.

Жазушы еңбегіне байланысты творчество азабы деген ұғым бар. Сол азаптың ең үлкені – суреткердің сөз үстіндегі қызметі. Шынында да, Л.Тольстой айтқандай, “миллион сөз ойлап, соның тек бірін ғана таңдау – қандай азап ”.

Әр сөздің тура мағынасымен қабат, бұрма мағынасы да бар. Бұрма мағынадағы сөзде айрықша астар, юморлық, ирониялық сипат болады. Көркем әдебиетте әр сөздің тура мағынасымен қатар, бұрма мағынасын ұтымды қолдану шығарманың ішкі-тысқы ажарына ажар қосары даусыз.

Көркем сөз – көрікті ойдың көрінісі, құнды сөз құнарлы ойдан туады, “Ойы нәрсіздің тілі де нәрсіз” (Л.Тольстой).

Сонымен көркем тіл жайы – әдебиет туралы ғылымның ең өзекті мәселелерінің бірі. Сөз-халық қазынасы. Өмір мен өлім арпалысқа түскен, сұрапыл соғыс кезінде де 1942 жылы Анна Ахматова тіл, сөз тағдырына алаңдап былай деп жазды:

*Қаусап қала, қаусап пана, қаусап бақ,*

*Қара ормансыз, шаңырақсыз қалсақ та.*

*Орыс сөзі, сені сақтап қалармыз,*

*Қалмаспыз біз бас сауғалап, жан сақтап.*

*Мөлдір тілді қоя алмаспыз қан қылып,*

*Ұрпақ оны айтып жүрер ән қылып*

*Мәңгілік!*

Р.Ғамзатов: "Егер ана тілім ертең өлетін болса, мен бүгін өлуге даярмын!" – деп жазды.

Әдебиет – ардың ісі. Задында жазушы адам жаман жазуға арлануы тиіс. М.Шолохов шын жазушы 100 сөз жазса бірде-бір сөзі жаман не орта болмай, 95-і өте жақсы, қалған 5-і жақсы болғанда ғана ғасырымызбен бір дәрежеде тұратын биік шығарма туғыза алады. Көркем шығарманың тілін байыптауға дәл осы тұрғыдан келу керек.

**Тіл байлығының қайнар көздерінің бірі**

Синонимия ол гректің sunonymos – заттас – деген ұғымды білдіретін сөзінен шыққан. Синонимия – дыбысталуы әр түрлі болғанымен, мағынасы бір-біріне жуық, мәні ұқсас сөздер. Мысалы:

а) шапшаң, дереу, жылдам, тез, жедел;

ә) мезгіл, мерзім, мезет, уақыт, шақ, сәт, кез, кезең;

б) айқас, шайқас, ұрыс, қағыс, қақтығыс, тартыс, төбелес, тайталас, кескілес;

в) сұлу, әдемі, көркем, көрікті, келісті, келбетті т.б.

Осы секілді синоним ішінен суреткер өз көкейіндегі сыр мен шындықты дір еткізіп дәл жеткізер ең қажеттісін ғана таңдап алады. Синоним сөздерді әр уақытта бірінің орнына бірін қолдана беруге болмайды.

*Мен кескекті ердің сойымын,*

*Кескілеспей бір басылман.*

*……………………………*

*Күндердің күні болғанда,*

*Бас кесермін, жасырман* (Махамбет) – деген өлең жолдарында кескілеспей басылман дегенді мағынасы бір ғой деп төбелеспей қоймаймын десек, өте күлкілі болып естілер еді. Сондай-ақ “бас кесермін дегенді өлтірермін, құртармын” деуге тіпті болмайды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

**Омоним** – дыбысталуы бір болғанымен мән-мағынасы әр тарап сөздер. Бір сөзде бірнеше мағына болуы, әрине, байлық. Бірақ бұл байлықты аса сақтықпен, абайлап пайдаланған дұрыс. Өйткені омоним сөз өз орнында тұрмаса, ұғымда бұлдыратып, түсініксіз етуі мүмкін.

Кейде омонимдер әзіл, сықақ, кекесін өлеңдерде сөзді ойнату үшін қолданылуы мүмкін. Мысалы:

*“Қалқам, жаным, қарағым,*

*Бетіңе келмес қарағым ”* **(С.Торайғыров)**

Сондай-ақ кейбір аттас сөздерді ақындар өлеңдерінде әр тұста арнайы қайталап, өлеңнің ырғағын, ұйқасын құбылтып әсерін күшейтеді.

**Антоним** (грекше anti - қарсы, onoma - атау) - бір-біріне кереғар, қарсы мағынадағы сөздер. Мысалы: ақ - қара, ұзын - қысқа, алыс-жақын, бар-жоқ, өмір-өлім, алғыс-қарғыс, ауыр-жеңіл т.б.

Антонимдер сөз өнерінде де әдемі қолданылып ақынның айтар ойына нық түйін, тұжырым, дәйек бола алады. Мысалы:

*Көңілім қайтты достан да , дұшпаннан да,*

*Алдамаған кім қалды тірі жанда*

*Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім*

*Жалғыз-жарым болмаса анда-санда*

немесе

*Күлемін де жылаймын,*

*Жылаймын да күлемін.*

*Неге ғана бұлаймын*

*Өзім ғана білемін*

*Дәл осыны түсінбес,*

*Адамдар бар не шара,*

*Іші қуыс сырты мес,*

*Тас бауырлы бейшара.*

**(Қ. Аманжолов)**

*Туған тілім - тірлігімнің айғағы*

*Тілім барда айтылар сыр ойдағы.*

*Өссе тілім, мен де бірге өсемін,*

*Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.*

**(Ә.Тәжібаев)**

Ақындар әрбір өлең жолындағы антонимдік қарама-қарсылықтар арқылы өздерінің көкейкесті сырларын, одан асса өмірлік ақиқаттарын оқырман санасына сіңіріп отыр.

Ендеше антоним – өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі. Кей шығармалардың атының өзінде антонимдік қарама-қарсылық алыстан айғай салып, оқырманға шығарма мазмұнынан хабар беріп тұрады. Мысалы: "Зұлымдық пен махаббат", "Соғыс және бейбітшілік", "Қызыл мен қара", "Өмір мен өлім".

Суреткердің сөз қорындағы бір "алтын сандық" – а**рхаизм** (грекше archaios – ежелгі көне) – бүгінде ескіріп, әдеттегі қолданудан шығып бара жатқан, әсіресе ауызекі қолдануларда кездесе бермейтін көне сөздер. Оларға лингвистер онша үлкен мән бермегенімен, әдебиетшілер енжар қарай алмайды.

Өйткені әдебиет – әр халықтың көркем тарихы. Әдеби шығарма-ларда бүгінгі ғана емес, байырғы тарихи шындықтар да көркем жинақталуы тиіс.

Қазақ әдебиетінің жұртшылық мойындаған ең үздік туындалары да тарихи тақырыптарға жазылған. Тарихи шығармаларды жазу үстінде жазушы архаизмдерді орағытып кете алмайды. Мысалы, М.Әуезовтің "Абай жолы" дәуірнамасының екінші кітабы былай басталады: "Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ әлі талған жоқ. Әлі де кітап бетіне үңілуде… Парсы, түрік кітаптары бұны Шираздың *гүлзарына* әкетеді, Самарқанның мазар, ғимараттарына қадалтады. *Мәру, Мешһедтің миуалы,* бұлбұлды бақтарына, салқын, самал *хауыздарына* үңілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Ғырат, Газна, Бағдаттың сарайларына, *медреселеріне,* кітапханаларына тартады… Абайды бүгін өзіне үңілдірген – жаңағы елдер мен *уәлаяттардың* дәл бүгінгі көрінісі."

Осы үзіндідегі жекеленген гүлзар, мазар, хауыз, уалаят, т.б. сөздердің архаизмдер екені белгілі. Тарихи шығарманың авторы сол бір өткен дәуірдің тарихи бітімін, болмысын, ерекшелігін, тартымды һәм нанымды көрсету үшін тек сол тұстағы тіл бояуын қалпына келтіруге міндетті. Олай етпейінше бүгінгі оқырманға тарихи дәуір тынысын таныту мүмкін емес. Сондай-ақ суреткер архаизм сөздерді нағыз орны табылып тұрған жағдайда бүгінгі өмір шындығын көрсететін шығармаларын пайдалануына болады. Мысалы, ақын Т.Жароковтың "Күн тіл қатты" поэмасындағы:

*Дулығa сыймас басыңа,*

*Асау күн, келдім қасыңа,* – деген өлең жолдарындағы дулыға – архаизм сөз.

Ғарышты игеру ғасырының шындығын көрсетуге ақынның баяғының батырлары киетін темірден жасалған бас киімді күнге кигізбек болуы жарасып-ақ тұр. Егер дулығының орнына автор бөрік сыймас немесе шляпа сыймас басыңа деп жазса, кісі күлерлік оспадарлық болар еді. Дулыға деген сөз қазір архаизмдік сипаттан арылып, жаңарып келеді. Соңғы кезде ол орыстың каска деген сөзінің қазақша баламасы ретінде қолданылып жүр. Архаизмдерді тек қаламгерлер ғана білуі тиіс емес. Жалпы өз халқының тілін,

әдебиетін, мәдениетін сүйетін, тарихын қадірлейтін жұрттың бәріне оны білуі керек.

**Неологизм** (грекше neos - жаңа, logos - сөз) – жалпы қоғамдық дамумен сабақтас тыңнан туған соны мағыналы сөздер. Бұлар- суреткердің сөздік қорын байытатын тағы бір қайнар бұлақ. XX, XXI ғасырлардағы ғылым мен техниканың ұшан-теңіз жаңалықтары тілде бұрын болмаған жаңа атаулар әкеледі. Бірақ неологизмдер – уақытша тілдік құбылыс. Уақыт өте келе неологизмдер жалпы халықтық тілдің бел ортасынан ойып орын алып жатады. Мысалы , XX ғасырдың I жартысында ***самалёт, верталёт, вагон, станция, поезд, комбайн, экскаватор, колхоз, совхоз,*** т.б. сөздер неологизмдер болып есептелді. Соң олар неологизм болудан қалып орнына XX ғасырдың 60-жылдары ***космос, космонавт, космодром***, т.б. сөздер пайда болды. Бұлар неологизм болудан қала бастаған шақта олардың өз тілімізде тамаша баламалары пайда болды. Олар: ***ғарыш, ғарышкер, ғарыш айлағы*** т.б. деген сөздер.

Жаңа сөздердің әр тілде оңай тұрақтап, жарасымды орын алатындары да сол тілде бұрынан бар сөздер негізінде жасалған неологизмдер: ***тілші, ұшқыш, өндіріс, үгітші, тыңайтқыш, хатшы, үйірме, оқулық*** т.б. Бұлар қазақ тіліндегі қашаннан келе жатқан сөздермен жіксіз жалғасып кетті.

Тіл халықтікі. Жазушы тілді халықтан үйренеді. Сөйте тұра жазушы халыққа тіл үйретуге тиіс. Кезінде бұл мәселеге жазушылар М.Горький, М.Әуезов айрықша мән берген болатын. Ақын І.Жарылғапов бұл мәселеге XX ғасырдың 60-70 жылдарында біраз еңбек сіңірді. Ол орыс тіліндегі ***мороженое, холодильник, остановка, пляж, парк*** т.б. басқа сөздерді **балмұздақ, тоңазытқыш, аялдама, жағажай, саябақ** т.б. деп аударып, қазақ тілінде әдемі баламалар жаңа сөздер жасады.

Кейде тың сөздер басқа тілден орынсыз енген сөздермен де шектесіп жатуы мүмкін. Олар неологизм емес, варваризмдер болып есептеледі.

Варваризмдерді қолдану артықшылық емес кемшілік. Варваризмдер басқа тілдерден орынсыз енген сөздер.

**Диалектизмдер** - белгілі бір аймақтарда ғана қолданылатын жергілікті сөздер. Орнымен қолданған жағдайда көркем шығармаларда бұлар да едәуір қызмет атқарары сөзсіз. Кейде әдеби тіл жергілікті сөздер арқылы байып отыратын жағдайы бар. Мысалы, орыстың гостиница деген сөзі қонақ үй деп аударылып, гостиное деген сөзін қалай аударуы мәселесі тілші ғалымдар арасында едәуір сөз болды. Профессор К.Аханов оңтүстіктің мейманхана деген диалектісін балама етіп алуды ұсынды. Көркем әдебиетке диалектизмдер кейіпкерлер тілінде кездеседі. Мысалы, М.Әуезов "Өскен өркен" романында, С.Мұқанов "Сырдария" романында Оңтүстік Қазақстан халықтарының тілдік ерекшеліктерін ұтымды қолдану арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлқын әдемі аша білген.

**Идиомалар** әдеби шығармаларда жиі ұшырайтын айрықша айшықты тіркестер. Егер термин сөздер бір тілден бір тілге оп-оңай көше салатын болса, идиомаларды өзге тілге аудару қиынның қиыны; кейде тіпті мүмкін емес. Бір тілдегі идиоманың өзге тілдегі баламасын ғана іздеп табуға болады.

Идиомалар әр тілдің айрықша айшығы ғана емес, алтын алқасы , әр тілдің бір алуан байлығы, інжу-маржаны, көркі. Сондықтан ол көркем әдеби шығармалардың барлық жанрларында қолданылып келеді. Идиомаларды М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин өз шығармаларында жиі қолданған. Мысалы, "Еңлік-Кебектегі" билер сахнасы, "Ақан сері Ақтоқтыдағы Ақанның, Ақтоқтының монологтары тіліміздің айшықты інжу-маржанына толы.

Әдеби тіл жай тіл емес, көркем тіл, демек сұлу сөз. Жаңа жазба әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлтта, күлдібадам бояуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады. Ең алдымен әр сөз тек өз орнында ғана тұруы тиіс.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Көркем (поэтикалық тілдің) өзіндік ерекшелігі неде?
2. Тіл байлығының қандай қайнар көздерін білесің?
3. Тіл көркемдігі, сөз сұлулығы дегенді қалай түсінесің?
4. Тілдің көркем образ жасау құралы ретіндегі мәнін қалай түсінесің?
5. Кейіпкер тілінің түрлі сипаттарының көркем шығармада алатын орнын түсіндір.
6. Тілдің лексикалық қорына нелер жатады?
7. Қаламгердің поэтикалық синтаксисі дегенді қалай түсінесің?
8. Адамзат қоғамындағы тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін түсіндіріңіз.
9. Тіл – әдебиеттің құрылыс материалы дегенді қалай түсінесіз.
10. Тіл байлығының қайнар көздеріне сипаттама беріңіз.
11. Поэтикалық тілдің ерекшелігі неде?

# ТІЛДІҢ АЖАРЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ. ӘДЕБИЕТТІҢ ҚҰБЫЛТУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ МЕН АЙШЫҚТАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

## ЖОСПАР:

1. Көркем шығармада тілді ажарлау құралдарының қолданылуы.
2. Эпитет пен теңеудің көркем шығармада қолданылуы
3. Әдебиеттегі құбылту құбылыстары.
4. Троп және оқың түрлері
5. Поэтикалық фигуралардың өзіндік ерекшеліктері;
6. Айшықтаудың (фигураның) түрлері;

Сөз сұлулығы оның қарапайымдылығы мен табиғилығында дей тұрғанмен әдеби тілде әдебиетші қолымен жасалатын әр түрлі ажарлаулар болады.

Әр сөз адамның көңіл-күйімен байланысты, сондықтан "әр сөздің айтылуына қарай мағынасы бар" (А.П.Чехов).

**Интонация** (латынша intonare-дауыс ырғағы) – сөзді ажарлаудың ең қарапайым тәсілі. *Сөйлегенде сөз мағынасын әсерлі жеткізу үшін дауыстың құбылып, жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы, сөздің мәнерімен, әр түрлі сезіммен айтылуы.* Сөздің көтеріңкі леппен, салтанатты түрде, не терең ойға шомып, сабырмен, байсалды қалыпта немесе нәзік сыршыл сезіммен айтылуға орай дауыс толқыны да бірде биіктеп, өршеленіп, бірде төмендеп, бәсеңдеп, сөздердің үнділігін, саздылығын ұдайы өзгертіп отырады. Дауыс толқынының өзгешелігі даустың көтеріліп төмендеу қалпынан, сөздің сөз тіркестерінің қандай сазбен, қандай жылдамдықпен айтылуынан, дауыстың өзіндік бояу-реңкінен, құбылмалы әсерлігінен тағы сол сияқты белгілерден айқын аңғарылады. Дауыс шексіз мол болады, шаттану, қуану, мұңаю сияқты күйі қандай шексіз мол болса, олардың әрқайсысына сәйкес толқынының өзгеру,

түрленуі де шексіз мол болады. Мысалы, көтеріңкі лепті интонация бір түрлі де, сұрау, сауал қою интонациясы одан басқа түрде болатыны белгілі. Немесе, екі нәрсені қарама-қарсы қойып шендестіріп айтқандағы интонация мен бірыңғай бірнеше нәрсені қатар алып, санамалап айтқандағы интонация әр басқа екені де түсінікті. Интонацияның, дауыс толқынының сөздің мағыналық байлығын алуан түрлі реңкі, бояуымен жеткізуде де үлкен мән бар. Қандай интонациямен айтылғанына орай сөздің мағынасы аз ба, көп пе өзгеріп отыратынын да айту қажет. Әдеби шығармадағы сөздің интонациялық байлығы тексті мәнерлеп оқығанда әсіресе айқын танылады. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу шеберлігі өз алдына үлкен өнер болып саналатыны тегін емес. Поэзияда интонация, дауыс толқыны өлеңнің ырғағымен тығыз байланысты болады, өлең сөздің ырғағын түрлендіруге үлкен әсер етеді. Сонымен бірге интонация сөйлемдердің, ондағы сөз тіркестерінің қалпына да сәйкес болады. Оқылатын, сөйлеп, тақпақтап өлеңдерде интонацияның, дауыс толқынының неғұрлым құбылмалы келіп, түрленіп отыруы айрықша қажет.

Әдеби тілге **дыбыстық қайталаулар** арқылы да едәуір ажар бітіруге болады. Бұл тәсіл екі түрлі: **аллитерация** (латынша adlittera-дыбыстас) – бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау және **ассонанс** (французша assonanse-үндес) – бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау.

Бұлар әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түседі. Бұл тәсілдер Гомер мен Горацийден бастап, Пушкин мен Абайға дейінгі ақын атаулының бәрінде бар.

*Ираншахқа мұңың шақпа, Низами!*
*Біздің жақта гүл құшақта, Низами!*

Қ.Аманжоловтың осы өлең жолдарында **ш** дыбысын қайталайтын аллитерация да, дыбысын қайталайтын ассонанс та бар.

Қазақ мақал-мәтелдері мен жұмбақтарында бір дыбыс немесе бір сөзді қайталау сөз ұйқасымы айрықша роль атқарады. Мысалы, “Бейнет, бейнет түбі – зейнет”, “Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті”.

Орнымен үндескен сөздер әдеби тілдің өрнек кестесіне әдемі ажар, айшық қосады. Әсіресе ассонанс сөздің интонациялық-музыкалық мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сезімнің әсерлілігін арттырады.

Мысалы, *Еңсесі биік ақ орда,*
*Еңкейіп сәлем бер сана.*
*Ернеулі жұқа сары аяқ,*
*Ер сарқытын бер сана*

**(“Ер Едіге”)**

**Айқындау, эпитет** – *заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.* Ол ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Мысалы, ***кеш*** деген сөз жалпы ұғымды, тәуліктің бір кезін уақыт мезгілін білдіреді. Ал қысқы кеш, жазғы кеш, қоңыр кеш десек, ол нақты бейне. Көптеген эпитеттерде ұлттық бояу – бедер болады. Мысалы, алма мойын, бота көз, қолаң шаш, қоңыр дауыс, ақша бет – бұлар қазақы көркем ойлау жүйесіне тән бейнелі сөздер. Бұлар қалыптасқан эпитеттер. Поэзияда әр ақынның өз қолтаңбасын танытатын әсерлі, күрделі эпитеттер мол кездеседі. Мысалы, І.Жансүгіровтің “Күйші” поэмасында мынадай эпитеттер кездеседі: жалынды күй, жынданған күй, жандырған күй, жылатқан күй, ырғалған күй, жұбатқан күй, жорға күй, тәтті күй, шерлі күй. Кейінгі қазақ ақындарында да эпитеттің тамаша үлгілері бар. Мысалы:

*Көктемнің балғын кезі еді,*
*Әнші құс көкте ағылған.*
*Жемнің де жасыл өзегі,*
*Көгілдір мұнар жамылған.*

**(С.Жиенбаев)**

**Теңеу** – *заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу.* Теңеу суреттеліп отырған

нәрсені не құбылысты көз алдымызға әкеліп, олар туралы нақты ұғым қалыптастырады.

Мысалы: *Шұғыла шашқан кешкі бұлттай,*
*Толқын шашта оттар ойнап,*
*Өрт топанын кешіп Нұхтай*
*Жалғыз өзі тұрды бойлап;*
*Тұрды ұқсап, тұрды кейде*
*От ұстаған Прометейге.*

**(Қ.Аманжолов)**

*Желектей желпіп желіңді*
*Желқомдай жырттым жеріңді*
*Түбіттей түтіп бұлтыңды,*
*Таспадай тілдім толқынды,*
*Бағынбай енді нең қалды.*

**(Т.Жароков)**

Эпитет сияқты теңеудің де құны сонылығында, ойламаған жерден өзгеше өрнектер жасап, құлпырып, ойнап тұруында, орнымен қолданы-луында жатады.

Әдеби тілді ажарлау аз құбылту керек. Ол әдеби тілдің әсерлілігі үшін қажет тәсіл.

**Құбылту, яки троп** *(грекше tropos-иін, иірім) – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту.* Әдеби тілді ажарлау оны құбылтудың алғашқы кезеңі – ең қарапайым түрі. Құбылтудың (троптың) түрлері көп. Ең бастысы – ауыстыру, яки метафора (грекше metaphora ауыстыру-көшіру) – екі нәрсені не құбылысты салыстыру және жанастырып – жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

Басқаша айтсақ, **ауыстыру** деген – *сөз мәнін өңдерінде өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.*

Мысал ретінде Абай өлеңдерінде кездесетін жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі, өмірдің өрі деген метафора үлгілерін атауға болады. Сондай-ақ:

*Гималай – көктің кіндігі,*
*Гималай – жердің түндігі*

**(І. Жансүгіров)**

*Қыр төсінде мөлдір айдын-ақ сынап,*
*Жиегінде жасыл кірпік – жас құрақ.*

**(Ә. Сәрсенбаев)**

*Сен жаралы жолбарысең,*
*Мен киіктің лағы ем*

**(Пушкин-Абай)**

*Күйдірген хан мен қазыңды,*
*Күндеген талай патшалар*
*Ұрлаттым гауһар тәжімді,*
*Қай жақтан табам, бәтшағар?*
*Жоғалды алтын балдағым,*
*Соғып ем көзін лағылдан.*

**Қ. Шаңғытбаев**

Өлеңдерде метафораның үздік үлгілері. Қолданылған соңғы өлеңдегі ақынның гауһар тәж, лағыл көз, алтын балдақ деп отырғаны – 1964 жылдың жазында Алматының шығысындағы тау үстінде қас пен көздің арасында

жоғалған Есік көлі еді. Ақын қайғысының қаншалықты ауырлығын оқырманына ұлғайған метафоралар арқылы ұялата келіп, ең соңында “Есігім – есіл асылым, түскендей ағып көздерім”, – деп аһ ұрғанда Сіз де амалсыз күрсінесіз.

Ауыстыру жеке сөздерде немесе сөйлем ішінде ғана ұлғаюмен тынбай, кейде бүкіл шығарманың өн бойындағы бейнелеу тәсіліне де көшуі мүмкін. Соған байланысты соңғы жылдары әдебиеттануда метафора термині жаңа, кең мағынада қолданылып жүр. Батыс Еуропада, Латын Америкасында роман жанрының соңғы мүмкіншіліктерін іздестіру нәтижесінде туған бірқатар шығармалар (Гессе, Маркес, Берхес, Карпентьер, Зюскин т.б. жазушылардың романдары) “метафоралық роман” деген сипаттамаға ие болды.

**Кейіптеу (олицетворение)** – *әр түрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.*

Кейіптеу қазақ және орыс халықтарының ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Мысалы, эпостық жырлар мен ертегілердегі атқа тіл бітіру, адамша ойлап сезінетін етіп көрсету, сондай-ақ қасқыр, қоян, түлкі т.б. аңдардың адам кейпіне түсірілуі осы тәсілдің дәстүрлі үлгісі болып табылады. Жаңа жазба әдебиетте бұл тәсіл өзгеше сипат алады.

Абайдың Лермонтовтан аудараған “Теректің сыйы” деген өлеңіндегі бейнелеу тәсілі – түп-түгел кейіптеу. Абайдың “Қыс” атты өлеңінде де жылыдың осы мезгілін мейірімсіз, түсі суық, қатал кәрі құданың кейпінде бейнелейді. Бұл тәсіл ақынға қыстың көшпелі тұрмыс кешкен қазақ елінің өміріндегі ең бір ауыр жайсыз кез болғанын әсерлі етіп көрсетуге мүмкіндік берген.

*Ауырып домбыра да ыңыранды,*
*Санасыз саусақ қаңғып қыдырады.*
*Бірде ысып, бірде суып, күйіп-жанып,*
*Жүректе сандыраған күй жынданды.*

Ілияс өлеңіндегі домбыра, саусақ, күй – бәрі кейіптеу тәсілімен бейнеленген.

Мағжан "Жел" деген өлеңінде желді мазасыз, дамыл алмай жүгіріп жүрген тентек бала кейпінде кескіндейді. Сөйтіп, желді жанды бейне секілді етіп алады да, "ерні өтірік қыбырлап, сыр айтқан боп сыбырлап, жымиып күліп өтеді" деп сипаттап, оны тіпті сұлу қызға сұқтандырып:

*Келдім ұшып, ғашықпын,*
*Бір сүюге асықпын.*
*Мойның бұр мендей әуреге,*-
*Дейді де сүйіп көзінен,*
*Шашы, алма жүзінен,*

– деп, әсерлі кейіптеу түріндегі суреттеме жасайды. Осы өлеңді тұтастай алғанда бейнелеу тәсілін кейіптеуге жатқызуға болады.

**Аллегория, символ** тәрізді тұспалдап суреттеу тәсілі осы кейіптеу тәсілімен ұштасып жатады.

**Пернелеу, яки аллегория** *(грекше allegoria-пернелеп айту) көбіне мысал өлеңдерде қолданылатын дерексіз нәрселерді кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырып көрсететін құбылтудың көркем бейнелеу тәсілі.* Мысалы, қулық, зорлық, қастық деген жалпылама ұғымдарды, дерексіз зат есімдерді дәл осы қалпында түсінуге болғанмен, көзбен көріп, қолмен ұстау қиын. Осыларды С.Дөнентаев өзінің "Ауырған арыстан" деген аллегориялы ондай қасиеттерді қолға ұстатқандай нақты, деректі нәрселерге көшіреді.

Бұл өлеңде қулық – түлкі, зорлық – арыстан, қастық – қасқыр бейнелеріне көшіріліп, пернеленіп көрсетілген. Орыстың мысалшыл ақыны Крыловтан аударған Абай, А.Байтұрсынов, С.Көбеев мысалдары, сондай-ақ А.Байтұрсыновтың өзінің төл мысалдары, А.Тоқмағанбетов мысалдары, қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдер түгелімен аллегориялық тәсілмен жазылған.

**Астарлау, яки символ** *(грекше simbolon-шартты белгі) – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа*

*құпия теліп, бүкпелей бейнелеу, ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру.*

Символ жалпы халықтық тілде де кездеседі. Мысалы, гүл – жастықтың, ақ көгершін – бейбітшіліктің символы. Ал әдебиеттегі, поэзиядағы символ көбінесе келтіріліп жасалған, астарлық мағынасы терең, бүтін бір сурет – бейне қалпында көрінеді. Символ суреттеліп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды, философиялық астар береді, шығармаға сыршыл сипат береді. Астарлы шығарманың идеясы жалаң, жалаңаш көрінбейді, автордың ой толғаныстары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды. Пушкиннің “Анчары” мен Лермонтовтың “Желкені”, Тютчевтің “Фонтаны” мен Блоктың “Әдемі әйел жайлы жыры” – әлгі айтқанымыздай сұлу сыр мен сезімге толы астарлы өлеңдер.

*Қабағын түйіп құз тас тұр,*
*Төңірегіне парық сап;*
*Шыңында шулап құстар жүр*
*Айнала ұшып шарықтап*
*Кеудесі жалын қара бұлт*
*Келеді төніп аспаннан.*
*Алып құз тас сұп-сұрғылт*
*Жамылып шапан боз тұман.*
*Жамылып шапан боз тұман.*
*Шық моншақтап шыпшып тер*
*Сорғалар жасы жүзінде.*
*Сол құзды көр де мені көр,*
*Ойға бір шомған кезімде.*

**(Қ.Аманжолов)**

Өлең астарынан аңғарылған сыр мен шындық көкейге уыздай ұйып, қонады да қалады.

**Алмастыру, яки метонимия** *(грекше metonymia-қайтадан атау)* - *өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байла-нысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану.*

Алмастыру көркем әдебиетте ой ықшамдылығы үшін, кейде образ нұсқалығы үшін қажет.

*Сөгетін Гомер, Феокритті*
*Оқыды бірақ Адам Смитті*
*Өзі сұлу, өзі ақын,*
*Пікірлері Кантқа жақын.*

**(Пушкин)**

Шумақтан аңғарылғандай Пушкин кейіпкері Гомер мен Феокритті сөксе, олардың өздерін емс, шығармаларын ұнатпағаны; Адам Смитті оқыса, оның өзін емес, шығармаларын оқығаны, сондай-ақ пікірлері Кантқа жақын болса, атақты философтың өзіне емес дүниетанымына жақын болғаны. Бірақ мұның бәрін Пушкин ащы ішектей шұбатпай алмастыру тәсілімен қысқа әрі нұсқа айтады.

*Үйі мәз боп қой сойды,*
*Сүйіншіге шапқанға*

**(Абай)**

Болыстың отбасын, туған-туысқандарын түгел тізіп жатпай ақын бәрін үйі деген сөзбен алмастыра қояды.

Қасиетті қабірге қасіретті Герат жас төкті. (Айбек)

Автордың айтып отырғаны Навои қазасына Герат қаласы тұрғындарының түгел қайғыруы.

Мегзеу, яки синекдоха (грекше sinekdoche-арақатысын ашу) – алмастырудың бір түрі – бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше қолдану.

*Мамасы, босат, еркімен өссін тал шыбық!*

*Ауа мен күнге, ай менен нұрға малшынып.*

*Бұлқынып жатыр, ұмтылып жатыр, қарашы,*

*Кішкентай жүрек көрсетіп жатыр қарсылық.*

**(М.Мақатаев)**

Ақынның тал шыбығы да, кішкентай жүрегі де сәби бөбегі. Тал шыбығы – ауыстыру да, кішкентай жүрегі – мегзеу.

– Әй, сақал! Бұл арадан Плюшкинге қалай баруға болады? (Гоголь)

Бұл жердегі сақал да мегзеу.

Алмастыру, оның түрі мегзеу жалпы халықтық тілде жиі қолданылады. Мысалы:

–Үйіңде неше басың бар?

– Қораңда неше тұяғың бар?

– Абайды, Мағжанды сүйіп оқыды, беріліп оқыды.

Абай, Мағжан шығармалары деген мағынада қолданылып тұр.

**Ұлғайту, яки гипербола**_*(грекше hiperbole-үлкейтілген, қомақты); кішірейту, яки литота (грекше litotes-қарапайым, қораш) – көркем шығарманың оқырманға әсерін арттырады.*

*Астындағы бурылдың,*

*Жоғары ерні көк тіреп,*

*Төменгі ерні жер тіреп…*

**("Қобыланды батыр")**

*Аққан жасы сел болған,*

*Етегі толып, көл болған.*

**(Дулат)**

*От орнындай тұяқтан,*

*Оймақтайы қалыпты.*

*Ектектейін еріннен,*

*Екі елісі қалыпты.*

**(“Ер Тарғын”)**

*Таулар күйіп, тас жанып,*

*Лебімен пісті қазаны…*

**(Нысанбай)**

Бұл мысалдарға қарағанда, ұлғайту мен кішірейту тәсілдері ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлар жырында көп қолданылған.

Ұлғайту мен кішірейтудің небір қызық үлгілерін ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерден көруге болады.

*Аспанға алты жерден тіреу қойдым,*

*Той қылып мың масаны сонда сойдым.*

*Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,*

*Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.*

Қарап отырсақ ұлғайту мен кішірейту өтірік өлеңнің жанрлық табиғатына айналып кеткен.

Ұлғайту мен кішірейту тәсілдері жазба әдебиетте де, поэзияда, көркем сөзде (публицистикада), комедиялық, һәм трагедиялық шығармаларда қолданылады. Бұл ретте, Т. Жароковтың “Күн тіл қаттысындағы”:

*Қарыңды қағып су қылдым,*

*Суыңды сілкіп бу қылдым,*

*Түніңнен таң атқыздым,*

*Жеріме жұлдыз жаққыздым…* – деген өлең шумағын мысал ретінде келтіруге болады.

Сонымен қатар ұлғайту мен кішірейту біздің қазіргі әдебиетімізде көбіне әсірелеу, яки гротеск (французша grotesque - ***оқыс, оқшау***, оспадар) түрінде көрініс табуда. Әсірелеу де әдебиет пен өнердегі көркемдік тәсіл. Оны образ жасауға ұтымды пайдаланатын жазушылар көп. Францияда Рабле, Англияда

Свифт, Италияда Пиранделло әсірелеу тәсілін, тіпті, әдеби стиль дәрежесіне дейін көтерген суреткерлер.

Дүниежүзілік классикадағы Гоголь мен Гюго, Салтыков-Щедрин тілі мен стиліндегі әсірелеудің орны өз алдына бөлек.

Қазақ әдебиетіне көз салсақ, Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы юмор мен сатираның оқта-текте шын мәніндегі гротеск сипатына көшіп отыратынын байқауға болады. Мысалы: “Жұман – Алтай-Қарпыққа мәлім тапал адам. Көлденеңі күректей мұқыл тырнақты саусақтары келсаптың сабындай жұп-жуан. Қылтанақ шығып көрмеген қасқа иегінен тағалы ат тайып жығылғандай…”

Бір ескеретін нәрсе – ұлғайту мен кішірейту болмаса әсірелеу тәсілдерін қолданғанда аса сақтық, шеберлік керек.

**Табу** *(полинезейше tabu - бәрін белгімен беру), перифраз (грекше periphraso-қайта айтып беру, айналым),* **эвфемизм** *(грекше euphemeo-сыпайылап айту) т.б. осылар тәрізді ауыстыру амалдарының да тілді құбылтар мүмкіндіктері бар.*

Табуға байланысты ел аузында ибалы келін туралы тамаша аңыз бар. Қамысбай, Өзенбей, Қойшыбай, Қасқырбай, Бәкібай, Қайрақбай деген қайнағаларының атын айтуға именген жас келін өзен жағасында қасқыр тартқан қойды бауыздап алып келгені туралы енесіне: “Сылдыраманың ар жағында сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге біліп-білеп жіберіп, бауыздап келдім”, – деп тапқырлықпен жауап береді. Осы аңыз әлі күнге табудың үздік үлгісі ретінде ауыздан түспей келеді.

**Перифраз** – *құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстеп емес, соның айналаснрдағы айрықша белгі қасиеттерді негізге алатын ауыстыру тәсілдерінің бірі.* Ол көркем текстің мағыналық экспрессивтігін, әсерлілігін күшейтеді. Мысалы, түз патшасы, аң патшасы (арыстан), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір), қара маржан (мұнай), ақ алтын (мақта).

**Эвфемизм** *(грекше euphemismos-сыпайылап айту) – жағымсыз, дөрекі сөздердің орнына қолданылатын сыпайы сөз. Мысалы, "өлді" деудің орнына "ол кісі дүние салды"; пәниден бақи кетті; аққу ұшып көлге кетті; екі қабат, буаз деудің орнына аяғы ауыр, жүкті.*

М.Жұмабаевтың "Шолпанның күнәсі" атты әңгімесінде Әзімбайға Шолпан айтқан: "Жақсы көргенің рас шығар ғой, бірақ жақсы ағаңның көзіне қалай шөп сал дейсің?"-деген сөздерді алсақ, мұнда жазушы жас әйелді әдеппен сөйлетіп, оның көңіліндегі ойын қазақша қалыпты сөзбен орағытып, сыпайылап жеткізіп отыр.

**Айшықтау, яки фигура** *(латынша figura - келбет, бейне) – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру.* Академик З.Ахметов айшықтауды әсерлеу деп те атайды. Мұндағы мақсат біреу-ақ – сөздерге ерекше леп, екпін, тыныс беру, сөйтіп оқырманға әсерін күшейту. Айшықтаудың түрлері көп. Солардың бірнешеуіне тоқталайық:

**Арнау** – *адамның, яки ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі.* Арнауды А.Байтұрсынов әуелден үш түрге бөлген: жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау.

Абайдың "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" өлеңі жарлай арнаудың үлгісі. Бұнда ақын жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, жеке адаммен оңаша емес, жалпы жұртпен жария кеңескен. Ж.Аймауытовтың "Қартқожа" романының басында берілген:

*Елі үшін күйген,*
*Еңбекті сүйген,*
*Ізгі тілек,*
*Ер жүректі,*
*Жұртшылық көсемі – Жалынды жастарға арнаймын,* – деген өлеңі жарлай арнауға мысал бола алады.

*Орай да борай қар жауса,*
*Қалыңға боран борар ма?*
*Қаптай соққан боранда*
*Қаптама киген тоңар ма?*

**(Махамбет)**

немесе: *Шырағым-ау, шашың неге ағарды?*
*Әлде біреу кемітті ме бағаңды?*
*Сенің қара тұлымыңнан сипаған,*
*Сарғайдың ба ойлап мендей ағаңды?*

**(Қ.Бекхожин)**

Бұлар – сұрай арнаудың үлгілері.

Ақын немесе ақын жырға қосып отырған адам өз ойын өзгеге арнап сан-сала сауал арқылы айтып жеткізеді де, өзі бірде сол сауалдарға жауап күтпейді, бірде жауап күтеді. Жауапсыз-ақ түсінікті Махамбет өлеңіндегідей арнаудың түрі риторикалық, яки шешендік айшық деп аталады.

*Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,*
*Жылқысын көптігінен баға алмайды.*
*Өлгені Төлегеннің рас болса,*
*Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!*

**("Қыз Жібек")**

*Азаны шертер іштегі,*
*Аузыма сөз түспеді.*
*Жұртым-ау, кімнен айрылдық,*
*Ажал сұм неткен күшті еді!*

**(Д.Әбілев)**

Алғашқысы Жібектің зары, соңғысы – Д.Әбілевтің ұлы ғалым Сәтбаев Қаныш қайтыс болғанда аһ ұрып, аза тұтып айтқан бір ауыз өлеңі екеуі де зарлай арнаудың үлгілері.

**Қайталау** – *оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.*

Қайталаудың жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау (анафора), кезекті қайталау (эпифора) түрлері бар.

Жай қайталауда ақын ерекше мән бергісі келген сөзіне акцент жасап, бірнеше жерде арнайы қайталайды.

*Жалғанда табынатын тәңірім-табым.*
*Табы жоқтың тәңірі жоқ, күні жарым.*
*Табым десем, бұлақтай судан аққан,*
*Өн бойымды шымырлап билейді ағын.*

Еспе қайталауда ой мен сыр бір түрлі есіле түйдектеп, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы соңғы ұғымның басына қайталана көшіп отырады. Мысалы:

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!*
*Ел қорыған мен едім.*
*Мен де айрылдым елімнен,*
*Көл қорыған сен едің,*
*Сен де айрылдың көліңнен*

**(Махамбет)**

Әдепкі қайталауда (анафора) өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады. Мысалы:

*Ұйқыдан соң, жапырақпын жаңбыр шайып жаңарған,*
*Ұйқыдан соң, құспын ұшып, көліне кеп дем алған.*
*Ұйқыдан соң, көк айдынмын мөлдіреген шайқалып,*
*Ұйқыдан соң, ну орманмын желбіреген жайқалып.*

**(С.Мәуленов)**

Кезекті қайталауда (эпифора) өлеңнің әр жолының соңындағы немес әрбір ой ағымының аяқ жанындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанып отырады. Мысалы:

*Күншілдері өледі,*
*Көңілін от қарып.*
*Батырлар өледі,*
*Борышын атқарып*
*Арғымақ өледі,*
*Артында шаң қалып.*
*Ақындар өледі,*
*Бәріне таң қалып.*

**(Қ.Мырзалиев)**

**Шендестіру, яки антитеза** *(грекше antitesis-қарама-қарсылық) – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету.* Мысалы:

*Қара жерге қар жауар*
*Қарды көр де, етім көр.*
*Қар үстіне қан тамар,*
*Қанды көр де, бетім көр.*

**("Ер Тарғын")**

*Біреуі-көк, біреуі-жер тағысы,*
*Адам үшін батысып қызыл қанға.*
*Қар-аппақ, бүркіт-қара, түлкі-қызыл,*
*Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға*

**(Абай)**

Бұлар шендестірудің үздік үлгілері.

**Дамыту,** ***градация*** *(латынша gradation - бірден-бірге күшейе беру) – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу*. Мысалы:

*Шырағым, Бурыл шу!-деді.*
*Құбылып Бурыл гуледі.*
*Табаны жерге тимеді.*
*Тау менен тасты өрледі.*
*Арандай аузын ашады,*
*Аяғын топ-топ басады.*
*Бір төбенің тозаңын*
*Бір төбеге қосады.*

**(“Қобыланды батыр”)**

*Қиқу салып құзға ұшқан*
*Құздан суық мұзға ұшқан,*
*Мұздан биік бұлтқа ұшқан,*
*Бұлттан биік көкке ұшқан*
*Қарулы қыран кім еді?*

**(Т.Жароков)**

Градацияның прозадағы тамаша үлгісін М. Әуезов өзінің әйгілі эпопеясында жасап кетті. Мысалы: “Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан салалы жырлар көшіріліп, жатталып, әуендеп, толқып тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады…”

Профессор Е.Ысмайылов градацияны шартты түрде түйдектеу және баяулату деп екіге бөледі. І.Жансүгіровтің “Күйші” поэмасынан алынған мына бір шумақта түйдектеу де, баяулату да бар:

*Соқ, жігіт! Соқ! Соқ жігіт! Күйіңді тарт!*

*Лапылдат! Жандыр! Күйдір! Құмарт! Құмарт!*

*Безілдет! Сарнат! Зарлат! Үздіктірші!*

*Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт! Қысқарт!*

**(І. Жансүгіров)**

**Сөз орнын ауыстыру, яки инверсия** *(латынша inversio-орын өзгерту, төңкеру) – прозалық, әсіресе поэзиялық шығармаларда сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру тіл мен стильдегі үйреншікті машықтан бөлек бір алуан мәнер іздеп* байқау үшін бұл тәсілді де оқта-текте орнымен қолданудың оғаштығы жоқ. Қазақ жазушыларының ішінде инверсияға көбірек бой ұратын Ғ.Мұстафин еді. Мысалы: “Сапардың Аманы… шаңқан боздың басынан аса секірердей, ерінен көтеріле, ұмтыла береді *алға…* Жаныңнан безгенің келе бер, - дегендей, етпетінен түсіп, көзінен от шаша күрілдеп жатыр *көкжал...* Қайтып тұра алған жоқ, талшоқпар жүйемелдете тиді *шекеге*” (“Дауылдан кейін”) Осы үш сөйлемнің аяқталуы да әдеттен тыс, соңғы сөздері өз орындарынан ауысып түскен. Жазылған емес, айтылған, оқылған емес, естілген сөздер тәрізді оқыс әсер етеді. Инверсияның құбылу күні де, мүмкін, осында шығар. Инверсия өлеңді сөзде осындай әсерлі болу үшін ғана емес, сонымен қатар әсіресе ұйқас үшін, ырғақ үшін жиі қолданылады. Ақынның:

*Сен құрметте оны!*

*Түсіндің бе, қарағым?*

*Ол ақшаға сатқан жоқ,*

*Тізеден кесіп аяғын.*

*Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,*

*Қолтықтағы ұзын таяғын.*

**(Ә.Сәрсенбаев)**

Осы өлеңді әдеттегі заңды тіркестер тәртібінен құрсақ, мұншалықты әсерлі болып шықпас еді. Ақын айтар ойын инверсия айшығына салып, әдейі "бұзған" да, жай сөз емес өлеңге айналдырып, бұрылған ұғым үстіне енді әсерлі жылу, қызу қосқан.

**Сөз тастап кету, яки эллипсис** *(грекше ellisis-түсіріп тастау, аттап айту) – сөйлем ішінде немес өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету.* Эллипсис кейде эвфемизмнің орнына да қолданыла береді: кейбір былапыт сөздерді бүкпелей жұмсартып жатпай-ақ, тастап кетсе де түсінуге болады.

– Шап, әкеңнің… – дедім мен оған ақырып.

**(С.Мұқанов "Мөлдір махаббат")**

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Тілді құбылту құралдарының түрлері қандай?
2. Олардың бір-бірінен өзгешеліктері неде?
3. Тілді ажарлау деген не, оның қандай түрлері бар?
4. Поэтикалық фигуралардың, яғни инверсия, арнау, қайталау, шендестіру, егіздеу секілді тілді айшықтау құралдарының көркем туындыда атқаратын қызметіне сипаттама беріңіз.
5. Поэтикалық фигура деген не?
6. Айшықтаудың (фигураның) қандай түрлері бар?
7. Арнаудың өзіндік ерекшелігі және қандай түрлері бар?
8. Қайталау деген не, оның қандай түрлері бар?
9. Шендестіру қандай міндет атқарады?
10. Градация (дамыту) деген не, оның қандай түрлерін білесің?
11. Троптың қандай түрлері бар және анықтамалары?

## ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ. ӨЛЕҢ ЖҮЙЕЛЕРІ. ҰЙҚАС ТҮРЛЕРІ

### ЖОСПАР:

1. Поэзия мен көркем қара сөз.
2. Өлең сөздің табиғаты.
3. Өлең жүйелері, олардың халықтың тілдік жүйесімен байланыстылығы.

а) метрикалық өлең жүйесі, ерекшелігі.

ә) силлабо-тоникалық өлең жүйесі, ерекшеліктері мен кейбір үлгілері

б) тоникалық өлең жүйесі

в) силлабикалық өлең жүйесі, бұған түркі халықтары поэзиясы мен қазақ өлеңінің жататындығы.

4. Буындық өлшемі.
5. Өлең құрылысын талдау жолдары.
6. шумақ пен тармақ, бунақ және буындық өлшем түрлері.
7. Қазақ өлеңіндегі ұйқас түрлері.

**Тармақ** – поэзиядағы өлең ырғағының негізгі бөлшегі; буын саны тұрақты келетін, өлең жолы.

**Бунақ** – өлең жолының, яғни тармағының ырғақтық жағынан жекелеген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы; көбейген сайын өлеңнің ырғағын күшейтіп ширата түсетін өлең тармағының бөлшегі; әр тармақтағы дауыс толқынының соқпа-соқпасы; тармақ ішіндегі буындардың белгілі ретпен, белгілі мөлшерде топтасып, қысқа бөлшектерге бөлінуі; тармақтың ырғақ құрылысы жағынан жекелеген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы.

**Шумақ** – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының белгілі ретпен топтасуы; кем дегенде ырғақтық өрнегі ұқсас екі тармақтан тұратын өлеңнің бөлшегі; өлеңді сөйлемдердің синтаксистік құрылысы жағынан

тиянақты болып келетін өлең бөлшегі; аяқталған синтаксистік ой жинақталған синтетикалық шындық.

**Ұйқас** – өлең-жырларда тармақтың соңындағы бірнеше буынның келесі тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі; өлең тармақтарының шек-жігін айқындай түсетін, өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізетін, өлеңнің әуезділігін арттыратын нәрсе; сәйкес тармақтардың соңғы буындарының өзара үйлесуі.

**Өлең өлшемі** – өлең, жырларда біркелкі ырғақ сақтау үшін қолданылатын өрнек; сөздердің тек сыртқы өрнегі емес, ойдың өрістеуі, сөздердің мағыналық өзара байланысып-қиюласуына орайлас ырғақтың негізі; орыс поэзиясында тармақ ішінде екпін түсетін буын мен екпінсіз буынды белгілі тәртіппен орналастыру арқылы жасалатын ырғақтың негізі. Оның негізгі үлгілері – силлабо-тоникалық өлең жүйесіндегі ямб, хорей, анапест, дактиль, амфибрахий т.б. Бұл–қазақ поэзиясында буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалатын ырғақтың негізі.

**Өлең ырғағы** – өлең сөзге тән өлшемділік, өлеңде белгілі бір өлшемді, үлгі-өрнекті қолданудың нәтижесі; қазақ поэзиясында тармақтағы, бунақтағы буын санына байланысты жасалатын өлеңнің басты қасиеті; орыс поэзиясында екпінді буындардың орналасу ретіне қарай анықталатын өлең жасаудың негізі. Бұл – өлең атаулының негізі, оның өн бойында дүрілдеп тұратын нәрсе; қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы; жасанды емес, табиғи, өнерге ғана емес, өмірдің өзіне тән нәрсе, жаз бен қыс, көктем мен күз, күннің шығуы мен батуы …адамның …жүрек соғысы… тәрізді өлеңге ең қажет нәрсе; … Өлең жасаудың негізгі құралы, ақындық өнердің басты шарты (З. Ахметов); сөз өнерінің өзге түрінен өлеңнің басты өзгешілігі; өлең сөздің қайталанып келіп отыратын мөлшерлері бөлшектері туғызатын нәрсе.

## Өлең жүйелері

**Метрикалық** (грек. *metron* - өлшем) – арқауында ән жататын әуезді жүйе. Бұл өлең жүйесі көне дүние әдебиетіндегі өлеңдердің әнмен, музыкалы мақаммен айтылуына байланысты ежелгі грек, рим поэзиясында кең орын алған. Ол өлең ырғағы ұзын буын мен қысқа буынның кезектесуіне негізделеді. Оның ямб, хорей, дактиль, анапест, амфибрахий, антипаст, бахкий, антибахкий т.б. түрлері бар.

**Силлабикалық** (грек. *Sillabe* - буын) – буынға негізделетін, яғни өлеңде буын санын тұрақты мөлшерде сақтайтын өлең жүйесі. Француз, чех, итальян халықтарының және қазақ, өзбек, қырғыз, татар секілді барлық түркі тілдес халықтардың поэзиясында қолданылады. Ол – өлең ырғағының тірегі-буын, яғни ырғақ буын санымен өлшенетін жүйе Мұнда екпінді буындар айрықша бөлектене қоймайды, сондықтан бұл өлең жүйесі барлық буындар ырғағы жағынан негізінде біркелкі естілетін тілдерге тән болып келеді.

**Силлабо-тоникалық** – өлең ырғағы екпінсіз буын мен екпінді буындардың кезектесуіне негізделетін жүйе. Орыстың XVIII ғасырда Тредиаковский, Ломоносовтардан басталған классикалық поэзиясында кең түрде қолданылады және неміс, ағылшын поэзиясына да тән өлең жүйесі. Бұл өлең жүйесі–ежелгі грек әдебиетіндегі ямб, хорей, анапест, амфибрахий тәрізді өлшемдердің кестесін алған, ырғағы мүлде басқа (екпінді буын мен екпінсіз буынның кезектесуіне негізделетін жүйе), өлшемі – әрі буын, әрі екпін: ырғақ, шумақ, тармақ, бунақ-бәрі буын мен екпінге бірдей негізделетін жүйе.

**Тоникалық (грек. *Tonos* – екпін)** – ырғақ екпінді буындарға негізделетін, екпін түспейтін буындар есепке алынбайтын өлең жүйесі. Яғни мұнда ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ-бәрі екпінге негізделеді. Бұл – тармақтағы әр сөз бір екпінмен нықтап, бөліп-бөліп өз алдына айтылып, дербес ырғақтық бөлшек құрайтын өлең. Бұл өлең жүйесі орыстың халық

поэзиясында қолданылған, кейінгі дәуірлерде, орыс әдебиетінде Маяковский орнықтырған.

**Қазақ өлеңінің буын санына қарай түрлері**

**6 буынды өлең**

а) Қызарып, сұрланып,
   Лүпілдеп жүрегі;
ә) Өзгеден ұрланып,
   Өзді-өзі керегі;
б) Аяңдап ақырын,
   Жүрекпен алысып;
в) Сыбдырын, тықырын
   Көңілмен танысып;

**7 буынды өлең**

а) Күнде жақсы бола ма,
   Бір қылығы жаққанға;
ә) Жылап отыр ата-анаң,
   Сапарыңды қи деді;
б) Көп жолдаспен барсаңшы,
   Ел-жұртыңды жи деді;
в) Таяқ тайға жеткізер,
   Тай құнанға жеткізер;
г) Құнан атқа жеткізер,
   Ат мұратқа жеткізер;

**7-8 буынды өлең**

а) Арқада бір жер бар еді,
   Жібек самал саясы;

ә) Саяда бір көл бар еді,

Сырлы кесе аясы;

б) Өзім жалғыз, өзім жас

Боламын кімге сыйынды?

в) Жалғыз қайтіп барасың,

Жалғыздық ісі қиынды;

**8 буынды өлең үлгілері**

а) Сұлудай толып бұралған,

Жібекке жасыл оранған;

ә) Жас өрім  талдың жапырағы,

Сарғайып тосқан еріндей;

б) Ұялшақ  көркем келіндей,

Сүюге тосқан еріндей;

в) Мал бағып шауып ойнаған,

Үйреткен асау бойлаған;

г) Көк жасыл шөбі жайнаған,

Сағындым еркін даламды.

**9 буынды өлең**

а) Отаным  кең дала орманды

Болаттан соғылған қорғанды;

ә) Бақыттың, шаттықтың мекені,

Қолдаймын, қорғаймын ордамды;

б) Айдын көл, дарқан ел, туған жер

Жастарың жалынды жауынгер;

в) Жарқын жаз – үйрек-қаз жүретін,

Күміс су, кең байтақ жасыл бел;

**10 буынды өлең**

а) Өңімде  ме еді, түсімде ме еді,

Көріп ем   ғой бір армандай қызды;

ә) Бір нәзік сәуле күлімдеп еді,

Сұрапыл соғыс соқты да бұзды;

б) Сапырды дауыл, тебіренді теңіз,

Тулады толқын, шайқалды шың қҰз;

в) Қып-қызыл оттың ішінде жүрміз,

Қайда екен қайда, дариға сол қыз;

**Аралас буынды өлең**

а) Сайрай  бер, тілім,

Сарғайған соң  бұл дерттен;

ә) Бүгілді белім,

Жар тойған соң әр серттен;

б) Бойы бұлғаң,

Сөзі  жылмаң,

Кімді көрсем, мен сонан;

в) Бетті бастым,

Қатты састым,

Тұра қаштым жалма-жан;

**11 буынды өлең**

а) Тұлғаңды  арманыма ұқсатқанмын,

Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын;

ә) Есімде  әліппені  жаттатқызып,

Ең алғаш  қолға  қалам ұстатқаның;

б) Жас дәурен - гүл жазира  қайран жазым,

Тыңдаған ерке сұлу айтқан назын;
в) Жас дәурен - жігер оты жанған жалын,
Көрмесем қызығыңды армандаймын;

**12 буынды өлең**

а) Сөнбейтін от тастап кетіпсің сезімге,
Мен соны аңғармай қалыппын кезінде;
ә) Көп болды өзіңсіз атуда таңдарым,
Кінәлі емессің сен оған, арманым.
б) Бәрін де кешір, сен, шаттығым еңселі,
Осылай оп-оңай жоғалттым мен сені.
в) Ол күннің сағым боп ұшарын білдік пе?
Тек қана сағыныш қартаймас тірлік те;

**13 буынды өлең**

а) Түн жамылып келеміз, айсыз ашық аспан,
Төбемізде жұлдыздар үнсіз жымыңдасқан;
ә) Бара жатқан зымырап байқалмайды уақыт,
Бұл не деген қуаныш, бұл не деген бақыт;
б) Алматының гүл бағын аралаймыз ұзақ,
Қиялменен кетеміз кейде алысқа ұзап;
в) Күйге толы көңілдер, араластық биге,
Қандай ыстық осы шақ, асықпа сен үйге;

**14 буынды өлең**

а) Көркемдік бар дегенді ғашықтардың тілінен,
Еркіндік бар дегенді ескен желден біліп ем;
ә) Менен сұра соғыстың тастап кеткен зардабын,
Ауыл қайтіп көтерді, қан майданның салмағын;

б) Менен сұра жас бала қайтіп әйел алғанын,
Менен сұра жас қыздың қайтіп шалға барғанын.

**15 буынды өлең**

а) Бұлбұлдың сыны толады тамыр шілде күнінде,
Қуанып сайрап қонады бірінен соң біріне;
ә) Көлде құстар қаңқылдап, шалғынды шайқап жол соғып,
Шағала шалқып, шаңқылдап, көлден көлге құс тоғып;
б) Сонда бұлбұл сайраса қан қызар, қайғың сарқырар,
Сайратып әркім ойласа, шымырлатар шырқырар;
в) Толқыныңнан қайтпас қайрат көрем мен,
Асқақ үнді жыр шумағын таптым теңіз сенен мен.

**18 буынды өлең**

а) Үмітке толы арманға толы әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе қалуы мүмкін жамырасуға жарамай;
ә) Сағынбай барсаң, теңізде сенің тебіренбес жастық шағыңдай,
Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.

## Ұйқас түрлері

**Аттамалы (кезекті) ұйқас**

а) Солқылдата соғылсын,
Бесжылдықтың балғасы;
Арқырасын асаудай,
Өндірістің арнасы;
ә) Ол жаққа тағы қараймын,
Қолға алам да картаны;
Шығыста туған елім бар,
Жүрегім соған тартады;

**Егіз ұйқас**

а) Жазға күз кеп жалғасар-ау,
Күзді келіп қар басар-ау;

ә) Бәрін де көр, жан қосағым,
Алда мұнар, алда сағым;

б) Жаз айында байқаймысың, ақын-ау,
Самайыңа түсіпті ғой ақ қырау…;

в) Деп достарым кездескенде тағар сын,
Мейлі-мейлі сақал шашым ағарсын;

**Қаусырма (орама) ұйқас**

а) Ауылдың алды айдын көл,
Айдын көлде шағала,
Айдын көлді жағала,
Айнала қонған қалың ел;

ә) Ауылдың алдын абайла,
Ауылдың алды Ұлы көш,
Алдында өткел оны кеш,
Аяңда, ауыл, аяңда;

б) Ауылдың алды асқар тау,
Асқар таудан асармыз,
Асып жайлы жасармыз,
Ел ер жетіп есен-сау.

**Қара өлең (ақсақ) ұйқасы**

а) Әйел, еркек, жалпы жас!
Көтеріл, көрін, көзіңді аш!
Жаңбырлы жазғы жапырақтай,
Көркей, көгер, гүлің шаш;

ə) Баршаларың бауыр жас,
Бастас бәрің бауырлас.
Иықтасып теңеліп,
Қамдан, жатпа, қауымдас;

**Шалыс ұйқас**

а) Біз жастар заманның
Иесі, қожасы.
Жаралған адамның
Жалынды жаңасы;

ə) Екі асық құмарын,
Бір жолдан қайта алмай,
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта  алмай;

**Шұбыртпалы ұйқас**

а) Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты.
Арада неше қонықты,
Жетемін деп зорықты;

ə) Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай.
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,

Жан біткенге жалынбай,

Жақсы өліпсің, япырмай!

## Өлең түрлері

**Ақ өлең** – силлабикалық және силлабо-тоникалық өлең жүйесіндегі ұйқассыз өлең. Еуропа халықтарының поэтикалық жадында “ақ” сөзінің ”белгісіз, аяқталмаған, толықтырылмаған” деген ұғымдардың семанти-калық баламасы ретінде қолданылуына байланысты өлең түрі. Тармақтардың соңындағы сөздердің дыбыстық тұрғыда үйлеспеуі, қабыспауы (ұйқастың белгісіз қалыпта … қалуы).

Ақ өлең – Еуропада XVI ғасырда Ұйқассыз антикалық поэзияға еліктеу әсерімен қайта жаңғыртылған, әуелде драмалық, эпикалық жанрларда пайдаланылған, кейіннен романтикалық элегияның, лирика-лық еркін өлеңнің өлшеміне айналған түр. Орыс әдебиетінде XVIII ғ. В Тредиаковский, А.Сумароков, А.Радищев), кейінірек А.С.Пушкин (”Борис Годунов”, ”Кішкентай трагедиялар”) Н.М.Карамзин (”Илья Муромец”), Н.А.Некрасовтар (Ресейде кім жақсы тұрады?) халықтың стильге еліктеу мақсатымен ұйқассыз жазған өлеңдердің озық үлгілерін Пушкин, Лермонтов, Фет, Блоктар тудырған.

Қазақ сөз өнерінде шешендік тақпақтаудың ұйқасқа емес, ырғаққа негізделген кейбір үлгілерінде, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Т. Ахтанов пьессаларында қолданылған бұл өлең, негізінде, үйлесуге аса икемді, Ұйқас қоры мол қазақ поэзиясының табиғатына сіңісе алмағанымен, бірлі-жарымды кездесіп отырады. Мысалы,

*Қызыл іңір, қызғылт қыр,*

*Қыжым аспан, қызыл жер,*

*Қызыл көйлек қыз бала,*

*Қызыл бауыр бұлттарға,*

*Қыр басында қызығып,*

*Қолын бұлғап қарап тұр.*

**(Ұ. Есдәулетов)**

**Қара өлең** – қазақ халық поэзиясының 11 буынды, 4 тармақты болып келетін, а-а-б-а түрінде Ұйқасатын байырғы жанрларының бірі.

Бұл өлеңге кезінде Ш.Уәлиханов: ”…– әдеттегі үйреншікті өлең, бұл өлең – 4 жолдан құралған жеке шумақ. Әр шумақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді”, – деп анықтама берген.

Қазақ поэзиясының барша жанрының жүгін бірдей арқалаған, әдебиетімізде ежелден бар, қанатын кең жаюы тарихи-мәдени аренадан жыраулардың ығысып, ақындар типінің біржола басым болуымен тікелей байланысты (XIXғ.), қазақ өлеңінің құрылымында өте жиі ұшырасатын өлеңнің бҰл түрі бастапқы екі жолы көбіне аяқталған, тиянақты ойға, айқын образға негізделіп, ассоциативті-психологиялық арқау ролін атқарып, кейінгі екі жолмен логикалық, эмоциялық ыңғайда қабысуымен ерекшеленеді.

**Ерікті өлең** – қалыптасқан өлең өлшемін берік сақтамай тармақтардың ырғағын еркін өрнектейтін өлең түрі. Поэзияда орныққан ырғақ өрнектерді тірек етеді. Көлемі, ырғақ-өрнегі әр түрлі тармақта еркін топтастырылады. Бұл – ырғағы құбылмалы келетіндіктен сөйлеу интонациясына өте жақын, алайда өлеңдік сипатын жоғалтпайтын өлең түрі.

**Мысалы,**

*Садағына сар жебені салдырған,*

*Садағының кірісін,*

*Сары алтынға малдырған,*

*Тереңмен көзін ойдырған.*

*Сұр жебелі оғына,*

*Тауықтың жүнін қондырған.*

**(Махамбет)**

*Далам менің,*

*Жаутаңдап өзің жаққа,*

*Сағынышымды өлең қып жиі арнайтынмын,*

*Кеңдігіңді аңсап сәнді үйге сыя алмайтынмын.*

**(Ф. Оңғарсынова)**

## Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Өлең сөздің табиғаты қандай, оның қара сөзден өзгешелігі неде?
2. Өлең жүйесі деген не, оның қандай түрлері бар?
3. Метрикалық өлең жүйесіне сипаттама беріңіз.
4. Силлабикалық өлеңнің табиғатын түсіндіріңіз.
5. Қазақ өлеңінің буын санына қарай қандай түрлері бар?
6. Қазақ өлеңінің буын санының әрқайсысына сипаттама беріңіз.
7. Қазақ өлеңіндегі ұйқас түрлері қандай?
8. Қазақ өлеңінің құрылысындағы соны ізденістер туралы не айтуға болады.
9. Поэзия дегеніміз не?
10. Көркем қара сөздің өзіндік ерекшеліктері.
11. Өлең жүйелерінің қандай түрлері бар?
12. Метрикалық өлең жүйесі қандай болады?
13. Силлабо-тоникалық өлең жүйелерінің қандай ерекшелігі бар?
14. Тоникалық өлең жүйесі.
15. Силлабикалық өлең жүйесі және оған қазақ өлеңдерінің қатысы.
16. Өлеңдер құрылысына қарай қалай жіктеледі?
17. Қандай ұйқас түрлері бар?

# ӘДЕБИЕТТІҢ ТЕКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ (ЖАНРЛАР)

## ЖОСПАР:

1. Әдебиеттің үш текке (эпос, лирика, драма) бөлінуі. “Тек”, “түр”, “жанр” терминдерінің мағына-мәні.
2. А.Байтұрсынов әдебиеттің текке, түрлерге бөлінуі жайлы.
3. Эпостық тектің табиғаты.
4. Лирикалық тектің бейнелеу тәсілінің ерекшеліктері.
5. Драмалық тектің бейнелеу тәсілдерінің ерекшеліктері.

Әдеби жанр (французша-тек, түр) шартты түрде екі мағынада қолданылады. Дұрысында, жанр әдебиеттің тегі емес, тегінен тарайтын ішкі тармақтар.

Шығарманы белгілі бір жанрға жатқызудың бірінші сипаты қай текке қатысты екендігі болса, екінші сипаты қандай сарынмен жазылғандығы, ал үшінші сипаты қандай көлемде, қалай құрылғандығы деуге болады.

Әрбір әдеби туындының жанрлық табиғаты әр алуан: көлемді эпикалық шығармада өмірдің күрделі шындығы нақты көркем тұлғаларға жинақталып, олардың өзара қарым-қатынастарынан туған қат-қабат оқиғалар арқылы ашылса, лирикада адамның жек басына тән көңіл-күйі, нәзік және терең психологиялық тебіреністері суретеледі.

Ал драмалық шығармаларда көбіне адамдардың қимыл-әрекетіне, қақтығыстарына-түрліше тағдырлар тартысына-құрылатыны мәлім.

Жанр-тарихи категория. Сондықтан ол барлық заманға бірдей қатып-семген дүние емес. Ол-заман талабына сай өзгеріп, жаңғырып отыратын құбылыс. Кез келген жанр кез келген әдебиетте өніп, өркендей бермейл-ді. Оған қолайлы жағдай қажет, тиісті дәстүр керек. Екінші сөзбен айтқанда,

белгілі өсімдіктің тек белгілі бір топырақта ғана, белгілі жыл мерзімінде ғана өсіп-өнетіні секілді, белгілі әдебиет жанры да белгілі бір тарихи – қоғамдық,мәдени-ұлттық жағдайда өсіп, өнеді.

Францияда XYIII ғасырда классицизммен бірге өріс алған ода жанры сол классицизммен бірге XIX ғасырда бүкіл Европа әдебиетінің сахнасынан түсіп қалды. Кей жанр үздіксіз ұзақ өмір сүрсе (мысал), кей жанр кейде сөніп, кейде лап етіп жанады. (сонета).Әдебиеттегі тегі бейнелеу тәсілінің үш түріне қарай жіктеледі: бірі автордың өз атынан баяндау (эпика), екіншісі-геройдың толғанысы (лирика), үшіншісі-геройлардың өзара қақтығысып сөйлеуі (драма).

Әр жанрдың әдеби түр ретінде тууы мен қалыптасуының, жамуының негізінде мазмұнның ұланғайыр құбылулары-пайда болуы, өзгеруі, өсуі, өшуі жатыр. Жанр жасайтын байыптауға әншейін пішін тұрғысынан емес, мазмұн тұрғысынан келіп, оның ішкі даму заңдылығының тарихын талдап, тексеру керек, яғни историзм принципі тұрғысынан келу керек.

Әрбір адам шығарма-белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Әр дәуірдің өз шындығы болатындықтан, бұлар бірін-бірі қайталамайды: тектері мен түрлері ұқсас болғанмен Шекспир трагедиясы Мүсірепов жазған трагедиядан, Бальзак романы Әуезов романынан, Абай поэзиясы Жансүгіров поэзиясынан өзге екені сөзсіз. Жанр даму үстінде болатындықтан, жанрлық дамудың өзі-тірі процесс. Шығарманың жанры, яғни кейпі дегеніміз бірыңғай және біркелкі қиысқан өзгеше сипаттардың ерекше образ жүйесінің, айрықша композиция құрылысының, лайық тіл оралымының, белгілі интонацияның т.б. нақты бірлігі деп білу керек.

Көркем творчество жанрларға бөлінбей тұрған көне дәуірде әдеби туындыға тән бірден-бір сипат поэтикалқ синкретизм болғаны мәлім.

Синкретизмде жанрлық сипаттар жапа-тармағай қосылып жатты. Мәселен, бір топ адам қосыла әндететін баяғы хорлардың мазмұнында кейде бастарындағы күйініш-сүйіністер (лирикаға тән сипат)-араласып, кейде ән

бастаушы мен қлстаушылар арасындағы диалогтар (драмаға тән сипат) кездесіп отырады.

Осылардың бәріне қоса, хорға адамдардың дене қимылдары, бет құбылыстары, билері араласатын да, өнерге қолма-қол сахналық сипат беретін. Қоғамның даму барысында синкретизм жойылды да, өнердің жеке дара түрлері пайда болды. Бір поэзияның өзі талай түрге бөлінді. Ол түрлер ғасырдан-ғасырға өзгеріп, ескісі жоғалып, жаңасы туып отырды. Бұл-жанр табиғатындағы бұрыннан болған, бар және бола беретін заңдылық.

Эпос (грек сөзі-баяндау, әңгімелеу,тарихтап айту)-көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда, өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

**Сөз өнеріндегі тек пен түр, жанр туралы пікірлер**

“Әдеби жанр термин ретінде шартты 2 мағынада қолданылады:

1) Әдебиеттің тектері – эпос, лирика, драма; 2) Әдеби шығарманың түрлері: әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия т.б … Әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр” (З.Қабдолов).

“Жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы“ (Т.Қожакеев).

“Тәжірибеде әдебиеттің эпос, лирика, драма сияқты тектерін жанр деп қате қолданушылық кездеседі. Дұрысында жанр әдебиеттің тегі емес, тегінен тарайын ішкі тармақтар” (“Жанр сипаты” атты ұжымдық монография).

“Жанр дегеніміз – тек пен түрдің т.б. түрлі көркемдік компонент-тердің бір-біріне кірігіп, түрліше құрамда қолданылу барысында пайда болған әдеби шығарманың тарихи қалыптасқан түрі” (Д.Ысқақұлы).

**Эпос** (грекше *epos* - баян, әңгімелеу, тарихтап айту) – оқиғаны баяндап жеткізуге негізделетін, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, күй-жағдайын, мінез-қасиеттерін, өзара қарым-қатынастарын молынан көрсететін әдебиеттің тегі.

Ол өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейді, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып жан-жақты танытатын іргелі, күрделі әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі болып саналады. Оның туу, қалыптасу тарихы тым әріге адам санасының алғаш ояну дәуірлеріне тамыр тартып жатыр. Эпос – көркем творчествоның ең бір егде, етене, кең тынысты, кәмелетті түрі. Әдебиеттің бұл тегінде шығарма арқауы автор үшін "ішкі" субъективтік шындық емес, "сыртқы" объективтік шындық – жекелеген адамдардың көңіл күйі ғана емес, бүкіл халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи тағдырлары мен ұлттық даму заңдылықтары басты болып табылады. Шындық кең көлемдегі баяндау, әңгімелеу арқылы жинақталады, адамның өмір жолы кеңінен баяндалалып, оқиғалар молынан суреттеледі, адамдар арасындағы қарым-қатынас әр қырынан айқын көрсетіледі.

**Лирика** (гр. *Lyra* – ежелгі гректер үніне қосылып, ән салған музыка аспабы) – бас қаһарманы ақынның өзі ақын көкірегіндегі сезім-оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болып табылатын әдебиеттің тегі. Мұнда ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, сол бойда жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі беріледі. Бұл –шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. Мұнда шығарма мазмұны объективтік оқиғаның дамуы емес, субъектінің өзі және сол субъект арқылы өтетін дүниелер болып келеді. Көңіл бұрар, ой толқытар, я қуантып, я қайғыртар, я сергітер, я қажытар, субъектінің рухани өміріне ұрық себер, жүрегіне ұялар, толғағына айналар нәрсенің бәрі мазмұн болып табылады. Бұл – халық ауыз әдебиетіндегі салт өлеңдері той бастар мен жар-жардан, сыңсу мен беташардан, мұң-шер өлеңдері–қоштасу мен көңіл айтудан, естірту мен жоқтаудан бастау алатын әдебиеттің тегі. Жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, ой сезімін жалпы адам баласының қоғамға тән сипаттарын, заман, дәуір келбетін танытатын қасиет ерекшеліктерді көрсетеді.

**Драма** (грекше *drama* - қимыл, әрекет) – эпос пен лириканың қосындысынан туған “үшінші түрі, өз алдына бөлек” аралық әлем - “поэзияның жоғарғы тегі өнердің биік өрі” (Белинский) “Әдебиеттің ең қиын түрі” (Горький); шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиелініскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол көрсететін күрделі жанр; кейіпкерлерінің диалогы мен монологына және қимыл-әрекетіне негізделетін шым-шытырық шиеле-ніскен күрделі тартысқа құрылатын әдебиеттің тегі. Драманың классикалық үлгілерінде көлемді эпикалық шығармалардың сюжетін-дегідей басталуы мен байланысы, шиелінісі мен шешімі болатын бұл кезеңдер шебер қиыстырылып оқиғаны өрбіту тәртібі қатал сақталады. Оқиға қызу тартысқа құрылады, мейлінше шиеліністіріп, шарықтау шегіне әбден жеткізіп барып тынуы айрықша қасиеті болып табылады. Бұл – жеке адамның ойлану сезінуін көрсететін лирикалық тәсіл мен тұтас бір шиелініскен уақиғаны баян ететін эпикалық жанрға тән көркемдік тәсіл қабысып, ұштасып жататын, сондай-ақ дүниеге келгеннен театрмен бауырлас, телқоңыр, кіндіктес әдебиеттің тегі.

## Әдебиеттің тектері мен жанрлары туралы пікірлер

### Лирика

В.Г. Белинский лирика жайлы «Бар адамды бір адамның (ақынның) “қуанышымен қуантып, қайғысымен қайғыртар, шаттығына бөлеп, үмітімен тыныс татар, құлағымен естіріп, тілімен сөйлетер” жанр. Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке мені туралы айтса, – жалпы жұрт туралы, бүкіл адам баласы туралы айтқаны; өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән күллі қасиеттің бәрі бар», - дейді.

Ал белгілі алым И.Сельвинский «Әр ақынның өз пафосы бар. Сондай-ақ әр дәуірдің де өз пафосы болмақ. Ақынның оты өз мезгілінің жалынымен

толық тоғысса, лапылдаған жерден Шекспир, Гете, Пушкин шығады…» деген пікірді алға сүреді.

Қазақ ақын-жазушыларынан Ә. Тәжібаев «Лирика тілсіз түйсіктерге сөз береді, оларды тар кеуденің қыспағынан көркемдік өнердің таза самалына алып шығады да, ерекше өмір сүргізеді», - деген ойды айтады.

## Драма

Драма жайлы Н.В. Гоголь былай дейді - ***“Драма сахнада ғана тіршілік етеді, сахнасыз драма демсіз дене”.***

Ал А.П. Чехов ***“… алғашқы актіде мылтық ілулі тұрса, ақырғы актіде міндетті түрде атылуға тиіс”,*** - деген ойды түйеді.

Атақты орыс жазушысы М. Горький ***«Әдебиеттің ең қиын түрі. …Пьеса өзінде ойнаушы әрбір адамның сөзбен де, іспен де өздігінен, автордың қыстырма сөзінсіз-ақ сипатталуын керек етеді. …Пьеса автордың …еркін қол сұғуына жол бермейді, пьесада автордың көрермендерге түсінік беріп отыруына орын жоқ. …Пьеса жасау үшін сөйлеу тілінің пьесада қаншалықты зор, тіпті шешуші маңызы бар… Драмаға қойылатын негізгі талап – драма актуальды, сюжетті, оқиғалы болу керек»,*** - дейді.

**М. Әуезов**

…Формаға драматургиядан қатаң қарайтын жанр жоқ. Пьесаның көлемі 70-80 машина бетінен аспауы тиіс. Ал қай поэма, повесть не романның көлемі белгіленіп берілетін еді?

Драма көрушілердің көзін сәл бояған жалған оқиға, жалған қайшылыққа құрылмауы қажет. Әр пьесада өзінің негізгі элементтері… болуы шарт. Пьесаның шартты компоненттері деп отырғаным –экспозиция, байланыс, өзекті оқиға, шарықтау шегі, шешілу тағы басқа белгілері.

**З. Қабдолов**

Комедияның күші күлкіде, күлкінің күші шыншылдық пен табиғилықта. Шыншыл һәм табиғи күлкі терең мазмұнды тартыстан туып, толыққанды юморлық не сатиралық образдарға жинақталуы тиіс.

**Эпос**

**В.Г. Белинский**

“Біздің заманымыздың эпопеясы – роман… Романда эпостық тектің негізгі белгілерінің бәрі бар. Мұнда …миф жоқ, қаһармандардың адам айтқысыз зор тұлғалары жоқ, мұнда құдайлар әрекет етпейді, бірақ кәдімгі өмір прозасы бар”.

Романда өмір адам арқылы көрінеді және адам жүрегінің, адам жанының мистикасы, адамның тағдыры, оның халық өміріне барлық қарым-қатынасы роман үшін бай материал.

**И. Гете**

Бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген тамаша оқиға туралы шындыққа сыйымды әңгіме.

**А.Пушкин**

Ең парасатты – дәл және қысқа жазылған проза.

**Паустовский**

Нағыз күшті, нағыз құдіретті проза – жинақы проза, одан басы артық, айтпауға болатын жайдың бәрі алынып тасталған да, тек айтпауға болмайтын шындық қана қалған жинақылық – мұқият мықтының ісі.

**З. Қабдолов**

Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің айрықша асыл үлгісі.

**Шағын көлемді эпикалық жанрлар**

**Миф** (грек. *myfhos* - баян, аңыз, мысал) – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін

фантастикалық баян. Бұл адам баласының сонау алғашқы қауымға тән идеологиялық синкретизм тұсында етек алған аңқау әрі аңғырт ұғым нанымдарынан туған эпостың түрі болып табылады. Мифті халықтың бүкіл қауым боп қанаттандырған қиялынан туған қымбат қазына, жалпы эпос атаулының басы десек те болады. Миф кейіпкерлері – құдайлар, батырлар, әр алуан сиқырлы кереметтер болып, тартымды, қызық сюжетке құралатын көркемдік бояуы қанық, идеясы айқын, аса әсерлі шығармалар. “Адам баласының сәбилігі туралы” (Маркс) шежіре.

**Аңыз** – негізінде шындық жататын, әсіресе қиял аралас фантастикалық хикая, шындыққа жанасымды, көбіне тіпті өмірде болған, халық жадында сақталған оқшау оқиғалар жататын халықтық шығарма. Аңызға Асан қайғы, Жиренше шешен мен Қарашаш, Жәнібек хан туралы ел аузындағы әңгімелер жатады. Бұл – көркем түрі жағынан мифті еске салатын, көлемі шағын, оқиғасы қызық, адамдары аз, тілі таза, идеясы айқын эпостың түрі.

**Ертегі** – адам өмірінде не хайуанаттар дүниесінде болуға лайық, әр алуан қызық, кейде тіпті ғажайып оқиғаларды ойдан шығарып, өсіре әңгімелейтін көркем баян, әсерлі хикая. Бұл – әлем халықтарының ауыз әдебиетінің барлығында кеңінен тараған, көптеген елдерде сюжеті, тақырыбы, идеясы жағынан ұқсас болып келетін шығармалар. Оның басқа жанрлардан айырмашылығы: көлемі қысқа, сюжеті ықшам, композициясы жинақы, тілі ауызекі айтуға лайық, қарапайым, бірақ образдары өткір, дәл, мазмұны тартымды, идеясы бүкпесіз ашық миф пен аңызға ұқсас болып келеді. Сондықтан уақиғалары ғажайып, әсерлі баяндалады, тыңдаушысын елтітіп, эстетикалық тәрбие береді. Оның жалпы танымдық тәрбиелік мәні зор өте зор. Ертегі – “Халық жанының айнасы” (Белинский), ”Ең алдымен халықты мінездейтін” (Добролюбов) ауыз әдебиетінің үлгісі.

**Мысал** – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма. Оның тақырыбы

сан алуан, кейіпкерлері аң, құс, балық өсімдік дүниесі болып келеді. Кейде оқиғаларына адамдар да қатыстырылып отырады. Оның негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады және көбіне өлеңді шығарма түрінде келеді. Бұл – Ежелгі Грецияда – Эзоп, Францияда – Ж.Лафонтен, Германияда – Х.Геллерт, Англияда – Томас Мур, Ресейде XVIII ғасырда А.Кантемир, А.Сумароков, В.Тредиаковскийлер жазған, XIX ғасырда И.Крылов атасы болған жанр. Мұнда диалог тәсілі жиі қолданылады, баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым, жанры жағынан ғибратты, уағыздық сарындағы дидакти-калық әдебиет түрі болып келеді және кейде мысқыл-сықақ үлгісі ретінде де кездесіп отырады. Мысалды уағыздап, нақтылап айту тәсілі жағынан халықтың мақал-мәтелдерімен, нақыл-сөздерімен ұштасатын, түп-төркіні хайуанаттар туралы тұспалды мағынасы бар ертегі, қысқа әңгіме нұсқаларына ұқсас өлеңді шығарма десек те болады. Негізгі ерекшелігі: әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылып, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен сынайды. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясы астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма шымыр. Эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Мысалы:

*Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,*
*Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.*
*Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,*
*Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.*

(И.Крылов–А.Байтұрсынов)

**Новелла** (итал. *Novella* - жаңалық, соны сөз) – жеке адамдар басынан кешкен оқыс, оқшау оқиғалардан туатын, шағын эпикалық түр ретінде Еуропадағы ояну дәуірінде қалыптасқан түр. Новелланың үздік үлгілерін жасағандар: Италияда Боккаччо (“Декамерон”), Ресейде Н.Гоголь мен А.Чехов, Францияда П.Мериме мен Г.Мопассон, Америкада Эдгар По мен

О’Генри т.б. Новелланың әңгімеден айырмасы онда әдеттегіден тыс, өзгеше жағдай, ғажайып оқиға баяндалатын, оқиға желісі қызықты болып, тосын, күтпеген жерден аяқталады.

**Әңгіме** – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылатын көркем шығарма. Мұнда алдымен адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға суреттеледі. Ерекшелігі: аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдікті талап етеді. Сондықтан да қаламгерден нағыз шеберлік мектебін талап етеді. Жалпы, әңгіме –жауынгер, ұшқыр, өмір құбылыстарына шұғыл үн қосқыш, оқушысын тез тапқыш, өткір, икемді, сүйкімді жанр.

**Очерк** – суреттелетін шындық та, қаһармандары да ойдан шығарылмайтын, өмірде бар, болған ақиқат пен адам туралы шығарма. Оны өткен шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың жаңа шындығынан туатын өз кезінің үні, жаңаның жаршысы десек те болады. М.Горький оны көркем шығарманың өзі емес эскизі, ғылыми зерттеу мен әдеби шығарманың орта-сында тұрған аралық зат деп түсіндіреді. Ол – беллетристиканың да, публицистиканың да сипаттары бар әрі әдеби, әрі газет жанры.

**Фельетон** (франц. *Feuilleton* - парақ) – француздың парақ деген Ұғымды білдіретін сөзінен шыққан әрі әдеби, әрі газет жанры. Ол әдеби қасиеті мол жақсы үлгілерінде кәдімгідей көркем бейнелер, қызық мінездер, сатиралық типтер жасалуымен ерекшеленеді. Яғни ол –“…шағын көлемді, публицистикалық үнді, көркем тілді, сын-сықаққа бай, күлкі шақыратын, әдеби шығарма” (Т.Қожакеев).

## Орта және кең көлемді эпикалық жанрлар

**Повесть** (хикая) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі; композициялық құрылысының жинақылығымен, оқиға желісінің біркелкі өрістеп, байсалды баяндалуымен ерекшеленетін жанр. Мұнда қат-қабат шиеленіскен оқиғалар

тізбегі кездесе қоймайды. Сондықтан кейіпкерлері аса көп болмайды және сюжеттік желісі бір арнада өрістейді.

Негізінде повесть дегеніміз – ол да роман, бірақ оның көлемі кіші болады. Бұл жанрдың шын шебер өкілі – Гоголь. Гогольдің таңдаулы повестері – “Тарас Бульба”, ”Ескі заманның” помещиктері”… Көркемдік қасиеті жағынан бұларға жақын тұрған повесть – Пушкиннің “Капитан қызы”… Ал қазақ әдебиетіндегі Ж.Аймауытовтың “Күнікейдің жазығы”, М.Әуезовтің “Қараш-қараш оқиғасы”, ”Қилы заман”, Ғ.Мүсіреповтің ”Кездеспей кеткен бір бейне”, Ш.Айтматовтың “Жәмила”, ”Құс жолы” атты шығармалары үздік үлгілері болып табылады

Поэма (грек. *Poiema* - туынды) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Оның алғашқы нұсқалары – ауыз әдебиетіндегі уақиғалы жырлар болып табылады. Қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың аяғында кең тараған, көбіне шығыстық сюжеттерге негізделген дастандардың бір түрі болып келетін жанр. Еуропа және орыс әдебиетінде дамуы романтизм дәуірімен байланысты, субъективтік-лирикалық сарын басым келетін Байрон, Мискевич, Пушкин, Лермонтов шығармашылығында үлкен орын алады. Ал біздің әдебиетте Абайдың “Ескендір”, ”Масғұт”, Шәкәрімнің ”Ләйлі-Мәжнүн”, ”Қалқаман-Мамыр”, Ілиястың ”Күйші”, Мағжанның ”Батыр Баян” атты туындылары үздік үлгілері болып табылады.

**Тарихи жыр** – белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты туған эпикалық жыр. Мысалы, алтын орда, ноғайлы дәуіріндегі “Едіге”, ”Орақ-Мамай”, ”Мұсахан” т.б.; жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтардағы Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек т.б. батырлар туралы; ұлт-азаттық, бостандық жолындағы бұқаралық күрес сипатталатын “Исатай-Махамбет”, ”Хан Кене”, ”Жанқожа батыр”, ”Бекет батыр” т.б.; сондай-ақ 1916 жылғы патша өкіметіне қарсы халық көтерілісі туралы ”Аманкелді батыр”, ”Бекболат” секілді т.б. дастандар.

**Дастан** (парсы сөзі – тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) – Шығыс әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген, кейде өлең мен қарасөз араласып келе беретін түрі ретінде кездеседі. Мысалы, қазақ ақындарының шығыстық сюжеттер негізінде жазған "Рүстем–Дастан", "Ләйлі–Мәжнүн", "Сейфілмәлік–Бәдіғұл–Жамал", "Жүсіп–Зылиха", "Бозжігіт", "Атымтай Жомарт" т.б. шығармалары.

**Қисса** – қазақ әдебиетінде кітаби ақындардың Шығыс әдебиетінің сюжетіне шығарған дастандары, өлеңмен жазылған ертегі-хикая; ертерек кездегі ұзағырақ өлеңмен жазылған әңгімелердің атауы. "Қыз-Жібек", "Қобыланды", "Алпамыс", "Ер Тарғын" секілді эпикалық жырлардың ертеректе Қазан, Петербург, Ташкент қалаларында басылып шыққан үлгілерін де қисса деп атаған.

**Лиро-эпос жанры** – бір жағынан, лирикалық, сыршылдық сарыны бар, екінші жағынан оқиғалы болып, эпосқа тән сипатқа да ие болатын шығарма түрі. Көбінесе лирикалық дастан, лирикалық поэма (С.Сейфуллин "Аққудың айрылуы", М.Жұмабаев "Батыр Баян") түрінде кездеседі. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетіндегі "Қыз Жібек", "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" атты ғашықтық жырлар. Мұнда сюжетке енетін образдан басқа лирикалық геройдың образы да айқын көрінеді.

**Эпостық жыр** – оқиғаны, жайт-жағдайды баяндап айтуға негізделетін көлемді поэзиялық туынды. Мысалы, "Қобыланды", "Алпамыс батыр", "Ер Тарғын" атты т.б. батырлық жырлар. Мұны жаугершілік соғыс жайын баян ететін, батырлар дәріптелетін ұзақ поэзиялық шығарма десек те болады.

**Роман** – сюжеттік қҰрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін Ұзақ байтақ кеңістік ауқымында көрсететін көлемді эпикалық шығарма. Яғни кейіпкер бейнесі ол өмір сүрген уақыт, орта, байтақ кеңістік ауқымында жан-жақты мүсінделеді. Оның классикалық үлгілерін Стендаль, Бальзак, Диккенс, Тургенев, Толстой, Достоевский, Мопассан жасап, әлемдік

аренаға көтерген. Қазақ әдебиетіндегі жарқын үлгілері – Ж.Аймауытовтың. "Қартқожа", "Ақбілек"; М.Әуезовтің "Өскен өркен"; Ш.Айтматов "Боранды бекет", "Жан пида" атты шығармалары.

**Дилогия** (грек. *Di* - екі, *logos* - сөз, әңгіме баян) – бір-бірімен жалғастырылып, бір идеялық ой-тұжырымдар негізінде жазылған басты кейіпкерлері ортақ екі шығармамен тұтасып келетін кесек көркем туынды. Мұнда әр шығарма баяндалатын оқиғасы жағынан тиянақты болып, көбіне негізгі кейіпкердің өміріндегі белгілі бір кезеңді қамтиды. Сондықтан әрқайсысы жеке кітап болуға лайық шығармалар болып табылады. Мысалы, И.Ильф пен Е.Петров "Он екі орындық", "Алтын бұзау"; Ғ.Мүсірепов "Оянған өлке", "Жат қолында"; М.Мағауин "Аласапыран" т.б.

**Трилогия –** мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланысты негізгі кейіпкерлері ортақ келетін үш шығарма; яғни әр шығармасы бас-аяғы бүтін, өз алдына дербес туынды болып келетін өзара жалғасып, тұтасып жататын үш шығарма. Мысалы, Ә.Нұрпейісов "Қан мен тер"; І.Есенберлин "Көшпенділер", "Алтын орда".

**Роман-эпопея (дәуірнама)** – "…Бір роман кемерінде бірнеше роман иіндесе сыйысады… Алайда әр кітаптың өзіндік логикалық тынысы бар" (Т.Нұртазин); "Эпостың шыңы, оның негізгі қаһарманы – халық, суреттер шындығы – халық басынан өткен кезеңді құбылыстар" (З.Қабдолов).

**Эссе** – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғайтын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Оған батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар тән болып келеді. Сондықтан оны соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізіне жүздіретін, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын; сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылатын, автордың парасат байлығын, жарқын тапқыр

ойларын көрсететін өзгеше бітімді өнер туындысы деуге болады. Мысалы, Ф.Достоевскийдің “Жазушы күнделігі”; Т. Жұртбай. ”Бесігіңді түзе!”.

**Мемуар, естелік** (франц. сөзі – еске алу) – жазушының өзі көрген, білген уақиғаларын, әр түрлі адамдардың мінезін, іс әрекетін сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күй әуенімен суреттейтін туындысы. Яғни, автордың өз көзімен көрген, қатысып араласқан уақиғалар жағдайындағы өмірбаян, күнделік, жол жазбалары түріндегі шығармалар болып табылады. Негізгі ерекшелігі: деректілік, нақтылық, көзімен көрген, басы-қасында болған, адамның баяндауына тән айғақтық, болған жайды сол адамның өз түсінігі, өз пікірі тұрғысынан қарап, өзінше бағалауы; көркемдік қуаттылығы, өмір танытқыштық қасиеті, өмір құбылыстарын терең талдап, қорытындылай білуге, жинақтап бейнелеуі.

**Памфлет** (ағылшын сөзі - парақ) – негізінен нақтылы құбылыстың, саяси топтың жетекшілерінің типтік ерекшеліктерін дәл тауып әшкерелейтін қара сөзбен де келетін, өлең түрінде де кездесетін сатиралық шығарма. Мұнда заманның саяси-әлеуметтік тынысы полемикалық сарында, өткір сатира, сарказммен айқындала ашылып отырады. Алғашқы белгілері XVIII-XIX ғасырларда Жанкісі, Махамбет, Шернияз сынды қазақ ақын-жырауларының поэзиясында көрініс берген, XX ғасырда С.Дөнентаев, Б.Майлин, Ш.Смаханұлы қалам тартқан көп қырлы әдеби-публицистикалық жанр.

**Көсемсөз** – нақтылы саяси, экономикалық, әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға ықпал етуді мақсат ететін жанр. Әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерін қозғайтын, өз кезеңінің өзекжарды мәселелерін арқау ететін Ұрымтал, елгезек, кезеңдік жанр.

## Лириканың тарихи түрлері

**Ода** (грек. *Ode* - ән) – есімі елге тараған жеке адамдарды не батырларды мадақтаған я болмаса ел ішіндегі елеулі оқиғаларды дәріптеген аса көтеріңкі,

көңілді жыр. Әуелде Грецияда әр түрлі тақырыпқа арналып, музыкамен сүйемелдеп, хормен айтылатын өлең болған.

**Баллада** (итал. *Ballare* - билеу) – оқиғаға құрылған лирикалық сарындағы ұзақ өлең; ақын өзінің көңіл-күйін, толғанысын жырлап қана тынбайтын, сол сезімді туғызған себептерді оқиғаға айналдыра суреттеп көрсететін поэзия жанры. Әуелде орта ғасырларда Францияда би үстінде айтылатын оқиғалы жыр ретінде пайда болған. Кейін өткеннің ерлік істерін, қыз бен жігіттің қайғылы махаббатын, әруақ, жын-шайтан араласқан үрейлі оқиғалар жайлы елгезек сыр болып келетін лиро-эпостық сипаттағы шағын сюжетті өлең түріне ауысқан. Мазмұны көбіне тарихи шындық, оқшау фантастикалық хал, ерлік әрекет болып келеді.

**Идиллия** (грекше *eidyllion* - суреттеу, сурет) – қарапайым еңбек адамының табиғат аясындағы қамсыз, алаңсыз өмірін суреттейтін, алаңсыз, тыныш, тату-тәтті күй туралы өлең. Негізінен ақындардың, шаруалардың тыныш өмірін, табиғатқа жақындығын көтеріңкі леппен дәріптей суреттеуге ұмтылуынан туған. Мұнда әлде бір парықсыздау салтанат, қарекетсіз қызық, уайым қайғысыз қызғылт өмір туралы; мал баққан, шөп шапқан, егін салған, балық аулаған адамдардың тұрмысы, олардың сұлу табиғат құшағындағы өтіп жататын сауық-сайран туралы сөз болады.

**Сонет** (итал. *sonetto, sonare* - сылдырау, сыңғырлау) – сөздері әуезді болып, ұйқастары өрнекті келетін, сыңғырлап айтылуына назар аударылатын, өлеңнің, шумақтың кестесі мейлінше күрделі болып келетін 14 тармақтан тұратын өлең. Алғашқы сегіз жолы катрен, кейінгі алты жолы терцет деп аталады. Келісім кестесімен, сазды үнімен айшық өрнегі мен ойлы-күйлі мәнді мағыналы, тармақтар саны қатаң сақталатын өлең бұл өлең түрі арнаулы өлшеммен, әр түрлі тақырыпқа жазылатын сыршыл өлең түрі болып келеді. XIII ғасырда Сицилияда туған, Данте, Петрарка көп жазған, батыс Европаның басқа елдеріне кең тараған, классикалық үлгілерін Шекспир жасаған.

**Арнау** – әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге қандай оқиғаға байланысты екенін көрсететін, көбінесе өлең түрінде келетін автор сөзі. Сондықтан белгілі бір адамның бейнесін мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылатын дербес поэзиялық туынды болып табылады. Мұнда автордың өз шығармасын белгілі бір адамға ізет-құрмет көрсетіп, сый ғып тартатыны туралы айтылады. Кейде арнайы шарықтау, кейде көлемді лиро-эпикалық шығармаға бет ашар, кейде жеке адамдарға бағыштау түрінде де жазылады.

**Элегия** (грек *elegeia* - аянышты жыр) – көбіне тұңғиық ойға шолу, қамығу, жабығу сарындары басым, жабырқаңқы көңіл-күйін, тіршілікке, тағдырға, табиғатқа мегзей қарайтын лирикалық толғаныс, нәзік сыршылдық тән мұңды лириканың бір түрі. Мысалы, Абайдың "Ауру жүрек ақырын соғады жай", Мағжанның "Алдамшы өмір" атты өлеңдері.

**Эпиграмма** (грек. *Epigramma* - жазу) – жеке адамға арналып айтылатын сықақ өлең. Мысалы,

*Қайда Мағжан?*
*Мағжан мынау*
*Самолюбив,*
*Очень ленив, упрямый паренек.*
*Көрсе әйел,*
*Көзі жоқ ол көбелек;*

*Жолдан азып*
*Закон жазып,*
*Майқы боп*
*Ақын Мәкең*
*Отыр ма екен*
*Қайқиып;*

*Ақаң, Ақаң,*

*Тілек-батаң аққа жоқ.*

*”Я, жаппар хақ,*

*Мен шын нахақ”,-*

*Де де жат.*

## Қазақ өлеңдерінің тарихи түрлері

**Желдірме** – жырды термелеп ерекше қарқынмен жедел, екпіндете айту тәсілі, ”Жыр қарқынын үдетіп, өлең тосқынын ағылта, төгіп-төгіп жіберу үшін …” (М. Әуезов) қолданатын өлең түрі. Ол асқақ үн, шабытты, күй, лепті, қуатты сөз, жалынды лебіз, сыңғыр қаққан әуез, әсем ұйқас, шоқтай қызулық, әнге бейімділік, қанаттылық пен жігерлілікке негізделеді.

**Терме** – ғибраттылық мәні бар, моральдық идеялар тұрғысынан әр нәрсені теріп айтып, бір нәрседен екінші нәрсеге еркін ауысып отыратын қазақ халық поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі. Нақыл сөз үлгісінде құрылып, өнегелі, нұсқалы сөздердің тізбегіндей 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылады. Мұнда көбіне күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жайттар сөз болады, сөз бен әуен сабақтасып келеді, яғни сөзді айқын, анық жеткізуге лайық қысқа қайырылатын, жеңіл әуенмен айтылатын Қазақстанның батыс аймағы мен Сыр бойында мол дамыған өнер түрі.

**Толғау** – қазақ, қарақалпақ, ноғай секілді халықтардың ауызша поэзиясында кең тараған қоғамдық-саяси, кейде күрделі, көлемді лирикалық туынды тіпті сюжетсіз поэма дерліктей сипат алатын, ырғағы 7-8 буынды тармақтарға негізделетін өлең түрі. Оның мазмұнында маңызды қоғамдық-әлеуметтік, саяси философиялық тақырыптар, азаматтық әуендер кеңінен орын алады. Сондықтан XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше өркендеп, өзінің ең жоғарғы даму сатысына жеткен. Тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты болғандықтан, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар т.б., жыраулар шығармашылығына байланысты

туған жанр деуімізге де болады. Жалпы алғанда, толғау–ауызша поэзиялық өлеңді суырып салу дәстүріне сәйкес қалыптасқан, еркін, әр мөлшерде топтасып түйдек-түйдегімен шоғырланып келетін, белгілі бір мақаммен, лирикалық аспаптың сүйемелдеуімен айтылатын жанр.

**Арнау өлең** – белгілі бір адамның бейнесін, мінез сипатын суреттеу, азғана сөзбен кейіпкерді әзілмен дәл көрсету арқылы, оның қимыл-қозғалысқа толы жанды бейнесін, сымбатын портретін көзге айқын елестету мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды. Мысалы, Абайдың “Оспанға”, “Жайнаған туың жығылмай”, ”Кешегі Оспан ағасы” деп аталатын өлеңдері.

*Жан аға! Шықтым өлімнен,*
*Халімді менің көрсейші.*
*Жаның нұрға көмілген,*
*Нұрыңнан ұшқын берсейші.*

**(Мағжан “Жамбылға”)**

**Хат өлең** – арнау өлеңнің бір түрі. Мысалы, Абайдың “Мен сәлем жазамын” атты өлеңі мен “Жігіт сөзі”, “Айттым сәлем, Қаламқас”, “Қыз сөзі” (“Қиыстырып мақтайсыз”) атты ән өлеңдері; сондай-ақ оның үлгілерін С.Торайғыровтың “Қамар сұлу”, Б.Майлиннің ”Шұғаның белгісі”, С.Мұқановтың ”Мөлдір махаббат” атты шығармаларынан да кездестіруге болады.

**Арнау сөз** – әдеби шығармада автордың кейіпкерлерімен, оқырмандарымен, табиғат құбылысымен, әйтеуір қандай да жанды, жансыз нәрселермен тілдесуі. Мысалы, “Сорлы Ақбілек! Сен жыламай кім жыласын? Тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен, аруанадай анаңнан айырылдың. Жыла, жасың бұла. Жасыңмен қайғың жуылсын. Жасыңнан теңіз жиылсын. Теңізді дауыл толқынтсын. Құтырсын толқын, туласын!” (Ж. Аймауытов. “Ақбілек”).

## Лириканың тақырыптық түрлері

**Азаматтық лирика** – лирикалық поэзияның заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы, қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелері, халық тағдыры мен мүддесі, оның келешегі арқау болған саяси-әлеуметтік лирикамен астасып жататын сарын. Ол өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдардың ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып көрінуі арқылы жасалады. Мұнда адамның белгілі-бір дәуірге байланысты ой-арманын мақсатын жырланады, жалпы әлеуметтік мәселелер жайында толғанады, яғни халық қамын, оның қоғамдық халі арқау етіледі. Ақын заман сырын ашып, оның қайшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, алға, болашаққа жол сілтеп, ой қозғайды. Бұл – декабрист ақындар, сондай-ақ Пушкин, Лермонтов, Некрасов поэзиясында жиі кездесетін тақырып. Қазақ поэзиясында Абай, Сұлтанмахмұт, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов поэзиясында әлеуметтік маңызға ие болған лирика.

**Әлеуметтік лирика** – қоғамдағы, адамдардың қарым-қатына-сындағы елеулі құбылыстар халықтық, ұлттық мүдде туралы ақынның толғануы, тебіренуі; азаматтық парыз, ар-ождан, қауым алдындағы жауапкершілік, қоғам көтеріп отырған әр алуан жайлар, рухани жүк мазмұны болып табылатын лирика; халықтық, адамгершілік ізгі ойлар мен сезім басым сарын.

**Саяси-әлеуметтік лирика** – кезеңдік поэзияның саяси мәселелері көтеріп, әлеуметтік мақсат-мүдделерді паш ететін саласы. Қоғам өзгеріс алдында, бұқара толқын үстінде тұрған алма-ғайып кезеңде белсенділігі арта түсетін лирика. Кеңес дәуірінде идеологиялық қысымның ырқымен қазақ поэзиясы ұраншылдыққа, даурықпа мақтанға көп ұрынған лириканың түрі.

**Философиялық лирика** – ақындарды ой азабына салған ғалам сыры, тіршілік құпиясы, жазмыш жұмбағы туралы өлеңдер; терең ойлы шығармаларға мейлінше бай қазақ поэзиясында қазіргі түсінікте Абай өнернамасынан басталып, Шәкәрім, Мағжан творчествосында жалғасын тапқан лириканың түрі. Бұл–болмыс, өмір, тағдыр жайын толғайтын,

философия мен поэзия арасындағы мәңгі бірліктің айғағы. Еуропа мен орыс әдебиетінде Греция мен Рим дәуірлерінен келе жатқан философия-лық ағымдардың арнасында өркен жайған. Ж.Баласағұнның “Құтты білік”, Қ.А.Ясауидің “Диуани Хикмет” атты еңбектері мен Әлішер Науаидің гуманистік тұрпаттағы туындылары философиялық лирика-ның үлгілері болып табылады.

**Табиғат лирикасы** – ақындардың айнала қоршаған орта, оның түрлі жаратылыс сырлары туралы өлеңдері. Бұл–тіршілік атаулының бесігі болған жаратылыстың небір тамаша суреттерін жасайтын пейзаждық лирика, яғни Табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлау. Абайдың “Жаз”, ”Жазғытұры”, ”Қыс”, ”Күз”, ”Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” атты өлеңдері үздік үлгілері болып табылады. Абайдан кейін С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров сынды ақындар жырлаған мәңгілік тақырып.

## Драмалық тектің түрлері

**Трагедия** – құдіретті күш иесі, ғаламат қайсар, ақиық ер де өр тұлғалардың өмірдегі адам жеңіп болмас кедергілер мен кескілесіне құрылған күрделі сахналық шығарма; оқиғалары қатерлі, қайғылы халден туындап, бас қаһарманның қазасымен, мұңмен, зармен аяқталатын сахналық туынды. Ол негізгі кейіпкердің жан аямас күресіне, терең тебіреністері мен ішкі арпалыстарына құрылып, қайғымен аяқталады. Яғни, мұнда өмірдегі шиеленіскен күрес-тартысы, бір-біріне қарама-қайшы күштердің ешбір ымыраға келмеуі, белдескен күресі, қақтығыс-таласы суреттеледі, сол жолда негізгі кейіпкер опат болады. Бұл жанр ежелгі гректердің сахналық өнері дами бастағанда пайда болып, Шекспир тұсында айрықша зор биікке көтерілді. Оның үлгісі ретінде Эсхилдің “Бұғауланған Прометей”, “Парсылар”, Софоклдың ”Эдип патша”, Эврипидтің ”Медея”, “Электра”, Шекспир-дің “Отелла”, Пушкиннің “Борис Годунов”, Әуезовтің ”Еңлік-Кебек”, ”Қаракөз”,

Мүсіреповтің ”Қозы-Көрпеш–Баян сұлу”, Ш.Айтматовтың ”Ана – Жер ана” атты шығармаларын мысалға келтіруге болады.

**Комедия** – трагедияға керісінше “өмірдің биік поэзиялық сәттерін” суреттемейтін, қарапайым ”күнделік прозасын, ұсақ-түйегін, кездейсоқ жайттарын” (Белинский) суреттейтін сахналық шығарма. Яғни, ол – өмірдегі келеңсіз құбылыстарды, адам бойындағы қасиетсіздікті келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса. Мұнда өмірдегі қайшылықтар-дың терең тамырын қазбаламай, жеңіл қақтығыстар арқылы аңғарту басым келеді, адам бойындағы кемшілік, осалдықты бейнелеу жарасымды әзілмен, еріксіз күлдіретін тапқырлықпен астасып жатады. Өткір тілділік, әзілқойлық, күтпеген жерден оқыс жауап беруге икемділік бұл жанрдың тартымдылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, комедияда кейде кейіпкердің күлкі тудыратын бір мінезі алынып, сол бастан-аяқ әжуаланады, кейде шиеленіскен әрекет, оқиға басты роль атқарады. Тамаша үлгілері көне Грециядағы Аристофанның “Салт аттылар”, “Бақалар”, ”Бұлттар” атты туындыларынан басталып, оны Римде Плавт, Теренций дамытқан, Батыс Европада классицизм кезінде өрістеген (Мольер ”Сара””, ”Тартюф”). Бұлардың қатарына Фонвизин-нің “Тоғышарларын”, Гогольдің ”Ревизоры” мен ”Үйленуін”, Қ.Мұхамеджановтың ”Бөлтірік бөрік астында” атты шығармаларын қосуға болады.

**Драма** – трагедияға да, комедияға да жатпайтын сахнаға арналған шығарма. Мұнда уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлерді олардың іс-әрекеті, монологтар мен диалогтар арқылы көрсетеді. Кейіпкерлері өздерінің айтатын сөзі арқылы, сонымен бірге сахнадағы қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, сонда байқалатын жай-күйі арқылы бейнеленеді.

**Трагикомедия** – трагедияға да, комедияға да тән сипат-өзгеше-ліктер кездесетін драмалық шығарманың түрі. Негізгі кейіпкердің ауыр трагедиялық жағдайды басынан өткізуімен бірге, басқа кейіпкерлердің оғаш мінездерімен,

надан топастығымен, аңқаулығымен көрініп, әжуа күлкімен айтылады. Мысалы, А.С.Грибоедовтің "Ақылдан қайғы" шығармасы.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Әдебиетті қандай ерекшелігіне байланысты текке бөлеміз?
2. Әдебиеттің қандай тектері бар?
3. "Тек", "түр", "жанр" терминдеріне анықтама бер.
4. Эпос, лирика, драманың өзіндік ерекшеліктері.
5. Роман-эпопеяның жанрлық ерекшелігі қандай?
6. Әдеби тек, жанр, түр деген терминдердің ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
7. Эпикалық тектің түрлеріне сипаттама бер.
8. Лирикалық тектің қандай жанрлық түрлері болады?
9. Лирикалық бейнелеу тәсілінің ерекшелігі неде?
10. Лирикалық қаһарман сыры деген не?
11. Лирикалық шығармалар және тақырып мәселесі.
12. Лиро-эпостық шығармалардың ерекшелігі неде?
13. А.Байтұрсыновтың лирика туралы пікірін білесің бе?
14. Лирикалық тектің өзгешелігі неде?
15. Лирикалық тектің қандай тарихи және тақырыптық түрлері бар?
16. Драмалық тектің табиғаты қандай?
17. Оның түрлерінің бір-бірінен өзгешелігі, айырмашылығы неде?
18. Драма деген не? Оның қандай түрлері бар?
19. Драманың бейнелеу тәсілдерінің ерекшелігі неде?
20. Драмалық туынды қандай сипатта болады?
21. Трагедия және оның өзіндік ерекшелігі.
22. Комедия және ондағы өмір көрінісі.

## КӨРКЕМДІК ӘДІС. ӘДЕБИ БАҒЫТ, АҒЫМДАР

## ЖОСПАР:

1. Көркемдік әдіс туралы түсінік.
2. Романтизм мен реализмнің өзіндік ерекшеліктері.
3. Классицизм, сентиментализм ағымдарының тууы, өзіне тән ерекшеліктері.
4. Әдеби стиль жайлы ұғым. Стиль эволюциясы.

Көркемдік әдістің негізі - дүниетаным. Өйткені көркем шығарма жазушының өмір тарихымен тікелей байланысты. Жазушының творчествоы оның адамдық болмысымен, азаматтық бітімімен өзгеден бөлек өз өмір тәжірибесімен, білімімен, мәдениетімен, дүниетанымымен біте қайнасып жатады.

**Стиль** – әр суреткерге тән творчестволық ерекшелік, әр жазушының дара қасиеті, әдеби беті. Сондай-ақ, ол – жазушының өмір шындығын танып білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық, жазу мәнері, қолтаңбасы. Стиль жазушының өмірлік тәжірибесі негізінде, оның суреткерлік талантының табиғатына сәйкес қалыптасып дамиды. Яғни ол жазушының тақырыпты өзінше игеруі, өзінше ой толғап, өмірді бейнелеуі, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігі болып табылады. Сондай-ақ, стиль деп бір қаламгердің әралуан шығармаларындағы идеялық бірлік, тақырыптық, тілдік ерекшеліктер мен образ жасау тәсілдерін айтамыз. Яғни ол – әр қаламгердің өзіне тән тіл мәнері, сөз қолдануы, сөйлем құрауы, сөзбен сурет салуы не баяндап беруі, сыр ағытуы не сезімді жеткізуі; әр жазушының бүкіл творчествосының өн бойынан көрінетін идеялық-

көркемдік негіздің (идея-тақырып-мінез-тіл) тек сол қаламгерге ғана тән ерекшелігі.

**Әдеби ағым** – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік, әр алуан жазушының ортақ сипаты, әдеби бағыты, сондай-ақ әр қоғамдағы әр алуан жағдайлар туғызатын әр дәуірдегі идеологиялық күрестің әдебиеттегі көрінісі. Ол белгілі бір қоғамдық жүйенің белгілі кезеңдегі саяси-әлеуметтік сипатына сәйкес туып, сонымен бірге дамып, бірге жоғалып отыратын тарихи категория болып табылады. Оның мынадай түрлері бар: классицизм, сентиментализм, натурализм, абстракционизм, символизм, футуризм т.б.

**Әдеби әдіс** – "…өмірді образбен бейнелеп, көркем шындық жасау жолы. Екінші сөзбен айтқанда, өмірдегі болмыс дүниесінен өнер дүниесін, яғни тұтас бір шығарма көлемінде көркем образдар жүйесін жасау жолы (акт, процесс, тәсіл…)". (М.Қаратаев). Ол – суреткер творчествосы мен ақиқат шындықтың арақатысы, өмірдің өнерге, өнердің өмірге айналу жолы. Оны бір адамға ғана тән стиль де емес, бір қоғамға ғана сай ағым да емес, мұның екеуінен де әлдеқайда кең ұғым деп түсіну қажет. Ол өнердің өзімен бірге туып, өнер арқауы - өмірдің өзімен бірге дамып, жетіліп келе жатқан табиғи, тұтас құбылыс, барлық адамдар мен қоғамдарға тән, өнер атаулының бәріне ортақ тұрлаулы һәм тұрақты, өнердің өзімен туып, бірге дамып келе жатқан табиғи құбылыс болып табылады. Бұл – шындықты шын мәніндегі суреткердің өз көзімен образды түрде тану жолы, содан соң, өзі таныған шындықты бар өнерін төге, бар шеберлігін сала, көркем жинақтап, өзгеге таныту жолы; өнер туындысында адам образын жасауға, сол арқылы шындықтың сырын образды түрде ашуға қажет өмір деректерін белгілі бір эстетикалық талғам биігінен талдаудың, қорытудың және жинақтаудың өзгеше принципі; өмір шындығын өнер шындығына айналдыра саралап, белгілі бір қоғамдық идеал тұрғысынан қайта туғызудың айрықша типі. Оның түрлері: романтизм мен реализм.

**Әдеби ағым түрлері**

**Классицизм** (латын. *classicus* - үлгілі, өнегелі бағыт) – XVII ғасырдың аяқ жағында туып, XVIII ғ-дың орта тұсына дейін өнер атаулының бәрінде, әсіресе Еуропа әдебиетінде орасан кең өріс алған жұртқа мәлім, латынның үлгілі, өнегелі бағыт деген ұғымды білдіретін сөзінен шыққан ағым. Ол Еуропа елдерінде абсолютизм дәуірлеген кезде туған. Негізгі тақырыбы – ежелгі грек әдебиетіндегі сияқты ел өмірінің елеулі ірі оқиғалары, негізгі кейіпкерлері қолбасылар, батырлар, патшалар, корольдар болып келеді. Жанрлары кәдімгі антик әдебиетіндегідей трагедия, комедия, батырлық поэма, желғабаз ода, тілі де сол көне әдебиеттегідей көтеріңкі пафос, шешен һәм көсем сөз рухындағы бояма диалогтар мен монологтар, күлдібадам ақыл-нақылдар, атам заманғы архаизмдерге толы әсіре айшықтар болып келеді. Ал образдары не мінсіз жақсылар, не іске алғысыз жамандар кейпінде көрінетін, мазмұны мен пішіні үш бірлікке (уақыт, орын, оқиға) негізделген қатаң шартқа құрылады. Бұл – ең жақсы үлгілері патриотизм, ұлт мақтанышы, қоғам алдындағы борыш, асқақ мүдделер үшін айқас секілді асыл принциптер ұсынғанымен, ұшы-қиырсыз шарттылығы мен жасандылығы ақиқат өмірден алшақтататын ағым.

**Сентиментализм** (франц. *sentimentalisme* - сезімталдық) – XVIII ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырдың бас кезінде ағылшын және басқа Еуропа халықтарының әдебиетінде кеңінен өрістеген ағым. Мұнда жеке адамның жан дүниесін, көңіл-күйін суреттеуге, отбасылық тұрмысты, күнделікті тіршілікті, ұсақ және орта буржуазия, қолөнершілер мен шаруалардың өмірін сипаттауға мән береді. Орыс әдебиетінде ең көрнекті өкілі Н.М.Карамзин (“Бейшара Лиза” атты повесі). Әдеби ағымның бұл түрі XVIII ғасырдың орта тұсында өмірдегі абсолютизммен күрес идеясынан туып, өнердегі классицизмді ауыстыратын өз кезіндегі тың ағым болып табылады.

**Натурализм** (латын. *Natura* - табиғат) – өмір құбылыстарын табиғи қалпында айтып, баяндауды мақсат ететін бейнелеу тәсілі, XIX ғасырдың II

жартысында батыс еуропа әдебиетінде пайда болған ағым. Ол өмірді тексеріске, зерттеуге салмай, бар көрген-білгенді тек тәптіштеп айтып беретін, бір затты не адамды суреттегенде оның қалып-бейнесін, не қимылын жеріне жеткізе, майда-шүйде елеусіз бөлшектеріне дейін қалдырмай жеткізуді мақсат етеді. Себебі, қоғамдық, әлеуметтік құбылыстарға бейтарап қарайтын өмірдегі, тұрмыстағы жайлардың бәрі адамның биологиялық бітіміне, жаратылысына байланысты деп ұғады. Ол – адам кейпін, ісін, мал-жануарлар қимылын, айнала табиғат көрінісін қаз-қалпында суреттеу арқылы көбіне анайылыққа, тұрпайылыққа бой ұратын, қара дүрсін, жалаң баяндау арқылы эстетикалық қасиетінен айрылатын әдеби ағымның бір түрі. Француз әдебиетіне Эмиль Золя енгізіп, оның шығармаларында ұтымды жақтары көбірек көрінген кейінірек шығарма-ның негізгі оқиға желісіне қатысы жоқ жайлар айтылып, осал жақтары бой көрсеткен ағым.

**“Натуральдық” мектеп** – қоғам өмірінің терең қалтарыс, бұлтарыс-тарына дейін зерттеп жазу қажет деп санаған И.В. Гоголь бастаған орыс жазушылары реализмнің бір көрінісі ретінде енгізген, яғни XIX ғасырдың 40-50 жылдарында пайда болған әдеби ағым. Н.В.Гоголь (“Өлі жандар”), Ф.М.Достоевский (“Бейшаралар”), И.С.Тургенев (“Аңшы әңгімелері”) шығармаларында көрініс тапқан. Оның басты идеологы В.Белинский болған, өкілдері Ресейдің XIX ғ-дағы “Отечественные записки”, “Современник” журналдары төңірегіне топтасқан.

**Абстракционизм** (латын. *Abstractio* - ауа жайылу) – дүниежүзілік сөз өнерінде, әсіресе кескін өнері мен мүсін өнерінде XX ғасырдың бас жағында пайда болған ағым, бірыңғай жадағай пішінділіктің асқынған түрі. Ол өнер өмірдің емес, көңілдің ғана көрінісі, объективті емес, субъективті нәрсе, затты емес, дерексіз, нақты емес, мүсінсіз, сондықтан ойға не келсе, соны кескінсіз көрсету керек деп есептейтін ағым болып табылады. Яғни бұл – өнердегі мазмұн деген ұғымнан алшақтап, жалаң пішінді қуалап кетушілік. Өкілдері:

Америка жазушылары Стюард Девис, Чарльз Ховард, Крауфорд, Ратнер, Моррис.

**Түршілдік (формализм)** – әдебиет пен өнердегі көркем түрге ерекше, шешуші мән беретін ағым. Ол жазушылардың қоғамдық күрестен, идеялық талас тартыстан бойын аулақ ұстап, "таза" көркемдікті уағыздайды. Ол өз алдына шығарманың құрылысына, сөздік кестесіне, ырғақтық жүйесіне, дыбыстардың әуезділігіне т.б. назар аудару арқылы суреткерлік шеберлікті шыңдау мақсатын қояды. Сонымен бірге бұл әдебиеттің танымдық, тәрбиелік жағына тиісті назар аудармай, кейде дыбыс қуалау, үйлес сөздерді тізбектеу секілді бірыңғай пішіншілдікке жол беру немесе шынайы көркемдік жаңалық-тың өмір шындығын терең түсініп, сезінуден туатындығын, сондай-ақ шығарма мазмұнын, оның идеялық байлығын, мазмұн мен түрдің бірлігін ескермейтін ағым болып саналады.

**Футуризм** (латын. *Futurum* - болашақ) – жанды әңгіменің орнына, тоникалық өлеңдерге фонетикалық ырғақтарға ден қоятын, дара диалектикалық бейнелі сөздер жасауға ұмтылатын, өлең графикасының өзіне эксперимент жасаумен айналысатын ағым. ХХ ғасырдың басында еуропалық елдерде, әсіресе Италия мен Ресейде кең тараған авангардистік ағымдардың бірі болып саналады. Ерекшелігі: әдеби творчествоны табиғатқа жалаң еліктеу емес, керісінше сол табиғаттың жалғасы, сонда табиғаттың өзі адамның ерік күшінің арқасында болашақтағы мүлде жаңа "темір дүниені" тудыратынын сезіну деп санайды. Сондай-ақ шығарма-лары күрделі семантикалық және композициялық "ауытқуларымен" ерекшеленетін, трагедиялық және комедиялық лиризмнің өзара контрас-тары көзге ұрып тұратын ағым болып саналады. Өкілдері: орыс ақындары Маяковский, Хлебников, Крученых, Лившин, Северянин, Пастернак.

## Әдеби әдістер

**Романтизм (*роман* деген сөзден шыққан) –** әдебиеттегі өмірдің жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс. Оның негізінде қиялшылдық, ерекше көңіл аударарлық оқиғалар, сирек кездесетін арманшыл кейіпкер, көтеріңкі леп сарын т.б. жатады. Романтизмді өз кезіндегі қоғамдық тәртіпті қабылдамау, оған наразылық білдіру, сын көзімен қарау ниетінен туып, өз заманының ең озат идеялары жарқын көрініс табатын әдеби ағым мен әдіс десек те болады. М.Жұмабаевтың “Батыр Баян” дастанына негіз болған да осы әдіс.

**Реализм** (латын. *Realis* - заттылық, шындылық) – әдебиет пен өнерде кең қанат жайған, өмір құбылыстарын бар қалпында нақтылық сипат белгілерін сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс. Реализм деп детальдар шыншылдығы мен …типтік жағдайда типтік характер жасауды айтамыз. Ол өмір құбылыстарын, маңызды қоғамдық мәселелерді, тұрмыстағы сан алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік өмір қайшылықтарын терең ашып көрсетеді. Сондықтан мұнда өмірде болатын, үнемі кездесетін нақтылы жай-жағдайлар, адамның іс-әрекеттерін бейнелеу басты міндет болып табылады. Әдістің бұл түрі өмірдегі типтік жағдайларды кеңінен қамтып, қай құбылыстың болсын даралық белгілерін де, жинақталған көптеген құбылыстарға ортақ сипаттарын да нанымды суреттеп, нағыз типтік дәрежедегі көркем образдар, бейне-тұлғалар жасайды. Орыс әдебиетінде Пушкин творчествосы арқылы биік дәрежеге көтерілген, оның “Евгений Онегин”, ”Капитан қызы” романдары, көптеген лирикалық өлеңдері осы әдісті орнықтырған, онан әрі И.А. Гончаров, И.С. Тургенев, Л. Толстой, А.П. Чехов шығармаларындағы кең өріс алған. Қазақ әдебиетінде Абай поэзиясы арқылы жоғары сатыға көтерілген, оған жалғас қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Ш. Құдайбердиев, М.Дулатов т.б. шығармашылығында өркендеп, дами түскен.

## Реализмнің түрлері

**Сыншыл реализм** – әдебиеттің әділеттілік жолындағы күреспен байланысуының күшеюі нәтижесінде туған, еңбекші қауымның әлеуметтік теңсіздікке наразылығын көрсететін көркемдік әдіс. Ол өмірді шыншылдықпен бейнелеп, адамдардың тағдырын, олардың типтік бейнесін, типтік жағдайда көрсете отырып, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, кемшіліктерді қатты сынға алады. Қоғамдық өмірдің көлеңкелі жақтарын ашып көрсетуге ұмтылу басым болатын Достоевский, Чехов, Толстой т.б. классиктер творчествосында айқын танылған. Орыс классиктерінің дәстүрлерін өнеге тұтқан Абай творчествосында берік орын алған. ХХ ғасыр басындағы әдебиетте А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров творчествосында өрісті арна болған.

**Социалистік реализм** – өмірді шыншылдықпен, тарихи нақтылық-пен, революциялық даму тұрғысында бейнелеуді талап ететін кеңес дәуірі әдебиетінің көркемдік әдісі. Ол әдебиет пен өнерді ресми идеологияға бағындыруға, әдеби процеске жоғарыдан нұсқау беріп, саясатқа тәуелді етуге, таптық принциптерді бұлжымас қағидаға айналдыруға жол ашқандығымен ерекшеленеді. Ол кейбір етек алған творчестволық өмір құбылыстарын уақыт ыңғайына қарай түсінуге, өз кезінде өтімді көрінген жеңіл көркемдік шешім табуға, ұмтылуға итермелейді. Реализмнің бұл түрі жазушы шығармашылығын қоғамдық, саяси идеяларды уағыздаудағы белсенділігіне қарап бағалайды, сондай-ақ әдебиеттегі ұраншылдық, жалпылама идеяларды қайталаушылық болып табылады. Бұл – еңбекші халықты коммунистік идеялар рухында тәрбиелеу мақсатын алға қойған, социализмнің әлеуметтік-саяси, философиялық, эстетикалық идеяларын уағыздайтын әдеби әдіс. Алғашқы туындылары М. Горькийдің ”Ана” романы мен ”Жаулар” пьесасы Қазан төңкерісінен кейін Маяковский, Серафимович, Д.Бедный т.б. шығармашылықтарында кең көрінген.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Көркемдік әдіс деген не?
2. Оның романтизм, реализм деген түрлеріне сипаттама бер.
3. Әдеби әдіс пен әдеби ағымның арақатынасы қандай?
4. Классицизм мен сентиментализмнің өзгешелігі мен айырмашылығы неде?
5. Әдеби стиль деген не?
6. Көркемдік әдіс, бағыт, ағымның стильге әсер ықпалы қандай?
7. Жазушы стилінің қалыптасу кезеңдері жайлы не айтуға болады?
8. Әдеби ағым – бағыт деген не?
9. Олардың ерекшелігі қандай?
10. Қазақ әдебиеті тарихындағы қандай ағым-бағыттарды білесің?
11. Әдеби ағым-бағыттардың әдеби процесте алатын орны қандай?
12. Стиль және әдеби стиль деген не?
13. Стильдік ерекшеліктердің танылу ауқымы қандай?
14. Әрбір көркемдік әдістің, ағым-бағыттың стильге қатысы қандай?

## ӘДЕБИ ПРОЦЕСС

## ЖОСПАР:

1. Өнер дамуының қоғамдық өмірмен байланыстылығы.
2. Әдеби дамудың тарихи сипаты.
3. Әдеби дамудың заңдылықтары.
4. Дәстүр және жаңашылдық

Әдеби процесс – бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи-заңды қозғалысы. Әдеби процесс әрбір тарихи кезеңде әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан сападағы кесек образдар мен қарапайым бейнелер кескінделген қарадүрсін шығармалардан көпшілікке арналған әдебиет-терге дейін өз бойына үсдіксіз сіңіріп отырады. Мұның қатарына олардың жиі жарық көретін жарияланымдар мен басылымдары, әдеби сын, естеліктер, әдеби эпистолярлық жанрларда жазылған оқырмандар-дың үн қатысуы да жатады.

Әдеби процесс термині XX ғасырдың 20-30 жылдары пайда болып, 60-жылдары кеңінен қолданыла бастады.

Әдеби процесс әдебиет тарихын тарихи-әдеби тұрғыдан қарастыру барысында маңызды проблеманың бірінен саналады. Егер өмірбаяндық методтың жақтаушылары классикалық және романтикалық эстетиканың ізінше бірөңкей кемеңнерлердің туындылары мен үздік үлгілеріне ғана ден қоятын болса, онда XIX ғасырдың II-ші жартысындағы ғылыми әдебиеттану әдебиетті зерттеу ісіндегі әсіре талғампаздықтан бой тарта отырып, жазушы туындыларының көркемдік деңгейіне, идеологиялық бағыт-бағдарына қарамастан, мұны зерттеу пәні ретінде қарастырады.

Әдеби процесс – адамзаттың эстетикалық, рухани құндылықтары-ның толығуының тарихы. Әдеби процесс – жеке тұлғалар өзінің әкелген айырықша

көркемдік ашылымдарымен, өзіне дейінгі құндылықтармен қайшылыққа түсе отырып, оны қозғалысқа келтіре отырып, әдеби процестің құрамына кезеңдік, жалғастырушы өзгертуші қызмет атқарады.

Алайда, техниканың даму заңдылықтарындағыдай әдебиет пен өнерде жаңа көркемдік ашылымдар өзіне дейінгі бар көркемдік құндылықтарды жою арқылы дамымайды. Қайта ондағы қайсібір элементтер келесі дәуір мен кезеңдердегі көркемдік ашылымдарға әр беріп үндесіп отырады (мысалы М.Әуезовтің «Абай жолындағы» фольклор, этнография дәстүрлері, Ш.Айтматов шығармаларындағы мифтік бастаулар).

Әдеби процесс эстетика мен әдебиеттанудың, өнердің, теориясы мен тарихының, сондай-ақ поэтикасының ортақ көркемдік категориясы. Ғаламда бәрі өзгереді, қозғалысқа түседі. Әдеби процесс – көркемдік дүниенің қозғалысы мен дамуын зерттейтін методологиялық әдіс.

**Жаңашылдық** **-** Өткеннің тәжірибесі мен жемістерінен, мән мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман жауап беретін бұрынғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс, әрекеттер; Біраз уақыттан кейін өзі дәстүрге айналып, онымен диалектикалық бірлестікте дамитын ескі мен жаңаның жалғастығына негізделген, тарихпен бірге өзгеріп отыратын құбылыс; Тек қана жаңа сөздер, өрнектер тәсілдер табу арқылы ғана емес, бұрыннан бар бейнелеу құралдарын жаңаша қолдана білетін суреткерлік шеберлік; Ойдың саналылығы, өмір құбылыстарын жаңаша ұғып түсіне білу, сезіну және соған сәйкес туатын көркемдік шеберлік; Бұрын қол жеткен табыстарға, ұлы суреткерлердің тәжірибесіне сүйене отырып, өнердің өрісін кеңейте түсетін асқан творчестволық ізденіс нәтижесі.

**Дәстүр -** Көркемөнердің тақырыптық ауқымы, үйреншікті сарын, өмірге қатынасы, бейнелер аумағы, идеялық бағыты, қалыптасқан көркемдік құралдары;

Әдеби процеске тән жалғастықты, жазу творчествосында халықтың үлгілер мен өзіндік соны сипат-қасиеттердің бірлігін танытатын ұғым,

қалыптасып, сұрыпталған көзқарас, түсініктер, көркемдік үлгі-өрнектер, тәсілдер.

**Әдеби байланыс** – ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтиже-сінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттердің арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды.

Әдеби байланыстың үлкен бір саласы – ұлтаралық байланыс ертеден келе жатқан құбылыс санатына жатады. Бір халық ашқан көркемдік жаңалық екінші бір халыққа игі ықпалын тигізеді. Антик дәуіріндегі Греция, қайта өрлеу кезіндегі Италия, классицизм тұсындағы Франция, орта ғасырлардағы парсы және түркі әдебиеттері өзара ықпалдастық аукымында болды.

Ұлтаралық әдеби қарым-қатынастардың дамыған кезеңі – әлемдік ұласу, ықпалдастық мейлінше күшейген XX ғасырдың еншісі, бұрынғы КСРО халықтары әдебиетіне тигізген игі әсері – тарихи шындық ретінде мойындалуға тиіс жайт.

Қазақ әдебиеті тарихынан әдеби байланыстар ізін барласақ, алдымен Абай поэмалары: “Ескендір”, ”Масғұт”, ”Әзімнің әңгімесі” ойға оралады. Ораз Молланың “Шахнамасы”, Т.Ізтілеуовтің ”Рүстем- Дастаны”, Шәкәрімнің ”Ләйлі - Мәжнүні”, “Дубровский”, ”Бораны”, Майлықожаның ”Тотынамасы”, Молда Мұсаның “Мысалдары”, Мағжан Жұмабаевтың шығыс сарындарын өзек еткен дастандары, Ахмет Байтұрсыновтың Крыловтан, Пушкиннен, Лермонтовтан, Надсоннан еркін тәржімалаған өлеңдері – сан салалы, құнарлы әдеби тоғысу куәгерлері.

**Бақылау сұрақтары тапсырмалар:**

1. Әдебиеттің, өнердің қоғамдық өмірмен байланысы қандай?
2. Әдеби дамудың тарихи сипатын түсіндір.
3. Әдеби дамудың заңдылықтары қандай?
4. Дәстүр мен жаңашылдық деген не?
5. Оның әдеби процеспен арақатынасы қандай?

## Әдебиеттану негіздері пәнінен практикалық сабақтардың мазмұны

«Әдебиеттану негіздері» пәні бойынша практикалық сабақтарда көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін, әдебиеттің халықтығын, көркем бейне және оның жасалу жолдарын, көркем шығарманың композициясы мен сюжетін, тілі мен өлең құрылысын, әдеби үрдісті, әдебиеттегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық мәселелерін, эпикалық, лирикалы, драмалық тектерді және олардың түрлерін, көркемдік әдісті, әдеби ағым-бағыттарды, стиль ерекшелігін накты көркем шығармаларды талдай отырып көз жеткізу негізгі нысан болып табылады. Көркем туындыны мазмұн мен пішіннің бірлігі тұрғысынан қарастыру әдебиет теориясының негізгі принципі екенін, көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы түсініктерін накты мысалдармен дәйектеуге үйрету практикалық сабақтың ажырамас бөлігі болып есептеледі. Халықтық мұрат, ұлттық асыл қасиет, адамдық ізгілікті бейнелеу шығарманың озық идеялылығының белгісі екенін, көркем шығармалардың негізгі объектісі адам және адамның мақсат-мұраты, қуаныш-қайғысы, талпынысы мен талабы т.б. адами құндылықтар екенін түсіндіру – практикалық сабақтарда жүзеге асырылатын негізгі мәселелер. Студенттердің алған теориялық білімдерін практикалық сабақтарда, өз бетінше жасаған жұмыстарында қалай жүзеге асырғандығы – оның білім деңгейін, өзіндік ізденушілігін, қабілет-қарымын байқататын көрсеткіш.

### І. Практикалық сабақтардың мақсаты мен міндеттері

Әдебиет пен эстетиканың егіз ұғымдар екенін, әдебиет тарихы, теориясы және сыны болып бөлінетіндігін, олардың мақсат- міндеттерін түсіндіру, эстетиканың көркемдік мәнін ұғындыру. Адам тәрбиелеу құралы екендігін, халықтықтың екі жағын, көркем бейненің тәрбиелік эстетикалық маңызын ұғындыру.Мазмұн мен пішінннің ішкі бірлігін және айырмасын, тақырыптың ауқымын, идеяның түрлерін түсіндіру. Көркемдеуіш құралдардың маңызын, композиция мен сюжеттің ерекшеліктерін, сюжеттен тыс элементтердің алатын орнын ұғындыру. Тіл мен эдебиеттің байланысын, өлеңнің түрлерін. ұйқас пен ырғақ жүйесін түсіндіру. Әдебиеттің бірде өрлеп, бірде тоқырай отырып, өмір шындығын дер шағында суреттейтіндігін түсіндіру. Бейнелеудің ортақ ұстанымдарын танытуға біріге қызмет ететіндігін, эпиканың өзіндік ерекшелігін айту. Лириканың адам сезімін бейнелеудегі маңызын және оның түрлерін, атқаратын қызметін, драманың басқа жанрларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігін түсіндіру. Ақиқат өмір құбылыстарын танып-бағалау, іріктеу, бейнелеу; әдіс пен ағымның аражігін ұғындыру. Әдебиет пен өнердің кейде

өрлеуіне жәрдемдесіп, кейде асыра сілтеп кейін тартатын қаулылардың әсер-ықпалын байқату.

## II. Практикалық сабақтардың мазмұны

Әдебиеттану ғылымы және оның салалары туралы, алғашқы эстетикалық ой-толғамдарды, яғни сөз өнерінің туып, қалыптасу тарихы жөнінде мағлұмат беру. Көркем әдебиеттің тәрбиелік, танытқыштық, эстетикалық сипаттарын таныту. Әдебиеттің халықтығын, оның екі жағын ұғындыру. Көркем бейненің өзіндік ерекшеліктерін және оның жасалу жолдарын, көркемдік шындық пен өмірлік шындықтың ара қатынасын таныту үшін көркем шығармаларға талдау жасату. Көркем шығарманың мазмұны мен пішінін нақты мысалдарға сүйене отырып таныту. Поэтикалық фигуралардың түрлеріне көркем әдебиет мәтіндерінен үзінділер тауып келтіру. Көркем шығарманың тақырыбы жөнінде пікірсайыс өткізу. Тақырып пен идеяның арақатынасын ашу. Көркем шығарманың композициясы мен сюжетін өздері оқыған көркем әдебиеттерге сүйене отырып айтып беруге үйрету. Сюжеттен тыс элементтердің атқаратын міндетін, композицияға қатынасын айту. Көркем шығарманың тілі, өлең құрылысы поэзия мен көркем қара сөз; өлең сөздің өзіндік өлшем-ырғағы; әдеби процесс, дәстүр мен жаңашылдық мәселесі жөнінде белгілі зерттеуші- ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, өз ойларын ортаға салу. Әдебиеттің тектері мен түрлері, эпикалық тек. Лирикалық тек және оның түрлері. Драмалық тек, драманың негізгі жанрлары жайындағы зерттеулерді оқып, пікір айтуға үйрену. Көркемдік әдіс, әдеби ағым-бағыттар, стиль ерекшелігі туралы әңгімелеу.

## III. Техникалық құрал-жабдықтар

Магнитафон, диктафон, электронды оқу құралдары т.б.

## IV. Сабақ өткізу тәртібі

Алдын ала берілген практикалық сабақтың сұрақтары бойынша әр түрлі әдістермен студенттердің білімін, өз бетінше іздену шеберліктерін, оқыған материалдарды еске сақтау қабілетін жан-жақты бақылау.

## № 1. Практикалық сабақтардың тақырыптары

**Сабақтың тақырыбы: Әдебиеттану ғылымы және оның салалары**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** Әдебиет туралы ғылым жэне оның салалары: әдебиет тарихы, әдебиет сыны және әдебиет теориясы. Әдебиет тарихы саласының мақсат-міндеттері. Әдебиет сынының объектісі - өз тұсындағы әдеби процесс екендігі, сынның әдеби-эстетикалық функциясы, міндеті, жанрлары. Сыншы тұлғасы. Әдебиет туралы ғылымның аталған үш саласының өзара бірлік-байланысы.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы,

**Қамтылатын мәселелер:**

1.Әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны және бұлардың бірлік-байланысы;

2.Әдебиеттану ғылымының тектология, историография, библиография секілді жанама тараулары;

3.Әдебиет туралы ғылымның өзге ғылымдармен байланысы;

4.Қазақ әдебиеттану ғылымы және сынының туу, даму тарихына шолу.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1. Әдебиет тарихының зерттеу объектісін анықта;
2. Әдебиет сыны туралы зерттеу еңбектердің тізімін жаса;
3. Әдебиет теориясын зерттеушілер жайлы мәлімет дайында.

**Бақылау сұрақтары:**

1.Әдебиет туралы ғылымның объектісі және оның салалары.

2. Әдебиет тарихы, оның өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу обьектісі не?

3. Әдебиет теориясының негізгі мәселелері, әдебиет теориясының зерттелу деңгейі.

4. Әдебиет сыны және оның өзекті мәселелері не?

5.Әдебиеттану ғылымының историография, библиография, текстология секілді жанама тараулары және олардың ерекшеліктері қандай?

6.Әдебиеттану ғылымының басқа ғылымдармен (философия, эстетика, логика, психология, тіл тілі т.б.) байланысы неде?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Әдебиеттану, әдебиет теориясына арналған еңбектерді тауып, тізімін жаса;

2.Қ.Жұмалиевтің "Әдебиет теориясы" атты еңбегіне сипаттама бер;

3.З.Ахметов құрастырған "Әдебиеттану терминдер сөздігі" атты еңбектің жетістігі мен кемшілігін қарастыр;

4.З.Ахметовтің "Өлең сөздің теориясы" атты еңбегінің мәнін аш;

5.Әдебиет тарихының мақсат-міндеттерін анықта;

6.Әдебиет тарихына арналған зерттеулерді тауып, тізімін жаса;

7.Әдебиет пен әдебиет тарихының арақатынасын анықта;

8.Әдебиет сынының әдеби-эстетикалық функциясын, міндеттерін, жанрларын анықтап, сипаттама бер;

9.Әдеби процесс пен әдебиет сынының арақатынасына түсінік бер;

**Пайдаланатын әдебиеттер**


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. Әдебиеттану. Хрестоматия құрастырған С.Мақпыров А., 1991.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
5. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997
7. Г.Абрамович «Введение в литературоведение» М. 1979
8. Т.Кәкішев «Қазақ әдеби сынының тарихы» А., 1994ж
9. Д.Ысқақұлы «Сын шын болсын» А., 1993ж
10. Д.Ысқақұлы «Сын сонар» А., 1994ж

**№ 2. Сабақтың тақырыбы: Көркем әдебиет. Әдебиет - сөз өнері.**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты**: Әдебиет - сөз өнері. Өмір мен өнер. Өнердің туу себептері. Өнер және оның түрлері: мүсін, сәулет, саз, сурет және сөз өнерлері т.б. Бұлардың жеке өнер ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, шындық болмысты таныту жолдары және қоғамдық-әлеуметтік орта функциясы. А.Байтұрсынов сөз өнері туралы.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қамтылатын мәселелер:**

1.Әдебиет пен эстетиканың арақатынасы туралы түсінік;

2.Әдемілік туралы ілімнің бастауы;

3.Көне грек ойшылдарының эстетика туралы ой-толғамдары;

4. Аристотельдің "Поэтикасы" – барлық өнер туралы тұңғыш философиялық, эстетикалық трактат;

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Көне Үнді және көне Қытайдың әлемдік эстетика тарихынан орын алатын туындыларын анықта;

2.Көне грек ойшылдарының әлемдік эстетика тарихындағы орнын анықтайтын еңбектерін тезис түрінде жаз;

3.Орыс мәдениеті және эстетикалық құндылық туралы пікіріңді айт;

4.Әлемдік әдебиет пен эстетика тарихындағы Әл-Фарабидің орнын анықтайтын еңбектерін тауып, конспектіле;

5.Батыс Еуропадағы әдеби-эстетикалық ілім және Ояну (ренессанс) дәуірінің көрнекті өкілдері мен олардың шығармашылығын танытатын сөзжұмбақ құрастыр.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Әдебиеттану мен эстетиканың арақатынасы қандай?

3. Гераклит толғамдарының диалектикалық мәні қандай?

4. Демокрит іліміндегі әсемдіктің көрінісі қалай?

5. Сократ ойларының өзгешелігі неде?

6.Өнер мен эстетика мәселелерін Платонның пайымдауы және Платонның көзқарасындағы қателік не?

7. Аристотельдің эстетикалық қағидаларының түйіні неде?

8. Гораций іліміндегі ерекшелік не?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Әлемдік эстетика ілімінің даму жолдарын көрсететін сөзжұмбақ құрастыр;

2.«Аристотельдің эстетикалық қағидалары» атты презентация дайында;

3.Қазақ әдебиеттану ғылымындағы эстетикалық көзқарастардың тарихын анықтайтын кейс жаз;

**Пайдаланатын әдебиеттер**


1. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
2. Әдебиеттану. Хрестоматия құрастырған С.Мақпыров А., 1991.
3. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
4. В.Г.Белинский Таңдамалы шығармалар. 1947-1948
5. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997
7. Г.Абрамович «Введение в литературоведение» М. 1979
8. В.В.Виноградов «О языке хужожественной литературы» М., 1959

**№3. Сабақтың тақырыбы: Әдебиеттің халықтығы**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты**: Әдебиеттің халықтығы. Өнер және қоғамдық шындық. Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы. Өнер туындысын бағалау критерийлері. Өнер мен әдебиеттегі халықтық ұғымы, оның тарихи категория екендігі. Халықтық ұғымының әр кезеңдегі әдебиеттегі көрінісі. Әдебиеттің халықтығы, ұлттық сипаты жайлы ой-толғамдар.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қамтылатын мәселелер:**

1.Әдебиет – сөз өнері, өмір мен өнер мәселесі, өнер және оның түрлері;

2.А.Байтұрсынов сөз өнері туралы;

3.Әдебиеттің бейнелеу құралы–тіл;

4.Бейнелілік, сөзбен салынған сурет - сөз өнерінің еншісі;

5.Көркем әдебиет пен өнердегі шарттылық мәселесі;

6.Өнер және қоғамдық шындық;

7.Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы;

8.Өнер мен әдебиеттегі халықтық ұғым;

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.«Халықтық – әдеби шығарманың терең мазмұнында жатқан түсінік» атты пікірсайысқа дайындал;

2.«Сөз өнерінің негізгі өзегі-өмір шындығы, предметі-адам» деген шығарма жаз;

3.«М.Әуезов Абайдың халықтығы туралы» атты кейс дайында.

**Бақылау сұрақтары:**

1**.** Өнер дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?

2. Әдебиет қандай өнер, оның басқа өнерден ерекшелігі неде?

3. Өнер атаулының шындық болмысты таныту жолдары және қоғамдық-әлеуметтік ортақ функциясы қандай?

4. Сөз өнерінің бейнелеу құралы не?

5. Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы қалай білінеді?

6. Суреткердің өнер туындысын бағалау критерийлері не?

7.Шығарманың халықтығының негізгі шарттары не?

8. М.Әуезов Абай шығармаларының халықтығы туралы?

**СӨЖ тапсырмалары:**

**1.** А.Байтұрсыновтың сөз өнері туралы пікірін жатқа айт;

2."Әдебиеттанытқыш" еңбегінің мәні анықта;

3.Қазақ зиялыларының сөз өнерінің мәні туралы пікрілерін тауып, конспектіле;

4.«Абай шығармаларының халықтығы» атты шығарма жаз;

### Пайдаланатын әдебиеттер


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» А., «Ана тілі» 1995
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
5. В.Г.Белинский Таңдамалы шығармалар. 1947-1948
6. Ғ.Мүсірепов «Заман және әдебиет» А. 1982
7. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984
8. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№4.Сабақтың тақырыбы: Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты**: Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні туралы түсінік. Мазмұн мен пішін бірлігі - көркемдік шарты. Көркем туындыны мазмұн мен пішіннін бірлігі тұрғысынан қарастыру - әдебиет теориясының негізгі принципі екендігі.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қамтылатын мәселелер:**

1.Мазмұн мен пішін бірлігі — көркемдік шарты;

2.Көркем туындыны мазмұн мен пішіннің бірлігі тұрғысынан қарастыру - әдебиет теориясының негізгі принципі;

3.Бір мазмұнның бірнеше пішінінің болатындығы.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Өзің оқыған көркем шығарманың мазмұнын айт, пішінін талда;

2.Махаббат мазмұнды, пішіні әр басқа шығармаларға мысал келтір;

**Бақылау сұрақтары:**

1. Көркемдік шарты не?
2. Мазмұн мен пішін бірлігі қандай қағидаға негізделген?
3. Мазмұн дегеніміз не?
4. Көркем түрге (форма-пішін) "Әдебиеттану терминдер сөздігінде" қандай анықтама берілген?
5. Қандай бірлестік негізінде көркем түр мағыналық сипат алады?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Мазмұны бір пішіні әр басқа көркем шығармалардан мысалдар келтір;

2.Мазмұн мен пішіннің тарихи категория екенін нақты мысалдармен дәлелде;

3.Өзіңе мазмұны ерекше әсер еткен көркем туынды жөнінде эссе жаз.

**Пайдаланатын әдебиеттер:**


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. Әдебиеттану. Хрестоматия құрастырған С.Мақпыров А., 1991.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
5. М.Дүйсенов «Әдебиеттегі мазмұн мен форма бірлігі» А. 1962
6. Қ.Жұмалиев «Стиль-өнер ерекшелігі» А. 1966
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№5. Сабақтың тақырыбы: Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** Тақырып туралы түсінік. Тақырып таңдау және өмір шындығын зерттеу. Шығарма идеясының оқиға дамуы, кейіпкерлердің іс-әрекеті, тартыстың шешімі арқылы танылатындығы.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қамтылатын мәселелер:**

1.Тақырып туралы түсінік;

2.Тақырып таңдау жән өмір шындығын зерттеу;

3.Басты және қосалқы тақырыптар;

4.Тақырыптың көркемдік шешімін табу;

5.Идея және оның автор дүниетанымен байланыстылығы;

6.Идеяның түрлері; озық идеялылықтың белгісі.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Өмір шындығы мен көркем шындықтың арақатынасы туралы реферат дайында;

2.Идея мен тақырыптың арақатынасы жайлы тест құрастыр;

3.Авторлық идея мен объективті идеяның арақатынасын ашып түсіндір.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Көркем шығарманың тақырыбы дегенді қалай түсінесің?

2. Басты және қосалқы тақырыптар, олардың өзара бірлік-байланысы жөнінде не білесің?

3. Тақырыптың көркемдік шешімін табуы қалай болады?

4.Көркем шығарманың идеясы және оның автор дүниетанымымен байланысы қандай?

5. Идеяның қандай түрлері бар?

8. Шығарманың озық идеялылығының белгісі қандай?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Көрнекті қаламгерлердің шығармашылық лабораторияларын оқып-үйрену арқылы тақырып таңдау және өмір шындығын зерттеу мәселесін түсіндір;

2.Тақырып таңдаудағы жазушының көзқарасы жөнінде эссе жаз.

**Пайдаланатын әдебиеттер:**


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. М.Атымов «Идея және композиция» А., 1970
3. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
4. М.Атымов «Көркем шығарманың композициясы туралы» А., 1969
5. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997


**№ 6. Сабақтың тақырыбы: Көркем бейне және оның жасалу жолдары**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** *Көркем бейне* туралы түсінік, оған қойылатын талаптар. Көркем бейненің танымдық, эстетикалық мәні. Көркем бейне және авторлық дүниетаным, идеал. Көркем бейненің әдіс тұрғысынан (реалистік образ, романтикалық образ), тек (эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ), тәсіл (юморлық, сатиралық, трагедиялық т.б.) тұрғысынан жіктелуі және олардың ерекшеліктері. Басты және басқа кейіпкерлер.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қамтылатын мәселелер:**

1.Көркем бейне туралы түсінік, оған қойылатын талаптар;

2.Көркем бейненің танымдық, эстетикалық мәні;

3.Көркем бейне және авторлық дүниетаным.

4.Көркем бейненің әдіс, тек, тәсіл тұрғысынан жіктелуі;

6.Көркем бейненің жасалуында қолданылатын негізгі суреттеу тәсілдері.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Көркем бейненің танымдық-эстетикалық мәнін өзің оқыған көркем шығарма негізінде түсіндір;

2.Көркем бейненің әдіс, тек, тәсіл тұрғысынан жіктелуін жан-жақты ашатындай сөзжұмбақ құрастыр.

**Бақылау сұрақтары:**

1.Әдебиет туралы ғылымның ең негізгі мәселесі не?

2. Көркем әдебиеттің оқырманға әсер ету күші қандай және оның негізі не?

3. Әдебиеттегі деталь мәселесін қалай түсінесің?

4. Суреткердің адамның ішкі болмысын таныту жолдары қандай?

5. Жасалу жолдары мен тәсілдеріне қарай образ қандай түрлерге бөлінеді?

7.Әдебиетте адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері қандай?

8. Көркем бейненің оқырманға ықпалы жөнінде не айта аласың?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1."Көркем бейнеге" анықтама бер;

2.Көркем бейненің адамға әсерін өзіңе ұнаған шығарма негізінде түсіндір;

3.Көркем бейне және авторлық дүниетаным мәселесін эссе түрінде жаз;

4.«Менің сүйікті кейіпкерім» атты шығарма жаз.

**Пайдаланатын әдебиеттер**


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. Әдебиеттану. Хрестоматия құрастырған С.Мақпыров А., 1991.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
5. Ғ.Мүсірепов «Заман және әдебиет» А. 1982
6. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№ 7.Сабақтың тақырыбы: Өнердегі типтілік мәселесі, типтендіру процесі.**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

Сабақтың мақсаты: **Өнердегі типтілік мәселесі, типтендіру процесі. Тип және прототип арақатынасы. Типтік бейне ерекшелігі. Белинский, Горький тип туралы**

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Өнердегі типтілік мәселесі

2.Типтендіру процесі.

3.Тип және прототип арақатынасы.

4.Типтік бейне ерекшелігі. Белинский, Горький тип туралы.

5. Қазақ әдебиеттануындағы типтілік мәселесі

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Өнердегі типтілік мәселесі

2.Типтендіру процесі.

3.Тип және прототип арақатынасы.

4.Типтік бейне ерекшелігі. Белинский, Горький тип туралы.

5. Қазақ әдебиеттануындағы типтілік мәселесі

6.Тип және типтендіру дегеніміз не?

**Бақылау сұрақтары:**

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Өнердегі типтілік мәселесі бойынша өзің оқыған көркем шығармадан тип

2.Типтендіру процесі.

3.Тип және прототип арақатынасы.

4.Типтік бейне ерекшелігі. Белинский, Горький тип туралы.

5. Қазақ әдебиеттануындағы типтілік мәселесі

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
2. М.Атымов «Көркем шығарманың композициясы туралы» А., 1969
3. М.Атымов «Идея және композиция» А., 1970
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
5. М.Дүйсенов «Әдебиеттегі мазмұн мен форма бірлігі» А. 1962
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№ 8. Сабақтың тақырыбы: Көркем шығарманың композициясы мен сюжеті. Сюжеттен тыс элементтер**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** *Композиция* туралы түсінік. *Сюжет* туралы ұғым. Сюжеттің көркем шығарма мазмұнын құрайтын оқиғалар жүйесі, характерлердің қалыптасу

Тарихы екендігі.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Композиция туралы түсінік;

2.Композициялық бүтіндік;

3.Идеяларды жүйелеуде, образдарды тұтастыруда, мазмұнын қиыстыруда композицияның атқаратын ролі;

4.Сюжет туралы ұғым, сюжет және тартыс;

5.Сюжет-көркем шығарма мазмұнын құрайтын оқиғалар жүйесі;

Эпилог пен прологтың көркем шығармада алатын орны.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Әр түрлі әдеби шығарманың композициялық құрылысын талда;

2.Сюжет пен тартыстың арақатынасын түсіндір;

3.Сюжеттен тыс элементтердің шығарма композициясына қатысын нақты мысалдармен әңгімеле.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Композиция деген не?
2. Композицияның көркемдік қуаттылығы дегеніміз не?
3. Композициялық тәсіл туралы не білесің?
4. Сюжет деген не? Қай елдің сөзі, терминге анықтама бер.
5. Сюжеттің негізі не?
6. Сюжеттік элементтерге нелер жатады?
7. Сюжеттен тыс элементтерге не жатады?
8. Сюжеттен тыс элементтердің шығарма идеясына қатысы қандай?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Композициялық бүтіндік туралы эссе жаз;

2.Композицияның көркем шығармада атқаратын орнын анықта;

3.Оның образдарды тұтастыруда атқаратын қызметін түсіндір;

4.Сюжет және тартыс мәселесіне нақты мысалдар келтір;

5.Тартыстың характерлерді танытудағы мәнін түсіндір;

**Пайдаланатын әдебиеттер**

7. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
8. М.Атымов «Көркем шығарманың композициясы туралы» А., 1969
9. М.Атымов «Идея және композиция» А., 1970
10.М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
11.М.Дүйсенов «Әдебиеттегі мазмұн мен форма бірлігі» А. 1962
12.Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№ 9.Сабақтың тақырыбы: Әдеби процесс. Дәстүр мен жаңашылдық**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты**: Өнер дамуының қоғамдық өмірмен байланыстылығы. Әдеби дамудың тарихи сипаты. Әдеби процестің үздіксіздігі және ұлттық ерекшелігі. Әдеби процестегі көрнекті жазушы мен талантты сыншының рөлі.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Әдеби дамудың тарихи сипаты;

2.Әдеби даму-әдеби процесс;

3.Әдеби процестің үздіксіздігі және ұлттық ерекшелігі;

4.Әдеби даму заңдылықтары;

5.Дәстүр және жаңашылдық, өнердегі дәстүр жалғастығы.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.М.Әуезовтің әдеби дәстүр және жаңашылдық туралы пікірін конспектіле;

2.«Р.Бердібаев әдеби дәстүр және жаңашылдық туралы» атты эссе жаз;

3.А.Нұрқатовтың әдеби дәстүр және жаңашылдық туралы пікірі қай еңбегінде сөз болатынын тауып, өзіндік жұмыс жаз;

4.М.Қаратаевтың әдеби дәстүр және жаңашылдық туралы пікірі қай зерттеу еңбегінде айтылатынын іздеп, тезис дайында.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Өнер дамуы мен қоғамдық өмір байланысын қалай түсінесің?
2. Әдеби дамудың тарихи сипаты қандай?
3. Әдеби процесс қандай құбылыс?
4. Көрнекті жазушы мен талантты сыншының әдеби процесте алатын орны қандай?
5. Әдеби дамудың қандай заңдылықтары болады?
6. Дәстүр дегеніміз не?
7. Дәстүрдің әдеби дамуға тигізетін ықпалы қандай?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасын жан-жақты түсіндіретін презентация дайында;

2.«Дәстүр және жаңашылдық» атты сөзжұмбақ құрастыр;

3.«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» атты баяндама жаз.

**Пайдаланатын әдебиеттер:**


1. Қ.Бекхожин «Дәстүр және жаңашылдық» Алматы – 1979ж
2. Р.Бердібай «Дәстүр тағлымы» Алматы – 1974ж
3. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
4. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
5. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
6. Ғ.Мүсірепов «Заман және әдебиет» А. 1982
7. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984
8. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997
9. Н.Ғабдуллин «Замандас келбеті» А., 1972ж
10. Ж.Дәдебаев «Өмір шындығы және көркемдік шешім» А., 1991


**№10. Сабақтың тақырыбы: Жазушының тіл байлығын игеру жолдары.**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

Сабақтың мақсаты:

Тіл - адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы. Тілдің жалпы халықтық қасиеті. «Әдебиетгің .бірінші элементі-тіл» (Горький) екендігі, оның мәнісі. Ауызекі тіл мен әдеби тіл. Көркем әдебиет тілінің, яки поэтикалық тілдің ерекшеліктері, оған қойылатын талаптар. Л.Толстой, М.Шолохов, Ғ.Мүсірепов т.б. жазушы тілі туралы.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Поэтикалық фигуралардың өзіндік ерекшеліктері;

2.Айшықтаудың (фигураның) түрлері;

3.Арнаудың табиғаты және түрлері;

4.Қайталау және оның түрлері;

5.Антитеза (шендестіру);

6.Градация (дамыту) және оның түрлері;

7.Инверсия (сөз орнын ауыстыру);

8.Эллипсис (сөз тастап кету);

9.Аллитерация мен ассонанс.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1. Көрнекті ақындардың шығармаларынан арнауға мысалдар келтір;

2. Қайталауды көрнекті ақындардың шығармалары арқылы дәлелде;

3. Шендестіруге нақты мысалдар келтір;

4.Градацияның алатын орнын айқында;

5.Аллитерация мен ассонансты көрсететін өлеңдерді жатқа айт.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Поэтикалық фигура деген не?

2. Айшықтаудың (фигураның) қандай түрлері бар?

3. Арнаудың өзіндік ерекшелігі және қандай түрлері бар?

4. Қайталау деген не, оның қандай түрлері бар?

5. Шендестіру қандай міндет атқарады?

6. Градация (дамыту) деген не, оның қандай түрлерін білесің?

7. Троптың қандай түрлері бар және анықтамалары?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Арнаудың түрлерін қатыстыра отырып эссе жаз;

2.Қайталаудың көркем шығармада атқаратын міндетін ашатын өзіндік жұмыс жаз;

3.Шендестірудің анықтамасын айтып, оған мысал келтір;

4.Инверсияға сөзжұмбақ құрастыр;

5.Эллипсиске көркем шығармалардан мысалдар келтір.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. М.Базарбаев «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» А., 1973ж
4. З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» А., «Ана тілі» 1995
5. А.П.Квятковский «Поэтический словарь» М., 1966ж
6. Ә.Тәжібаев «Өмір және поэзия» А., 1960ж
7. Б.Кенжебаев «Қазақ өлеңінің құрылысы» А., 1955
8. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№ 11. Сабақтың тақырыбы: Өлең құрылысы. Поэзия мен көркем қара сөз.**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты**: Поэзия мен көркем қара сөз. Өлең сездің өзіндік өлшем-ырғағы. Абай өлең туралы. Өлең жүйелері, олардың халықтың тілдік жүйесімен байланыстылығы. Метрикалық, силлабикалық, силлабо-тоникалық, тоникалық өлең жүйелері.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Абай өлең туралы;

2.Метрикалық өлең жүйесі, ерекшелігі;

3.Силлабо-тоникалық өлең жүйесі;

4.Тоникалық өлең жүйесі, оның өзіне тән ерекшеліктері;

5.Силлабикалық өлең жүйесі, бұған қазақ өлеңдерінің жататындығы;

6.Ұйқас және шумақ, буын және бунақ.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Метрикалық өлең жүйесінің өзіндік ерекшелігін дәлелде;

2.Силлабо-тоникалық өлең үлгілеріне мысалдар келтір;

3.Силлабо- тоникалық өлеңдердің құрылысын аш;

4.Тоникалық өлеңдегі ұйқас мәселесін айқында;

5.Силлабикалық өлең жүйесінің өзіндік ерекшелігін түсіндір;

6.Қазақтың көрнекті ақындарының өлеңдерін жатқа айт;

7.Қазақ өлеңдерінің осы өлең жүйесіне жататындығын нақты мысалдармен дәлелде.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Поэзия дегеніміз не?
2. Көркем қара сөздің өзіндік ерекшеліктері.
3 Өлең жүйелерінің қандай түрлері бар?
4. Метрикалық өлең жүйесі қандай болады?
5. Силлабо-тоникалық өлең жүйелерінің қандай ерекшелігі бар?
6. Тоникалық өлең жүйесі.
7. Силлабикалық өлең жүйесі және оған қазақ өлеңдерінің қатысы.
8. Өлеңдер құрылысына қарай қалай жіктеледі?
9. Қандай ұйқас түрлері бар?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Өлең сөздің өзіндік өлшем-ырғағын анықтайтын мысалдар әзірле;

2.Абай өлеңдерінің тақырыбын ашатын презентация дайында;

3.Абай өлеңдерінің эстетикалық, философиялық мәнін аш;

4.Поэзия мен көркем қара сөздің арақатынасын дәлелде;

5.Поэзияның түрлері мен өзіндік ерекшеліктері;

6.Өлең жүйелерін түсіндіретін глоссарий жаз;

**Пайдаланатын әдебиеттер:**


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Ахметов «Қазақ өлеңінің құрылысы» А., 1964ж
3. З.Ахметов «Өлең сөздің теориясы» А., 1973
4. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992

5. З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» А., «Ана тілі» 1995
6. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
7. Б.Кенжебаев «Қазақ өлеңінің құрылысы» А., 1955
8. С.Негимов «Өлең өрімі» А., 1970,
9. С.Негимов «Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі» А., 1991
10. М.Х.Хамраев «Основы тюркского стихосложения» 1963

**№ 12. Сабақтың тақырыбы: Әдебиеттің тектері мен түрлері, эпикалық тек**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты**: Әдебиеттің үш текке (эпос, лирика, драма) бөлінуі, мұның өмір шындығын бейнелеу тәсілінің ерекшелігіне байланысты екендігі. «Тек», «түр», «жанр» терминдерінің мағына-мәні. Жанрлық жіктеудің шарттылығы. Эпостық шығармалардағы лиризм, лирикада сюжет болу мүмкіндігі, драмадағы лирикалық және эпикалық сипаттардың қатар көрінуі т.б.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Әдебиеттің үш текке (эпос, лирика, драма) бөлінуі;

2.Тек, түр, жанр терминдерінің мән-мағынасы;

3.Жанрлық жіктеудің шарттылығы;

4.Эпикалық бейнелеу тәсілінің ерекшелігі;

5.Эпикалық тектің жанрлық түрлері;

6.Белинский, Байтұрсынов эпикалық жанр туралы;

7.Лирикалық бейнелеу тәсілінің ерекшелігі;

8.Белинский, Байтұрсынов лирика туралы

5.Лиро-эпостық шығармалар (поэма, баллада т.б.) ;

1.Драмалық бейнелеу тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері;

2.Драмалық туындының синтетикалық сипаты;

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Әдеби  тектер мен түрлерді қамтитын глоссарий жаса;

2.Кең көлемді эпикалық шығармаларға мысалдар келтір;

3.Орта көлемді эпикалық шығармаларды ата;

4.Шағын көлемді эпикалық шығармаларды қамтитын сөзжұмбақ құрастыр;

3.Драматургия және театр;

4.А.Байтұрсынов, М.Әуезов драма ерекшелігі хақында;

5.Драмалық негізгі жанрлар: трагедия, комедия және драма;

6.Қазақ драматургиясында бұл жанрлардың туу, қалыптасу тарихы.

9.Лирикалық қаһарман сыры;

4.Лирикалық тектің жанрлық түрлері: ода, элегия, мадақ, сонет, сатиралық лирика,

мадригал т.б. ;

**Бақылау сұрақтары:**

1. Әдебиетті қандай ерекшелігіне байланысты текке бөлеміз?
2. Әдебиеттің қандай тектері бар?
3. "Тек", "түр", "жанр" терминдеріне анықтама бер.
4. Эпос, лирика,  драманың өзіндік ерекшеліктері.
5. Роман-эпопеяның жанрлық ерекшелігі қандай?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.«Қазақ әдебиетіндегі роман жанры» атты презентация дайында;

2.«М.Әуезовтің «Абай жолы» - тұңғыш роман-эпопея» атты шығарма жаз;

3.«Махаббат – мәңгілік тақырып» атты сөзжұмбақ құрастыр(қазақ ақын-жазушыларының шығармалары негізінде);

4. Ә.Нұршайықов шығармашылығы жөнінде конференцияға материалдар дайында.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. Р.Бердібаев «Роман және заман» А., 1967ж
4. Әдебиеттану. Хрестоматия құрастырған С.Мақпыров А., 1991.
5. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
6. В.Г.Белинский Таңдамалы шығармалар. 1947-1948
7. Ғ.Мүсірепов «Заман және әдебиет» А. 1982
8. С.Мақпыров «Әдебиеттің тектері мен түрлері» А., 1994
9. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№13. Сабақтың тақырыбы: Көркем шығарманың тілі**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** Поэтикалық тілдің көркем шығармада кейіпкер тілі және автор (баяндаушы) тілі үлгісінде қолданылуы. Шығарманың жанрлық ерекшелігі және тілі. Тілдің тура және ауыспалы мағынада қолданылуы. Тропалар. Оның эпитет, теңеу, метафора, символ т.б. түрлері. Бұлардың жасалу жолдары мен көркемдік қызметі.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Ауызекі және әдеби тіл;

2.Көркем әдебиет тілінің, яғни поэтикалық тілдің ерекшеліктері;

3.Поэтикалық тілдің кейіпкер тілі және автор тілі үлгісінде көркем шығармада қолданылуы;

4.Тілдің тура және ауыспалы мағынада қолданылуы;

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Кейіпкер тілі және автор тілі туралы көркем шығармалардан үзінді келтір;

2.Поэтикалық тілдің ерекшеліктерін дәлелде;

3.Тілдегі поэтикалық айшықтаулардың атқаратын міндетін айқында;

4.Тілдің арнайы бейнелеуші құралдарына мысалдар келтір;

5.Шығарманың жанрлық ерекшелігі және тілі туралы пікірталасқа дайындал.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Көркем (поэтикалық тілдің) өзіндік ерекшелігі неде?
2. Тіл байлығының қандай қайнар көздерін білесің?
3. Тіл көркемдігі, сөз сұлулығы дегенді қалай түсінесің?
4. Тілдің көркем образ жасау құралы ретіндегі мәнін қалай түсінесің?
5. Кейіпкер тілінің түрлі сипаттарының көркем шығармада алатын орнын түсіндір.
6. Тілдің лексикалық қорына нелер жатады?
7. Қаламгердің поэтикалық синтаксисі дегенді қалай түсінесің?

**Сөж тапсырмалары:**

1.Сөздің тура және ауыспалы мағынада қолданылуын жан-жақты ашатын сөзжұмбақ құрастыр;

2.«Тіл – әдебиет туындыларындағы көркем образ жасау құралы» атты эссе жаз.

3.«Кейіпкер тілі – көркемдік бейнелеудің ерекше нысаны» атты өзіндік жұмыс жаз.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991
4. Ғ.Мүсірепов «Заман және әдебиет» А. 1982
5. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997

**№ 14. Сабақтың тақырыбы: Көркемдік әдіс. Әдеби бағыт, ағымдар.**

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** Көркемдік әдіс туралы ұғым. Көркемдік әдістің негізі - дүниетаным екендігі. Аристотель, Белинский көркемдік әдіс жайлы. Өнер дамуының әр кезеңдерінде туып, қалыптасқан керкемдік әдістер және олардың арасындағы сабақтастықтар мен айырмашылықтар.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Көркемдік әдіс туралы ұғым.

2.Көркемдік әдістің негізі - дүниетаным екендігі. Аристотель, Белинский көркемдік әдіс жайлы.

*3.Классицизм* ағымының тууы (ХҮІІ ғ.) Шектеулілігі.

4.*Сентиментализм* ағымы (ХҮІІ ғ ІІ жартысы ХХ ғ. басы), гуманистік, бұқаралық сипаты, классицизм ағымын сынауы т.б.

*5. Романтизм* әдісі. Оны туғызған қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар.

*6.Реализм* әдісі. Энгельс реализм жайлы. Реализмнің өмір шындығын бейнелеудегі ерекшелігі.

7. Модернизм туралы түсінік

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1.Өнер дамуының әр кезеңдерінде туып, қалыптасқан керкемдік әдістер және олардың арасындағы сабақтастықтар мен айырмашылықтар.

2.*Классицизм* ағымының өзіне тән ерекшеліктері. Шектеулілігі.

3.*Сентиментализм* ағымы (ХҮІІ ғ ІІ жартысы ХХ ғ. басы), гуманистік, бұқаралық сипаты, классицизм ағымын сынауы т.б.

4.Романтизмнің өмір шындығы мен адамды бейнелеуде ұстанған өзіндік көркемдік принциптері. Горький романтизм туралы.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Қазақ әдебиетіндегі романтизм.

*2.* Реализмнің өмір шындығын бейнелеудегі ерекшеліктері.

3. Реализм әдісінің тарихи формалары.

4.XIX ғасыр әдебиетіндегі сыншыл реализм әдісі. Оның гуманистік, халықтық-демократтық, шынайылық сипаттары мен буржуазиялық қоғам болмысын айыптап-әшкерелейтін сыншылдық пафосы.

5.Абай реализмінің ерекшеліктері.

6.Социалистік реализм әдісі және оған қазіргі көзқарас.

7. Әдеби бағыт -ағымдар ерекшелігі.

8.Орыс және қазақ әдебиеттері тарихындағы әдеби бағыт - ағымдар мен мектептер, олардың әдеби процестегі маңызы.

**СӨЖ тапсырмалары:**

1. «Көркемдік әдіс туралы ұғым» тақырыбына баяндама жазыңыз

2.Көркемдік әдістің негізі - дүниетаным екендігі. Аристотель, Белинский, қазақ оқымыстыларының пікірлерін жинау

*3.Классицизм* ағымының тууы (XYII ғ.) шектеулілігі реферат жазу.

4.*Сентиментализм* ағымы (XYII ғ II жартысы XX ғ. басы), гуманистік, бұқаралық сипаты, классицизм ағымын сынауы диспутқа дайындалу

*5. Романтизм* әдісі. Оны туғызған қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар глоссари түзу

*6.Реализм* әдісі. сөзжұмбақ құрастыру

7. Модернизм туралы түсінік тест құрастыру.

8. «Көркемдік әдістер» презентация слайд жасау

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989ж
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992ж
3. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» «Ана тілі» 1991ж
4. М.Горький «Әдебиет туралы» А., 1954, 1984ж
5. С.Мақпыров «Әдебиеттің тектері мен түрлері» А., 1994ж

6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құр. З.Ахметов А., 1997ж
7. Р.Нұрғалиев «Трагедия табиғаты» Алматы 1968ж
8. Р.Нұрғалиев «Күретамыр» А., 1973ж
9. Р.Нұрғалиев «Айдын» А., 1985ж
10. Р.Нұрғалиев «Телағыс» А., 1986ж

**№ 15.Сабақтың тақырыбы:** ***Әдеби стиль*** **жайлы ұғым**.

**Сабақтың өткізілу әдісі:** сұрақ –жауап

**Сабақ түрі:** Жаңа білім беру сабағы

**Сабақтың мақсаты:** *Әдеби стиль* жайлы ұғым. Стиль жеке жазушыға тән шығармашылық ерекшелік екендігі. Стильдік ерекшеліктің композиция мен сюжеттен, адам тұлғасын даралау мен өмір шындығын жинақтаудан, тіл мен суреттеуден танылатындығы. Қ.Жұмалиев стиль туралы.

**Пән аралық байланыс:** Әдебиет теориясы

**Қаралатын мәселелер:**

1.Әдеби стиль жайлы ұғым;

2.Стиль жеке жазушыға тән шығармашылық ерекшелік екендігі.

3.Стильдік ерекшеліктің композиция мен сюжеттен, адам тұлғасын даралау мен өмір шындығын жинақтаудан, тіл мен суреттеуден танылатындығы.

4. Қ.Жұмалиев стиль туралы.

5.Гете стильдің қалылтасу кезеңдері жайлы.

6.Стиль мен әдістің бірлігі мен өзгешелігі. Әдістің өзгеруінің стильге әсер-ықпалы.

7.Әрбір көркемдік әдістің, бағыт, ағымның езіне тән стилі болатындығы.

8.Стиль эволюциясы және шеберлік.

**Практикалық және жеке сабақтарға тапсырмалар:**

1. Стиль-жеке жазушыға тән творчестволық ерекшелік екенін дәлеледе;

2.XIX ғ әдебиетіндегі сыншыл реализм туралы пікір айт;

3.Абай реализмінің ерекшеліктерін аш;

4.«Қ.Жұмалиев стиль туралы» атты реферат дайында;

5.«З.Қабдолов және стиль мәселесі» атты эссе жаз;

**Бақылау сұрақтары:**

1. Әдеби ағым – бағыт деген не?
2. Олардың ерекшелігі қандай?
3. Қазақ әдебиеті тарихындағы қандай ағым-бағыттарды білесің?
4. Әдеби ағым-бағыттардың әдеби процесте алатын орны қандай?
5. Стиль және әдеби стиль деген не?
6. Стильдік ерекшеліктердің танылу ауқымы қандай?
7. Әрбір көркемдік әдістің, ағым-бағыттың стильге қатысы қандай?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1.Қазақ әдебиеті тарихындағы стиль мәселесі туралы зерттеу еңбектерді іздестір;

2.Әрбір көркемдік әдістің, ағым-бағыттың өзіне тән стилін ашатын сөзжұмбақ құрастыр;

3.«Стиль эволюциясы және шеберлік» атты шығарма дайында.

**Пайдаланатын әдебиеттер**


1. А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» Кітапта: шығармалары. А.,1989
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» А., 1976, 1982, 1992
3. Әдебиеттану. Хрестоматия құрастырған С.Мақпыров А., 1991.
4. В.Г.Белинский Таңдамалы шығармалар. 1947-1948
5. Ғ.Мүсірепов «Заман және әдебиет» А. 1982
6. Қ.Жұмалиев «Стиль-өнер ерекшелігі» А. 1966

## Модуль бойынша бақылау сұрақтары

1 Модуль

1. Өнер дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?
2. Әдебиет қандай өнер, оның басқа өнерден ерекшелігі неде?
3. Өнер атаулының шындық болмысты таныту жолдары және қоғамдық-әлеуметтік ортақ функциясы қандай?
4. Сөз өнерінің бейнелеу құралы не?
5. Суреткердің қоғамдық өмірге қарым-қатынасы қалай білінеді?
6. Суреткердің өнер туындысын бағалау критерийлері не?
7. Шығарманың халықтығының негізгі шарттары не?
8. М.Әуезов Абай шығармаларының халықтығы туралы?

2 Модуль

9. Әдебиет туралы ғылымның ең негізгі мәселесі не?
10. Көркем әдебиеттің оқырманға әсер ету күші қандай және оның негізі не?
11. Әдебиеттегі деталь мәселесін қалай түсінесің?
12. Суреткердің адамның ішкі болмысын таныту жолдары қандай?
13. Жасалу жолдары мен тәсілдеріне қарай образ қандай түрлерге бөлінеді?
14. Тип және типтендіру дегеніміз не?
15. Әдебиетте адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері қандай?
16. Көркем бейненің оқырманға ықпалы жөнінде не айта аласың?
17. Көркемдік шарты не?

## Ағымдағы бақылау сұрақтары

1 Модуль

18. Әдебиет туралы ғылымның объектісі және оның салалары.
19. Әдебиет тарихы, оның өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу обьектісі не?
20. Әдебиет теориясының негізгі мәселелері, әдебиет теориясының зерттелу деңгейі.

21. Әдебиет сыны және оның өзекті мәселелері не?
22. Әдебиеттану ғылымының историография, библиография, текстология секілді жанама тараулары және олардың ерекшеліктері қандай?
23. Әдебиеттану ғылымының басқа ғылымдармен (философия, эстетика, логика, психология, тіл тілі т.б.) байланысы неде?
24. Әдебиеттану мен эстетиканың арақатынасы қандай?

2Модуль

25. Гераклит толғамдарының диалектикалық мәні қандай?
26. Демокрит іліміндегі әсемдіктің көрінісі қалай?
27. Сократ ойларының өзгешелігі неде?
28. Өнер мен эстетика мәселелерін Платонның пайымдауы және Платонның көзқарасындағы қателік не?
29. Аристотельдің эстетикалық қағидаларының түйіні неде?
30. Гораций іліміндегі ерекшелік не?
31. Мазмұн мен пішін бірлігі қандай қағидаға негізделген?
32. Мазмұн дегеніміз не?
33. Көркем түрге (форма-пішін) "Әдебиеттану терминдер сөздігінде" қандай анықтама берілген?

**Аралық бақылау сұрақтары**

1 Модуль

34. Қандай бірлестік негізінде көркем түр мағыналық сипат алады?
35. Көркем шығарманың тақырыбы дегенді қалай түсінесің?
36. Басты және қосалқы тақырыптар, олардың өзара бірлік-байланысы жөнінде не білесің?
37. Тақырыптың көркемдік шешімін табуы қалай болады?
38. Көркем шығарманың идеясы және оның автор дүниетанымымен

байланысы қандай?

39. Идеяның қандай түрлері бар?
40. Шығарманың озық идеялылығының белгісі қандай?
41. Композиция деген не?
42. Композицияның көркемдік қуаттылығы дегеніміз не?
43. Композициялық тәсіл туралы не білесің?
44. Сюжет деген не? Қай елдің сөзі, терминге анықтама бер.

2 Модуль

45. Сюжеттік элементтерге нелер жатады?
46. Сюжеттен тыс элементтерге не жатады?
47. Сюжеттен тыс элементтердің шығарма идеясына қатысы қандай?
48. Поэтикалық фигура деген не?
49. Айшықтаудың (фигураның) қандай түрлері бар?
50. Арнаудың өзіндік ерекшелігі және қандай түрлері бар?
51. Қайталау деген не, оның қандай түрлері бар?
52. Шендестіру қандай міндет атқарады?
53. Градация (дамыту) деген не, оның қандай түрлерін білесің?
54. Троптың қандай түрлері бар және анықтамалары?
55. Көркем (поэтикалық тілдің) өзіндік ерекшелігі неде?
56. Тіл байлығының қандай қайнар көздерін білесің?
57. Тіл көркемдігі, сөз сұлулығы дегенді қалай түсінесің?
58. Тілдің көркем образ жасау құралы ретіндегі мәнін қалай түсінесің?
59. Кейіпкер тілінің түрлі сипаттарының көркем шығармада алатын орнын түсіндір.
60. Тілдің лексикалық қорына нелер жатады?

## Қорытынды бақылау сұрақтары

1 Модуль

61.Қаламгердің поэтикалық синтаксисі дегенді қалай түсінесің?

62.Поэзия дегеніміз не?

63.Көркем қара сөздің өзіндік ерекшеліктері.

64.Өлең жүйелерінің қандай түрлері бар?

65.Метрикалық өлең жүйесі қандай болады?

66.Силлабо-тоникалық өлең жүйелерінің қандай ерекшелігі бар?

67.Тоникалық өлең жүйесі.

68.Силлабикалық өлең жүйесі және оған қазақ өлеңдерінің қатысы.

69.Өлеңдер құрылысына қарай қалай жіктеледі?

70.Қандай ұйқас түрлері бар?

71.Өнер дамуы мен қоғамдық өмір байланысын қалай түсінесің?

72.Әдеби дамудың тарихи сипаты қандай?

73.Әдеби процесс қандай құбылыс?

74.Көрнекті жазушы мен талантты сыншының әдеби процесте алатын орны қандай?

75.Әдеби дамудың қандай заңдылықтары болады?

76.Дәстүр дегеніміз не?

2 Модуль

77.Әдебиетті қандай ерекшелігіне байланысты текке бөлеміз?

78.Әдебиеттің қандай тектері бар?

79."Тек", "түр", "жанр" терминдеріне анықтама бер.

80.Эпос, лирика, драманың өзіндік ерекшеліктері.

81.Роман-эпопеяның жанрлық ерекшелігі қандай?

82.Лирикалық тектің қандай жанрлық түрлері болады?

83.Лирикалық бейнелеу тәсілінің ерекшелігі неде?

84.Лирикалық қаһарман сыры деген не?

85.Лирикалық шығармалар және тақырып мәселесі.

86.Лиро-эпостық шығармалардың ерекшелігі неде?

87.А.Байтұрсыновтың лирика туралы пікірін білесің бе?

88.Драма деген не? Оның қандай түрлері бар?

89.Драманың бейнелеу тәсілдерінің ерекшелігі неде?

90.Драмалық туынды қандай сипатта болады?

91.Трагедия және оның өзіндік ерекшелігі.

92.Комедия және ондағы өмір көрінісі.

93.Драмалық туындыдағы тартыс және кейіпкер.

94.Әдеби ағым – бағыт деген не?

95.Олардың ерекшелігі қандай?

96.Қазақ әдебиеті тарихындағы қандай ағым-бағыттарды білесің?

97.Әдеби ағым-бағыттардың әдеби процесте алатын орны қандай?

98.Стиль және әдеби стиль деген не?

99.Стильдік ерекшеліктердің танылу ауқымы қандай?

100.Әрбір көркемдік әдістің, ағым-бағыттың стильге қатысы қандай?

## Модуль бойынша берілген сұрақтардың жауаптары

**1. Әдебиет теориясы қандай пән?**

*Әдебиет теориясы - әдебиеттің даму заңдылықтарын, әдеби шығармаларға, әдеби үрдіске ортақ сипаттарды айқындайды. Сондай-ақ, көркем шығарманың құрылыс бітіміне, мазмұн мен түріне, тіл ерекшеліктеріне және көркемдік әдістеріне жанрлар сияқты мәселелерге баса назар аударады.*

**2. Әдебиеттану ғылымының салаларын ата.**

*Әдебиет тарихы - әдебиеттану ғылымындағы көркем сөз өнерінің даму жолын, әдеби ағым-бағыттарды және олардың көркемдік ерекшеліктерін танып-білуге бағытталған басты салалардың бірі.*

*Әдебиет тарихының өзге ғылымдармен байланысына назар аударар болсақ, ол - тарих ғылымымен, оның ішінде жалпы адамзат қоғамының даму тарихымен тығыз ұштасып жататын пән.*

*Жалпы, әдебиет тарихы әдеби шығармаларды, әдеби-сын еңбектерді зерттейді; жекеленген қаламгерлер мен сыншылдардың шығармаларын сараптайды; әдеби жанрлардың тарихи орнын және ерекшеліктерін бағалайды.*

*Әдебиет сыны - көркем шығарманы және онда бейнеленген өмірлік шындықты талдап, бағалауға негізделген әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы. Оның әдебиет тарихынан басты айырмашылығы өз кезіндегі оқиғаларға пікір білдірді. Сынның міндеті - өз дәуіріндегі әдеби құрылыстарға жан-жақты талдау жүргізу.*

*Поэтика - әдебиеттанудың көнеден келе жатқан салаларының бірі. «Поэтика» сөзінің түп-төркіні грек тілінде «шығармашылық өнер» деген мағына беретін «poietike techne» деген сөзде жатыр.*

*Кең ауқымды алар болсақ, поэтика сөзі әдебиет теориясымен мәндес келеді де, тар шеңберде - теориялық поэтиканың бір саласы болып табылады.*

**3. Поэтика ұғымын неше бағытқа жіктейміз?**

*Поэтика ұғымын үш бағытқа жіктеу дәстүрі бар. Оның біріншісі – жалпы поэтика немесе макропоэтика (яғни теориялық немесе жүйелі поэтика) да, екіншісі жеке поэтика немесе микропоэтика (яғни сипаттама поэтика), үшіншісі – тарихи поэтика. Енді осылардың әрқайсысына қысқаша түсінік беріп өтелік.*

*Жалпы поэтика мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын зерттеу бағытына сәйкес іштей үш салаға бөлінеді. Жалпы поэтиканың мақсаты – осы салалардың бәрін қамтитын көркемдік әдіс - тәсілдердің жүйелі құрамын белгілеу. Туындының дыбыстық құрылым жағынан сөздің дыбысталуы мен ырғақ; өлеңге қатысты болғанда, өлшем жүйесі мен шумақ қарастырылады. Көбінесе өлең мәтіндері алынғандықтан, өлеңтану деп те аталады. Сөздік құрылым тұрғысынан туындының лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері зерттеледі. Бұл тұста ол стилистикамен үндесіп жатады. Туындыдағы образдық құрылым мәнінде кейіпкерлер мен заттар, іс-әрекеттер, сюжет мәселелері қарастырылады.*

*Жеке поэтика да жоғарыда айтылған жалпы поэтикаға тән мәселелерді қарастырады. Негізгі айырмашылығы - екеуінің зерттеу нысанасына байланысты, яғни жалпы поэтикада әдебиетті тұтастай алса, жеке поэтика әдеби туынды көлемінде шектеледі.*

*Жоғарыдағы ұғымдар поэтикада XIX-XX ғасырлардағы әдебиетті зерттеу тәжірибелері нәтижесінде алға шықты, оған дейін поэтикаға байланысты зерттеулер драма, лирика, эпоспен шектеліп келген болатын. Тарихи поэтика салыстырмалы-тарихи әдебиеттануға сүйене отырып, жекеленген поэтикалық тәсілдер мен олардың қалыптасқан жүйесінің даму жолын қарастырады. Сөз өнерінің ең көне түрі болып табылатын ауыз*

*әдебиеті тарихи поэтика үшін негізгі материал болып табылады. Себебі - фалькլорға тереңдей бойлау арқылы образдарға айшықтаулардың және өлең өлшеулердің даму барысын ерте кезеңдерден бастап жете зерделеуге болады.*

**4. Әдебиеттану ғылымының жанама салаларын ата.**

*Көмекші салалар қатарына историография, текстология, библиография, архивтану (әдебиеттануға қатысты), эвристика, палеография, мәтін түсініктемесі тағы басқалар жататыны белгілі. ХХ ғасырдың ортасынан бастап әдебиеттануда математикалық әдістер бір шама роль атқара бастағаны мәлім. Бұлар көбінесе өлеңтануда, стилистикада, текстологияда айқынырақ байқалады.*

*Көмекші салалардың әрқайсысына тән нақты міндеттерге қысқаша тоқталсақ!*

*Историография - әдебиеттану ғылымының негізгі салаларының тарихи даму барысындағы деректер мен дәйектердің, мәліметтердің жинағы. Аталмыш ғылымның қол жеткізген нәтижелерін жинақтап көрсету арқылы историография ғылымының бір орында тұрып қалмай, алға қарай жылжуына қызмет етеді.*

*Текстология - мәтін (текст) және сөз, ұғым, ілім (логос) деген сөздерден шыққан текстологияның негізгі міндеттері-мәтіннің тарихын, бастау көзін пайда болған мерзімін, мәтіннің тЇп нұсқасын нақтылау және халық кәдесіне жарату.*

*Библиогрофия - әдебиеттануға қатысты түрлі еңбектердің көрсеткіші. Негізгі міндеттері - көркем әдебиет және әдебиеттану жайында ақпараттар жинау, әдебиеттің үздік туындыларын таныстыру, насихаттау. Архивтану - мақсат міндет жағынан библиографиямен мәндес, айырмашылығы әдебиет тарихына байланысты құжаттық, мемуарлық мәліметтерді жинақтауында.*

*Эвристика – (грекше «heurisko» - «табамын, ашамын» деген сөзінен шыққан), әр текті әдеби ізденістердің жиынтығы, әдебиеттану төңірегінде*

*ауызекі әңгімелердің мәнін ашып түсіндіру; өмірбаяндық деректерді зерттеу; әдеби прототиптерді табу сияқты мәселелермен шұғылданады.*

*Полеография – (гректің «palaios» - «ежелгі, көне», «grapho» «жазу» деген сөздерінен шыққан), жазу тарихын, сондай-ақ ежелгі жазба ескерткіштердің мәтінін, жазылу мерзімі мен дүниеге келген орнын анықтау мақсатын көздейтін тарихи-филологиялық пән.*

**5. Әдебиеттің нысаны мен мақсаты не?**

*Көркем әдебиеттің нысаны әрқашан адам болып табылады. Ежелгі үнді өнері мен әдебиетінде хайуанаттар жетекші орынға шығып, адам табиғатқа тәуелді кейіпте көрінсе, одан кейінгі кезеңде Египет мифологиясында құдай тектес құбыжық - хайуанаттар арасында адамдар бейнесі ара-кідік кездесіп қалады. Ежелгі грек өнерінде ғана адам біршама толыққанды болмысымен көрінеді. Шындығында қандай да бір жазушы жайында сөз болғанда, ең алдымен оның сомдаған қаһармандары туралы сөз өрбиді. Мысалы: Гомер – Ахиллес, Гектор, Одиссей, Пенелопа т.с.с; Шекспир – Гамлет, Ромео, Джульетта, Отелла т.с.с; Әуезов – Абай, Құнанбай, Бақтығұл, Еңлік т.с.с.*

*Көркем шығармада жазушылар адамдардың тағдыры мен мінездерін аша түсу мақсатында табиғат көріністерін жиі пайдаланады. Бұл орайда Гороцийдің: «тоғайды, бұлақты, шулы тасқынды, алуан түсті кемпірқосақты нашар ақын ғана адамға еш қатыссыз суреттейді» деген сөзі бар.*

**6. Әдебиеттің халықтығы дегенде нені түсінесің?**

*Әдебиеттің халықтығы проблемасына қатысты ой-пікірлер – әрдайым дамып, жетіліп келе жатқан мәселелердің бірі. Біздің түсінігімізше, әдебиеттің халықтығы дегеніміз халықтың ой-санасы мен жан дүниесін бейнелеу және халыққа қызмет ету «Әдебиеттің халықтығы деп шығарманың халықтығы тілек-мүддесіне толық сәйкес келер идеялық-көркемдік саласын айтамыз» Көркем образ - өмірлік шындықты игеру және*

*қорытып, жаңадан өнерге ғана тән ерекше тәсілін сипаттайтын категория. Сонымен бірге көркем шығармадағы кейіпкерлер мен әдеби қаһармандарды «образ» деп атаймыз. Мысалы: «Абай жолындағы» Абай, Құнанбай, Әйгерім бейнесі т.с.с.*

**7. Көркем образ дегеніміз не?**

*Көркем образ - өте күрделі ұғым. Күрделі дейтініміздің себебі – образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы қиялдан туған әлемге көшеді. Сонымен бірге образ - нақты ұғым. Қандай құбылысқа негізделсе де дерексіз, тиянақсыз әлденелерге бөлшектемей өзіндік бітімін сақтап қалады. Образдың мақсаты - затқа жаңа сипат дарыту, ұғымды жаңа бір ұғымға айдалдыру.*

**8. Мазмұн мен пішінге сипаттама бер**.

*Әдеби шығарма мазмұны - қашанда қаламгердің бейнелегені мен баяндағанының қосындысынан құралады. Шығармада осы бейнелеуші және айтушы бастаулардың өзара бірлескен әрекеті болғанда ғана оқырманның ойы мен сезімін байытуға қабілетті идеялық мазмұн туралы айтуға болады.*

*Мазмұн мен пішін - бірінен-бірі ажыратып қарауға келмейтін ұғымдар. Біздің түсінігімізше, мазмұн – «шығарма да не айтылады?», пішін – «ол қалай айтылады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.*

**9. «Фабула» және «сюжет» терминдеріне анықтама бер.**

*«Фабула» және «сюжет» деген терминдер көркем шығармадағы оқиғалар жинағына қатысты ұғымдарды белгілейді. Кейбір зерттеушілер сюжет пен фабуланы синоним ретінде қарастырады. Шындығында сюжет пен фабула - бір мәселенің екі жағы.*

*Фабула терминін этималогиялық тұрғыдан қарастырсақ латынның «әңгімелеу, баяндау» деген мағына беретін «Fabula» сөзінен өрбиді. Фабула - шығармада суреттелетін оқиғаны қысқаша айту, сюжет - шығарманы оқу арқылы ғана танылады.*

*Сюжет (француз тілінде «sujet» - «зат») - эпикалық және драмалық, кейде лирикалық шығармаларда көрінетін оқиға барысы, әрекет дамуы.*

*«Сюжет» терминін ең алғаш рет XVII ғасырда классицистер П.Корнель мен Н.Буало қолданды. Әдеби шығармаларда тұтастық сипатта көрінетін сюжет экспозиция байланыс, әрекет дамуы, шарықтау шегі, шешілуі сияқты бөлшектерден тұрады. Кей шығармаларда пролог пен эпилогта кездеседі. Бұл бөлшектердің әрқайсысы шығармада өзіндік міндет атқарғандықтан әр бірін жекелей қарастырған жөн.*

**10. Автор прологты қай кезде пайдаланады?**

*Пролог - шығармадағы негізгі сюжет дамуына өзінше кіріспе іспетті. Алдағы әрекет дамуынан алдын-ала хабардар ете отырып, пролог шығармадағы әрекет оқиғалардың алғашқы себептерін ашып көрсетеді.*

*Эпилог - шығармадағы көрінетін әрекет, оқиғалардың ең ақырғы шешімінің бейнеленуі. Эпилогты қаламгер көбінше кейіпкерлердің әрекеті түпкілікті аңғарта алмады деп есептеген кезде көбірек пайдаланылады.*

**11. Романтиаклық образ дегеніміз не?**

*Романтикалық образ - ұлы мұраттарға құштар халықтың арман-қиялына негізделіп жасалған адам бейнесінің көнеден келе жатқан түрлерінің бірі. Мысалы, ертегілердегі Таусоғар, Көлтаусар, аңыздағы Асан Қайғы, мифтегі Прометей, прозадағы Данко, т.с.с. Романтика негізінде күнделікті күйкі тірлікке қанағаттанбай, жаңа өмірді аңсаудан туған құштарлық.*

**12. Реалистік образ неге негізделеді?**

*Реалистік сөзі латын тілінде «заттық» деген мағына беретін «realis» сөзінен туындайды. Реалистік образ ұғымы өмірлік шындыққа негізделген.*

**13. Эпикалық образ жайлы түсінігіңді айт.**

*Эпикалық образ - жазушының авторлық баяндаулары мен әдеби қаһарманның өзінің сөздері, яғни кейіпкер сөзі арқылы жасалатын образ. Авторлық баяндаулар арқылы жазушы өз кейіпкерінің басында болып кеткен оқиғаларды қажетінше суреттеуі ықтимал.*

**14. Ақын лирикалық образ арқылы нені бейнелейді?**

*Лирикалық образ - ақынның айналадағы түрлі құбылыстарға көзқарасына, ой-сезімдеріне негізделетін образ. Әрбір поэзиялық туындыға ақын белгілі бір сәттегі нақты бір құбылысқа байланысты туған әсерін бейнелейді.*

**15. Драмалық образ дегеніміз не?**

***Ай көке кімге тапсырдың?*** **Арнаудың қайсы түріне кіреді?**

Сұрай арнау

жарлай арнау

зарлай арнау

риторикалық сұрай арнау.

**Портрет қай қатарда дұрыс көрсетілген?**

Кейіпкерлердің кескін келбетін, пішінін тұлғасын суреттеу

Оның образы

Кейіпкер түскен суреті

Дұрыс жауап жоқ

***Садағына сары жібін салдырған***

***Садағының кірісін***

***Сары алтынға салдырған***

***Терең көзін ойдырған.***

***Сұр жебелі оғына***

***Тауықтың жүнін қандырған***

***Маңдайын сары сусар бөрік басқан***

***Жауырына күйеген жүнді оқ шанышқан.*** **Осыдан Исатайды қалай суреттеген?**

портрет

мінездеу

литота

сарказм

***Кейде паң кейде паңылау орныменен***

***Кейде елеусіз кейде ынтық формыменен***

***Кейде үндемей жүрсе де сөзі баяу***

***От жанындай жауапкер құрбыменен.*** **Осы өлең шумағы қайсы образдың**

**жасалу жолына жатады?**

мінездеу

Литота

Портрет

Гипербола

**Көркем әңгіме, роман поэмаларды негізгі оқиға басталмастан бұрын сол әңгіменің тууына себеб болған жағдайларды түсіндіруді не дейміз?**

Экспозиция

байланыс

сюжет

композиция

**Паралелизм неше түрге бөлінеді?**

2

5

6

4

**Композицияның негізгі элементері нешеу?**

5

7

2

6

**Шығарма аяқталуға жақындағанда сала-сала болып таралып кеткен оқиғалдар қоюланып күшейе түсуі не деп аталады?**

Шарықтау шегі

Шиенелесу

шешуші

Кульминация

***Жазды күн шілде болғанда***

***Көк орай шалғын бәйшешек***

***Ұзарып өсіп толғанда***

***Күркіреп жатқан өзенде***

***Көшіп ауыл қонғанда.*** **Жоғарыда келтірілген үзінді суреттеудің қай түріне жатады?**

Пейзаж

Пролог

Эпилог

Баяндау

**Әдебиеттану ғылымы неше салаға бөлінеді?**

3

4

2

5

**Әдебиет қай тілден алынған?**

Араб

қазақ

парсы

латын

**Тақырып дегеніміз не?**

Сан, ой, сан алуан пікілердің ішінен біреуін негізгі ойының қазығы етеді сол тақырып болып саналады?

шығарманың ішіндегі жері

шығарамадағы кейіпкердің аты кім?

дұрыс жауап жоқ

**Әдебиет теорясы туралы ең алғаш пікір айтқан кім?**

Аристотель

Толстой.

Горький

Некрасов

**Образдың неше түрі бар?**

6

3

5

2

**Образ сөзі қазақша қалай айтылады?**

Түр

тип

кейіпкер

роль

**Композиция қандай мағынаны білдіреді?**

Құрастыру

Жасалу жолдары.

Оқиғаның дамуы

Шарықтау шегі

**Сюжет дегеніміз не?**

шығармадағы адамдардың бір-бірімен байланысы, қарым-қатынасы, оқиғаның дамуы

шығарманы жақсы не нашар шығарма деп баға беруді сюжет деп атайды

шығарманың шарықтау шегі

шиеленісу

**Сарказм дегеніміз не?**

Айыпты тікелей ашық айтып суреттеу.

Заттарды теңеу

Синтаксистік парализм

сөз тастап кету

**Кейіптеу дегеніміз не?**

Жансызды жанды етіп суреттеу

Сөздердің қайталанып келуі

заттардың ұқсастығын көрсету

Сөздердің қайталануы

**Образдың неше түрі бар?**

6

3

5

2

**Ирония дегеніміз не?**

Сырт көрінісін мадақтау, ішкі мағынасын келекелеу

ауыстырп алу

шығарманың байланысы

мінездеу

**Элипсистің қызметі?**

Арнайы сөз тастап кету

Сюжеттегі

Табиғат көрініс

шумақ түрі

**Қайсы жырда Қодар бейнесі ұнамсыз кейіпкер?**

Қозы Көрпеш – Баян Сұлу

Алпамыс батыр

Қамбар батыр

Қызжібек

**Лиро – эпос жырындағы Қыз Жібек пен Төлеген жырында Төлегенді қай образ түріне жатқызуға болады?**

Трагедиялық образ

Юморлық образ

Сатиралық образ

Фантастик образ

**Өлең ұйқасының, ұйқастық 1 жол мен 3 жол, 2 жол мен 4 жолы ұйқасуы өлең ұйқастарының қай түріне жатады?**

шалыс ұйқас

қара өлең ұйқас

егіз ұйқас

аралас келетін ұйқас

***Ата – анаға көз қуаныш***

***Алдын алған некесі***

***Көкірегіне көп жұбаныш***

***Гүлденіп ой өлкесі***

***Еркелік кетті не бітті?*** **Осы мысал қай өлең ұйқас түріне жатады?**

аралас келетін ұйқас

негіз ұйқас

шұбыртпалы ұйқас

қара өлең ұйқас

**Эпитет сөзі қай тілден алынған, мағынасы нені білдіреді?**

грек тілінен қосымша дегенді бідіреді?

араб тілінен қосымша деген білдіреді

парсы тілінен алынған

қазақ тілінен алынған

**Эпитеттің неше түрі бар?**

2

6

5

4

***Қылтылдатып сөйлейін***

***Қысырдың қызыл тайындай***

***Жылтылдатып сөйлейін***

***Жіліктің аққан майынай.*** **Суреттеудің қай түрі?**

теңеу

эпитет

символ

метафора

**«Жұлдыз жымыңдады», «күн күлді», «Абайды оқыдым» тәрізді сөз қолданыстарын не деп атаймыз?**

тропа және ауыстыру мағынасында қолданылатын сөз

фигура

паралелизм

өлең ұйқас

**Литота дегеніміз не?**

өз қалпынан тым кішірейтіеп суреттеу

үлкейтіп көрсету

ұқсас жақтарын салыстыру

мінездердің бір түрі

**Метафора қай тілден алынған?**

грекше

орысша

парсы

қазақша

**ұйқастың неше түрі бар?**

8

9

6

5

***Бойы бұлғаң***

***Сөзі Жылмаң***

***Кімді көрсем, мен сонан***

***Қатты састым***

***Тұра қаштым жалма-жан*. Ұйқастың қай түріне кіреді?**

егіз ұйқас

шалыс ұйқас

ерікті ұйқас

кезекті ұйқас

**Сатиралық лирика қай тілден алынған қандай мағына білдіреді?**

грекше қосынды

грекше мұң

грекше ән – жыр

грекше күлкі - ән

**Шендестіру дегеніміз не?**

қарама-қарсы қою

біртіндеп күшейте түсу

орын

алып жүру

**Романның қазақша баламасы не?**

ұлы

қысқа әңгіме

мысал

оқиға

**Ойламалдау дегеніміз не?**

мұңды толғау

ұлы әңгіме

ішкі сөйлеу

кіші оқиғалар

**Толғаудың неше түрі бар?**

6

7

5

3

**Ойламалдаудың неше түрі бар?**

3

6

2

5

***Оқыған білер әр сөзді***

***Надандай болмас ақ көзді***

***Надан жөндіге жөн келмес***

***Білер қайдағы шаркезді.*** **Бұл ұйқастың қай түріне кіреді?**

қара өлең

ерікті

шалыс

егіз

**Әдебиеттану ғылымының негізгі үш саласы –:**

Әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны.

Әдебиет теориясы, библиография, әдеби процесс.

Әдебиет тарихы, көркем туынды, әдеби жанр.

Әдебиет сыны, әдебиет тарихы, историография.

**Әдебиет тарихы нені зерттейді?:**

Бір халық әдебиетінің даму процесін.

Жеке автор творчествосын.

Көркем шығарманы.

Жеке шығарманы.

**Әдебиет теориясы туралы тұңғыш кітап жазған қазақ авторы кім?:**

А.Байтұрсынов.

Е.Ысмаилов.

З.Қабдолов.

Қ.Жұмалиев.

**Әдебиет сыны нені зерттейді?:**

Әдеби шығарманың жетістік, кемшілігін.

Әдебиеттің ұлттық сыпатын.

Автордың творчестволық жолын.

Әдебиет тарихын.

**Әдебиет теориясы нені үйретеді?:**

Көркем әдебиеттің өзіне тән болмысын**.**

Автордың дүниетанымын.

Көркем шығарманың жазылу тарихын.

Әдебиеттің қоғамдық мәнін.

**Қазақ өлеңінің құрылысы туралы арнайы еңбек жазған ғалым кім?:**

З.Ахметов.

З.Қабдолов.

Қ.Жұмалиев.

Е.Ысмаилов.

**Әдебиет теориясының негізін салушы –:**

Аристотель

Софокл.

Платон.

эсхил

**Көркем әдебиеттің ең басты ерекшелігі –:**

Образдылық.

Баяндау.

Мамұндау.

Өмірді жаңыту.

**Көркем шығарманың тақырыбы дегеніміз не?:**

Негізгі мәселе, ой-қазығы.

Көркемдік бітім.

Суреттеу тәсілі.

Автордың айтпақ ойы.

**Көркем шығарманың идеясы дегеніміз не?:**

Жазушының ой-пікірі, бағасы.

Образдардың жасалу жолдары.

Сөз болып отырған мәселе.

Оқиғалардың құрылыс тәртібі.

**Автордың идеяны берудегі ең басты тәсілі не?:**

Образ.

Пейзаж.

Көркем тіл.

Сюжет.

**Образ жасаудың басты тәсілі –:**

Мінездеу.

Мазмұндау.

Кейіпкерлерді сөйлету.

Баяндау.

**Мифтік образдар, көбінесе, қай жанрға тән болады?:**

Ертегі.

Роман.

Поэма.

Повесть.

**Лирикалық образға тән басты сипат неде?:**

Сыр мен сезім.

Іс пен әрекет.

Сын мен сықақ.

Әжуа мен күлкі.

**Образдардың тип дәрежесіне көтерілудегі басты критерий не?:**

Жиынтықтық.

Көркемдігі.

Елден еректігі.

Каһармандық.

**Романтикалық образға тән басты сипат – :**

Арманшылдық, оптимизм.

Ерлік, батырлық.

Уайымшылдық, пессимизм.

Трагедиялық.

**Типтік образға ұласатын образ түрі – :**

Реалистік.

Фантастикалық.

Сатиралық.

Геройлық.

**Драмалық образ жасаудың басты сипаты – :**

Тартыс, әрекет.

Баяндау.

Көңіл күйі, сезім.

Қиял, арман.

**Юморға тән негізгі өзгешеліктер қайсы?:**

Әзілдеу.

Сынау.

Әшкерелеу.

Келекелеу.

**Иронияға тән ерекшелік неде?:**

Келемеждеу.

Даттау.

Мақтау.

Тұқырту.

**Сатираның ең ұлғайған түрі, бұл – :**

Сарказм..

Гротеск.

Әсірелеу.

Ирония

**Композиция деген не?:**

Шығарманың құрылысы.

Шығарманың оқиғасы.

Шығарманың мәні.

Шығарманың жанры.

**Көркем шығарманың композициясына қатысы жоқ бөлімі қайсы?:**

Эпилог.

Шешім.

Кульминация.

Шегініс.

**Шығарманың идеясын дұрыс түсінуге бағыт сілтейтін қосалқы бөлім қайсысы?:**

Пролог.

Баяндау.

Кейіпкер тілі.

Суреттеу.

**Көркем шығармада тартыстың асқына үдей түсуін не деп атаймыз?:**

Шиеленіс.

Дәлелдеу.

Экспозиция.

Ситуация.

**Шығармадағы тартыс пен оқиғаның немен тынғандығы не деп аталады?:**

Шешу.

Байланыс.

Ситуация.

Шегініс.

**Сюжеттің басты сипаты неде?:**

Шығармадағы тартыс жүйесі.

Шығармадағы оқиға тәртібі.

Шығармадағы образдар.

Шығарманың көркемдік бітімі.

**Көркем әдебиеттегі пейзаждың негізгі қызметі не?:**

Шығармадағы табиғат суреті.

Тартыс тарихын баяндау.

Оқиғаның мезгілін, мекенін көрсету.

Шығармадағы автордың көзқарасы.

**Синонимдерді қолданудағы негізі мақсат – :**

Бір сөзді көп қолданбау.

Ұғымды дәл, айқын етіп беру.

Тіл байлығын үнемді пайдалану.

Оқырманға түсінікті болу.

**Антонимдер көркем әдебиетте қандай роль атқарады?:**

Шығарманың әсерлілігін арттырады.

Ойды айқындайды.

Образды күшейтеді.

Тілді байытады.

**Көркем шығармада диалектизм қашан қолданылады?:**

Кейіпкер тілінде.

Автор сөзінде.

Сюжет өрбітуде.

Идеяны айқындауда

## ГЛОССАРИЙ

| Анықтаманың аталуы | | | | Анықтаманың мағынасы |
|---|---|---|---|---|
| **Қазақ тілінде** | **Ағылшын тілінде** | **Орыс тілінде** | **Өзбек тілінде** | |
| **Айшықтау** | **Figura** | **Фигура** | **Figura** | (-латынша **Figura** – келбет, бейне) – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу орамен, айрықша айшықпен құру |
| **Аллитерация** | **Alliration** | **Аллитерация** | **Alliteratsiya** | шығармаларда бірыңғай дыбыстардың үндестігі, дәлірек айтқанда дауыссыз дыбыстардың қайталануы |
| **Архаизм** | **Archaism** | **Архаизм** | **Arxaizm** | Архаизмдер, көне дәуірлер оқиғаларын өзек еткенде қолданылады. Хас шеберлер өзінің туындысында архаизмді пайдалануды өте мұқияттылықты сақтайды |
| **Ассонанс** | **Assonance** | **Ассонанс** | **Assonans** | өлең сөзге дауысты дыбыстардың қайталануы. |
| **Антитеза** | **Antithesis** | **Антитеза** | **Antitezis** | Антитеза, шендестіру – 1) Кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын айшықтаудың (фигураның) бір түрі. Екі затты, не құбылысты шендестіру арқылы басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суреті, сыр-сипаты, кескін-кейпі аңғарылады |
| **Аллегория** | **Allegory** | **Аллегория** | **Allegoriya** | Негізі мезеу, тұспалдау болатын әдеби тәсіл немесе бейнеліліктің бір түрі. Аллегория – көркем туындыда айтатын ойды туралап, нақты, дәлдеп айтпай, алыстан орғытып, астарлау, ишаратпен, емеурінмен жеткізу тәсілі |
| **Аруз** | **Aruz, a poetry metre** | **Аруз** | **Аруз** | (арабша, түпкі мағынасы – шатырдың тіреуіші) өлең өлшемі |
| **Аударма** | **Translation** | **Перевод** | **Tarjima** | әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріп қайта жасалуы, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Әдебиет** | **litteratura** | **Литература** | **Adabiyot** | (араб. Адап-сөз, үлгілі сөз деген мағынада)-өнердің негізгі түрлерінің бірі. |
| **Әдеби** | **litteratura** | **Литературный** | **Adabiy** | арабша, түпкі мағынасы – әдеби тіл |
| **Әдіптеме ұйқас** | **Redyfe** | **Редиф** | **Redif** | Өлеңдегі ұйқас сөздерден кейін қайталанып отыратын қосақ сөз не болмаса сөз тізбегі |
| **Әпсана** | **Legend** | **Легенда** | **Afsona** | Хикаят-әңгіме-қазақ фольклорлық прозасының жанры |
| **Әңгіме** | **Story** | **Рассказ** | **Hikoya** | термин ретінде әдебиеттануда әдеби түр мен әдеби жанр ретінде екі мағынада қолданылады. Әңгімені осы екі мағынада қарастырып көрелік. Біріншіден, әңгіме - біртұтас көркем оқиғаны баяндай бейнелеуге арналған, мәтін көлемі шағын әдеби түр. |
| **Бәйіт** | **Couplet** | **Байт** | **Bayt** | (арабша шатыр деген мағынада) – қос тармақты өлең шұмағы, өлеңнің ырғақтық негізі бір тармақ емес, қостармақ деп саналады. |
| **Варваризм** | **Barbarism** | **Варваризм** | **Varvarizm** | варваризмдер көркем шығармада шектеулі шеңберде пайдаланылады. Көбінсе олар кейіпкерлер тілдінде ғана ұшырайды |
| **Гиперболла** | **Giperbole** | **Гиперболла** | **Giperbola** | Құбылысты шамадан тыс ұлғайта, әсірелеп суреттеуге құралады |
| **Гротеск** | **Grotesque** | **Гротеск** | **Grotesk** | Әдеби шығармада фантастикалық сипаттағы таңғажайып құбылыстардың, күнделікті өмірде мүмкін емес нәрселердің басын қосады. Гротеск адам тіршілік ететін ортаның шындығын әдейі өсіре не әдейі кеміте суреттейді |
| **Градация (Дамыту)** | **Gradatio** | **Градация** | **Gradatsiya** | Градация (лат. Gradatio – біртіндеп көтеру), яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдын соңғы ойды асыра, асқақтата түсу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Поэзияда да, прозада да қолданылады. |
| **Драма** | **Drama** | **Драма** | **Drama** | сахнаға арналған, уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар |
| **Дастан** | **Epic poem** | **Эпос** | **Doston** | (парсы сөзі – тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) |
| **Ертегі** | **Story** | **Сказка** | **Ertak** | фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанрының барлығына тән ерекшелік: бұлар бұрынғы өткенді қиялмен ұштастыра болжайды, сюжетті көркем әңгіме түрінде келіп, қара сөзбен беріледі |
| **Жанр** | **Jenre** | **Жанр** | **Janr** | «Жанр» сөзі француз тілінен аударғанда «тек» деген мағынаны береді. Қазіргі күнде тек бұрынғы кезеңдерде жанр деп атаған. Бұдан біз байқаймыз «жанр» ұғымының «түр» ұғымымен біршама мәндес екендігін байқалады. |
| **Инверсия** | **Inversion** | **Инверсия** | **Inversiya** | Сөз орнын ауыстыру, сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру |
| **Идея** | **Idea** | **Идея** | **Goya** | әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады |
| **Көркем образ** | **Image art** | **Художествен ный образ** | **Badiiy qahramon** | Көркем образ - өте күрделі ұғым. Күрделі дейтініміздің себебі – образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы қиялдан туған әлемге көшеді. Сонымен бірге образ - нақты ұғым. Қандай құбылысқа негізделсе де дерексіз, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | тиянақсыз әлденелерге бөлшектемей өзіндік бітімін сақтап қалады. Образдың мақсаты - затқа жаңа сипат дарыту, ұғымды жаңа бір ұғымға айдалдыру |
| **Комедия** | **Comedy** | **Комедия** | **Komediya** | Өмірдегі келеңсіз құбылыстарды, адам бойындағы қасиетсіздіктіғ мінездегі мінді сықақтап, келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса |
| **Композиция** | **Composition** | **Композиция** | **Kompozitsiya** | әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырып, әр түрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі |
| **Кодекс-куманикус** | **Codex-kumanikus** | **Кодекс-куманикус** | **Kodeks-kumanikus** | орта ғасыр әдебиет ескерткішінің бірі. Латын тілінен аударғанда «Кумандар жинағы (кітабы) деген мағына береді |
| **Кульминация (Шарықтау шегі)** | **The culmination of** | **Кульминация** | **Kuminatsiya** | Оқиға дамуының ширығып, ең жоғарға нүктеге жетуі, адамдар арасындағы қимыл-әрекеттің мейлінше күшейіп, өрбіп жеткен жері |
| **Қара сөз** | **Prose** | **Проза** | **Proza** | көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден поэзиядан айырмасы - шығармада онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемді сақталмайды. қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі айрықша тән болады. әдебиетте өлең мен қара сөздің бір-біріне қарағанда жасалу жолдары да, мәні де, әсері де өзгеше болып келеді. |
| **Лирика** | **Lyrics** | **Лирика** | **Lirika** | көркем әдебиеттің негізгі саласын, жанрының бірі, басты ерекшелігі - адамның |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | көңіл-күйін сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді |
| **Метафора** | **Metaphor** | **Метафора** | **Metfora** | Ауыстыру-грекше көшіру. Суретеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге заттқа не құбылысқа балау, солай суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу |
| **Метонимия** | **Metonymy** | **Метонимия** | **Metonimiya** | Ауыстыру-грекше қайтадан айту. Өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану |
| **Мемуар. Естелік** | **Memoires** | **Мемуар** | **Memuar** | Еске алу, естелік. Ақын жазушылардың көрген білгендері жайлы, басынан кешкендерін аққа түсіру |
| **Модернизм** | **Modernism** | **Модернизм** | **Modernizm** | Модернизм XX ғасырдың басында қалыптасқан. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін модернистік бағыт «ревизиялауға» ұшырап, соның әсерінен заман талабына сай жаңа әдеби-мәдени, философиялық, эстетикалық жаңа ағым пайда болды. |
| **Мәснәуи** | | **Месневи** | **Маснавий** | (араб сөзі – қосарланған деген мағынада) – араб, парсы, түркі тілді әдебиеттердегі қос тармақты шұмақтың түрі. |
| **Новелла** | **Novella** | **Новелла** | **Novella** | Көлемі жағынан әңгімеге теңдес прозплық шығарма, кейде өлеңмен жазылады. Новелланың әңгімеден айырмасы – онда әдеттегіден тыс, өзгеше жағдай, ғажайып оқиға баяндалады |
| **Ода** | **Ode** | **Ода** | **Oda** | Грецияда әр түрлі тақырыпқа арналып, музыкамен сүйемделіп, хормен айтылатын өлеңді осылай атаған. Кейін салтанатты көтеріңкі леппен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | келетін лирикалық өлеңді ода деген. Элладаның атақты ақыны Пиндардың одалары осы жанрдың озық үлгілерінен саналады. Латын поэзиясында одамен Горацидың аты шықты. Орыстың классикалық одасы он тармақтан құралады. |
| **Омоним** | **Homonyms** | **Омоним** | **Omonim** | Тілімізде және бір көп кездесетін - дыбыстары бір болса да мағыналары басқа сөздер |
| **Өлең** | **Poem** | **Стих** | **Sher** | бұл сөз термин ретінде бірнеше мағынада айтылады. Біріншісі-ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнермен сөз өнеріне ортақ туынды. ән өлеңде көбінесе әннің мәні сөзінен гөрі маңыздырақ келеді. Екіншісі-көбінесе жеңіл, ықшамды ғана әуенмен, мақам мен термелеп айтылатын өлеңдер жырлар яғни ауызша поэзияның туындысы. Үшіншісі-оқылатын, сөйлеп айтылатын өлең, яғни жазба поэзияның туындысы. әр алуан лирикалық шығармалар. Өлең деген сөзді кең мағынада алып, көлемі қысқалау, келетін поэзиялық шығармалардың бәріне ортақ жалпылама атау ретінде қолдану да жиі кездеседі |
| **Памфлет** | **Pamphlet** | **Памфлет** | **Pamflet** | Парақ. Әдеби публистикалық жанр |
| **Перде** | **Act, scene** | **Акт** | **Parda** | Драматургиялық шығармаларда оқиға өрісін аңғартатын бөлім, біртұтас қимыл-әрекет |
| **Пролог** | **Prologue** | **Пролог** | **Prolog** | Алғы сөз. Көркем шығармаларға кіріспелердің бір түрі. Мұнда негізгі сюжетке дейін бірнеше оқиғалар баяндалуы мүмкін. Көне Грекияда пролог |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | көрермен көңілнң сахнаға аудару, арнау, жарлау мағынасында да қолданылады |
| **Поэма** | **Poem** | **Поэма** | **Poema** | (грекше poiema – шығарма деген мағынада) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма |
| **Поэтика** | **Poetics** | **Поэтика** | **Sheriyat** | (грекше. poietik fehne - шығармашылық өнер) – көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындар жүйе туралы әдебиеттанудың ең көне ғылым саласы. |
| **Поэзия** | **Poetry** | **Поэзия** | **Poeziya** | көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар. |
| **Повесть** | **Story** | **Повесть** | **Hikoya** | (орыс. баяндау) - оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қара сөзбен жазылған, көлемді жазылған, эпикалық жанрдың орташа түрі. Көлемі жағынан повест кейде ұзақтау келіп, кішігірім романға жақындаса да, ол композициялық құрылысының жинақталғаны, оқиға желісінің біркелкі өрістеп, байсалды түрде баяндалатынымен ерекшеленеді |
| **Пейзаж** | **Landscape** | **Пейзаж** | **Peyzaj** | Бір сөзбен айтқанда - табиғатты суреттеуді пейзаж дейміз |
| **Пафос** | **Pathos** | **Пафос** | **Pafos** | Көне дәуір эстетикасында пафос күшті толқу сезімімен байланысты жағдайды білдірген болатын. Аристотель үшін пафос – жанның қасиеті, кең мағынасында құштарлық деген мағынада ал қазіргі әдебиеттануда «Трагедиялық», «жоғарғы» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ұғымдарына жақын тұрады |
| **Проза** | **Prose** | **Проза** | **Proza** | көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден поэзиядан айырмасы - шығармада онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемді сақталмайды. қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі айрықша тән болады. әдебиетте өлең мен қара сөздің бір-біріне қарағанда жасалу жолдары да, мәні де, әсері де өзгеше болып келеді. |
| **Роман** | **Novel** | **Роман** | **Roman** | (франц. roman, нем. Roman ағылш. novel – орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма осылай атанған) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол түрлі кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма |
| **Романтизм** | **Romanticism** | **Романтизм** | **Romantizm** | -(роман деген сөзден шыққан, яғни түпкі мағынасы өмірді кітаптағыдай, ой-қиялмен ұштастырып суреттеу)-әдебиеттегі, көркем өнердегі өмірдің жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс. Сондай-ақ осындай әдісті қолданған, қалыптастырған әдеби ағым, әдеби бағыт деген мағынада да айтылады |
| **Ритм** | **Rhythm** | **Ритм** | **Ritm** | Ырғақ, жалпы алғанда |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **(Ырғақ)** | | | | белгілі бір мезгілде бірдей қайталанатын қимыл. Өлең жолдарындағы белгілі бір бөлшектің бірыңғай дәлмедәл қайталанушылығын өлеңнің ырғағы дейміз. |
| **Реализм** | **Realism** | **Реализм** | **Realizm** | Өнер мен әдебиет дамуына қатысты уақыт жағынан алғанда, романтизмнен кейін пайда болған көркемдік әдіс – реализм. Әдіс атауының өзі кейінгі латын тілінде «заттың, шынайы» деген мағына беретін «reolis» сөзінен алынған |
| **Стиль** | **Stilus** | **Стиль** | **Stil** | «Стиль» деген ұғым әдебиеттануда да, тіл білімінде де кездеседі. Әдебиеттануда стиль-жазу машығы, жазушының, жеке шығарманың, әдеби бағыттың образдар жүйесінің тұрақты жиынтығы |
| **Сатира** | **Satire** | **Сатира** | **Satira** | Көркем шығармада өмірдің бір жағымсыз жақтары мен құбылысын осылайша күлкі ете мысқылдай суреттеуді сатира деп атаймыз. |
| **Синекдоха** | **Synecdoche** | **Синекдоха** | **Sinekdoxa** | Мегзеу – грекше арақатысын ашу – бүтіннің орнына бөлшекті, бөлшектің орнына бүтінді қолдану |
| **Символизм** | **Symbolism** | **Символизм** | **Simvolizm** | XIX ғ. Соңы мен XX ғ. Басында Еуропада кейіннен басқа елдердің әдебиеті мен өнерінде өріс алған модернистік көркем-әдеби бағыт |
| **Силлабикалық** | **Sillabo** | **Силлабика** | **Sillabo** | – буынға негізделетін, яғни өлеңде буын санын тұрақты мөлшерде сақтайтын өлең жүйесі. |
| **Сюжет** | **Sification** | **Сюжет** | **Sujet** | (франц. sujet-зат) - өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, бір тұтас желісі. Сюжеттің негізі - өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | қатынасындағы қақтығыс. Ол тартыс, конфликт әр түрлі адамдардың іс-әрекетіндегі немесе ой-сана, көзқарасындағы қарама-қайшылық |
| **Троп** | **Trope** | **Троп** | **Trop** | Тілімізде ауыспалы мағынада қолданылатын сөздер - құбылтулар (троптар). Жазушы өз шығармасында алуан үлгідегі троптарды әшекейлік мақсатта емес, шығармашылық қажеттіліктен туындайды. Троптар әр түрлі деңгейде болатыны түсінікті. Соған сәйкес троптар да бірнеше түрге бөлінеді. Олар метафора, кейіптеу, аллегория, метонимия, синегдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм, перифраз сияқты көркемдеу құралдары бар. |
| **Трагедия** | **Tragedy** | **Трагедия** | **Tragedy** | Қайғылы, қатерлі жағдайларға құрылатын, бас қаһарманның жан азасымен, өлімімен бітетін драма түрі |
| **Тақырып** | **Theme** | **Тема** | **Mavzu** | Көркем шығарманың іргетасы. Әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдар |
| **Түр** | **Rod** | **Род** | **Turi** | Әдеби түрлерді алғаш рет Аристотель теориялық тұрғыдан қалыптастырды. Дәлел ретінде бір ғана «драма» сөзінің тек, түр, жанр ретінде қатар қолданыла беретінін әрбір әдеби тектің өзіне тән әдеби түрлері бар. Мысалы, эпостық негізгі түрлеріне- эпопея, роман, повесть, әңгіме, поэма, лирикаға- лирикалық өлең, лирикалық поэма, жыр драмаға- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | трагедия, драма, комедия жатады. |
| **Термин** | **Terminus** | **Термин** | **Atama** | Ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін сөз |
| **Түпнұсқа** | **Original** | **Оригинал** | **Asl nusxa** | Әдеби шығарманың автор өзі жазған төлтума қолжазбасы |
| **Ұйқас** | **Rhyme** | **Рифма** | **Qofiya** | Ассонанс, аллитерация секілді жеке дыбыстарды жай қайталануы емес, кейде бір, көбінесе бірнеше буындардың үндес үйлесімі |
| **Фабула** | **Fabula** | **Фабула** | **Fabula** | Фабула терминін этималогиялық тұрғыдан қарастырсақ латынның «әңгімелеу, баяндау» деген мағына беретін «Fabula» сөзінен өрбиді. Фабула - шығармада суреттелетін оқиғаны қысқаша айту, сюжет - шығарманы оқу арқылы ғана танылады |
| **Фольклор** | **Folk-lore** | **Фольклор** | **Folklor** | -халық өмірінің айнасы, синкреттік өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс салты, театр, сөз, би, және ән-күй өнері бір-бірінен дараланбай тұтас күйінде көрінеді |
| **Филология** | **Philologia** | **Филология** | **Filologiya** | -адам баласының рухани мәдениетінің мәні мен тарихын жазба мәтіндерді тілдік және стилистикалық тұрғыдан талдау арқылы танып білуге негізделетін лингвистика, әдебиеттану, тарих сияқты гуманитар пәндердің бірлестігі, жиынтығы. |
| **Шешім** | **Isolation** | **Развязка** | **Yechim** | Суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына өзі суреттеп отырған үкімі. Адамдар арасындағы күрделі күрестердің бітуі. Күллі оқиғалардың соңғы түйіні |
| **Шиеленіс** | **Tie** | **Завязка** | **Tugun** | Адамдар арасындағы қақтығыстың біртіндеп, дамып, шиеленісе бастауы, түрлі жағдайларға ұласуына |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | қатысты өрбиді |
| **Шарықтау шегі** | **The culmination of** | **Кульминация** | **Kuminatsiya** | Оқиға дамуының ширығып, ең жоғарға нүктеге жетуі, адамдар арасындағы қимыл-әрекеттің мейлінше күшейіп, өрбіп жеткен жері |
| **Шумақ** | | **Куплет** | | Аяқталған белгілі бір синтаксистік ойды білдіреді |
| **Эпос** | **Epos** | **Эпос** | **Epos** | (баяндау деген мағынада) көркем әдебиетті, өмірді суреттеу тәсілі жағынан үш салаға бөлгенде, лирика, драмамен қатар, өз алдына үлкен бір сала (жанр) болып саналатын, оқиғаны баяндап жеткізуге негізделетін шығармалар тобы. |
| **Эпопея** | **Epic** | **Эпопея** | **Epopeya** | (грек. epos-сөз, баяндау және poieo-жасаймын)-бүкіл бір дәуірдегі кеңінен қамтып бейнелейтін кең тынысты, сан-салалы эпикалық шығарма. Ежелгі Грецияда халықтың өмірін, қаһармандарын, ірі тарихи оқиғаларды суреттейтін өлең-жырларды бір желіге тізіп, тұтастыру арқылы жасалған көлемді эпостық жырды «эпопея» деп атаймыз |
| **Юмор** | | Юмор | Yumor | -өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Юмор жұртқа тиер зияны жоқ құбылыстар мен әрекеттерді жай ғана көңілді күйге айналдыру арқылы көркем шығармаға өзгеше эмоциялық жылылық, жарқын, жайдары шырай береді |
| **Ямб** | Yamb | **Ямб** | Yamb | Еуропа және орыс поэзиясында силлабо-тоникалық өлең жүйесінде қолданылатын өлшемнің бірі, екі буындық ырғақтық өрнек. Бұл өрнек Ежелгі Римде Катулл поэзиясында қолданылған. |

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Аристотель. Поэтика. Москва, “Гослитиздат”, 1957
2. Атымов М. Идея және композиция. Алматы, “Ғылым”, 1970.
3. Ахметов З. Қазақ өлеңінің құрылысы. Алматы, 1964.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, “Мектеп”, 1973.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы, “Ана тілі”, 1995
6. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары- Алматы, 1995
7. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 2004-332б.
8. Абдувалитов Е. Әдебиеттану негіздері. Оқу қолданба. Т;- 2008.
9. Әдебиеттануға кіріспе. Құрастырушы С.Мақпыров. Алматы, 1991.
10. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Ред. басқ. З.Ахметов. Алматы, “Ғылым”, 1998.
11. Әл-Фараби. Трактат және өлеңдер. Аударған А.Нысаналин. Алматы, “Жазушы”, 1974.
12. Әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. // Ежелгі дәуір әдебиеті. Құрастырған А.Қыраубаева. Алматы, “Ана тілі” 1991.
13. Әуезов М. Қазіргі роман және оның геройы. Шығармалар. Он екі томдық. т. 12. Алматы, “Жазушы”, 1969.
14. Әуезов М. Дәстүр мен жаңашылдық жайында. //Шығармалар. Он екі томдық т. 12 Алматы, “Жазушы”, 1969.
15. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. //Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында. Алматы, 1973.
16. Бекмырза С.Б. Әдебиеттану ғылымына кіріспе. Лекциялар курсы. Шымкент 2026
17. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. // Шығармалар. Алматы, “Жазушы”, 1989.
18. Белинский В.Г. Взгляд на русскую литературу. Москва, “Современник”, 1962.

19. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. 1947-1948.

20. Бекхожин Қ. Дәстүр мен жаңашылдық. Поэзия туралы толғаныстар. Алматы, 1969.

21. Гачев Д. Эстетические взгляды Дидро. Москва, 1961.

22. Гуляев Н.А. Теория литературы. Москва, “Высшая школа”, 1978.

23. Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. Алматы, “Жазушы”, 1972.

24. Дәстүр мен жаңашылдық. Жинақ. I, II том. Алматы, “Ғылым”, 1980, 1984.

25. Добролюбов Н.А. Әдебиет туралы сын мақалалар. Алматы, 1955.

26. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы,1991.

27. Дүйсенов М «Әдебиеттегі мазмұн мен форма бірлігі» А-. 1962.

28. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Алматы, “Жазушы”, 1965.

29. Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. Алматы. Мерей. 2015

30. Жанр және шеберлік. Алматы, “Ғылым”, 1968.

31. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, “Мектеп”, 1970.

32. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1948.

33. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. Алматы, 1966.

34. Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы. Алматы, 1953.

35. Қабдолов З. Екі алып туралы екі ауыз сөз //Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. Алматы, “Жазушы”, 1977.

36. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, “Санат”, 1992.

37. Қабдолов З. Жанр сыры. (ғылыми-сын пікірлер). Алматы, 1964.

38. Қаратаев М. Поэзиядағы дәстүр мен жаңашыдық. // Эпостан эпопеяға. Әдеби сын зерттеулер. Алматы, “Жазушы”, 1969.

39. Қирабаев С. Ұлы сыншы және революционер-демократ.// Шындық және шығарма. Алматы, 1981.

40. Қалшабеков А, Г. Серкебаева, Ж. Елтаева. Әдебиеттануға кіріспе. Әдістемелік нұсқау. Шымкент. 2014.

41. Лизунова Е.В. Современный казахский роман. Алматы, 1964.

42. Мәмбетов Ж. Әдебиеттің эстетикалық негіздері. Алматы, 2011.

43. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы,1994.

44. Нурғалиев Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

45. Негімов С. Өлең өрімі. Алматы, "Ғылым", 1980.

46. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы, 1966.

47. Овсянников М.Ф., Смирнова Э.В. Очерки истории эстетических учении. Москва, 1963.

48. Оразов Б. Әдебиеттану теориясы. Оқу-әдістемелік комплекс. Гүлстан, 2021.

49. Пірәлиева Г. XX ғасыр қазақ әдебиеттануы. Алматы. 2005

50. Стиль сыры. Жинақ. Алматы, "Ғылым", 1974.

51. Сучков Б.Л. Исторические судьбы реализма. Размышление о творческом методе. Москва, "Советский писатель", 1967.

52. Сыздықбаев Н.. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу-әдістемелік комплекс. Ташкент, 2015.

53. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы, 1960.

54. Тимофеев А.И. Теория литературы. Москва, 1976.

55. Фридлендер Г.М. Лессинг. Москва, Гослитиздат, 1957.

56. Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. Алматы, 2011.

57. Ысқақов Д. Әдебиет сынының тарихы. Алматы, 2011.

58. Хамраев М.К. Основы тюркского стихосложения. Алматы, 1963.

59. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. Алматы, 1968.

60. Чернышевский Н.Г. Әдеби сын мақалалары. Алматы, 1950.

**М А З М Ұ Н Ы**

Кіріспе.........................................................................................................3
Сөз өнері туралы ғылым және оның салалары.....................................................7
Әдебиеттану ғылымының ғылым салаларындағы орны мен даму тарихы.......15
Әдебиеттің халықтығы мен ұлттығы..................................................................27
Көркем әдебиетте образ және образдылық.........................................................33
Образдың жасау тәсілдері мен түрлері................................................................42
Көркем шығарманың құрылысы..........................................................................50
Көркем шығарманың композициясы мен сюжеті..............................................59
Көркем әдебиет, тіл мәселелері............................................................................66
Тілдің ажарлау құралдары.....................................................................................76
Әдебиеттің құбылту құбылыстары мен айшықтаудың түрлері........................82
Өлең құрылысы, өлең жүйелері мен ұйқас түрлері...........................................95
Әдебиеттің тектері мен түрлері...........................................................................109
Көркемдік әдіс. Әдеби бағыт, ағымдар..............................................................131
Әдеби процесс......................................................................................................139
Әдебиеттану негіздері пәнінен практикалық сабақтарының мазмұны............141
Молдуль бойынша бақылау сұрақтары..............................................................169
Модуль бойынша бақылау сұрақтарының жауаптары.....................................174
Тест сұрақтары.....................................................................................................193
Глоссари...............................................................................................................234
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.......................................................................246

# ОГЛАВЛЕНИЕ

Введение.......................................................................................................3
Наука об искусстве слова и ее областях.........................................................7
Место и история развития литературоведения в областях науки.......................15
Народность и национальность литературы.........................................................27
Образ и образность в художественной литературе............................................33
Способы и виды создания образа.......................................................................42
Построение художественного произведения.....................................................50
Композиция и сюжет художественного произведения.....................................59
Художественная литература, языковые проблемы............................................66
Инструменты языковой шлифовки......................................................................76
Литературные феномены и виды различения.....................................................82
Построение стихов, системы стихов и типы рифм............................................95
Род и виды литературы.......................................................................................109
Художественный метод. Литературное направление, течения........................131
Литературный процесс........................................................................................139
Содержание практических занятий по предмету Основы литературоведения........................................................................................141
Контрольные вопросы по молдуле....................................................................169
Ответы контрольных вопросов по модулю........................................................174
Тестовые вопросы................................................................................................193
Глоссари...............................................................................................................234
Список использованной литературы.................................................................246

Introduction......................................................................................................3
The science of the art of the word and its branches..................................................7
The history of the place and development of literary studies in the branches of science.........................................................................................................15
The nationality and nationality of literature.............................................................27
Image and imagery in fiction.......................................................................................33
Methods and types of image creation.........................................................................42
Construction of a work of art.......................................................................................50
The composition and plot of a work of art...............................................................59
Fiction, language problems..........................................................................................66
Language sharpening tools..........................................................................................76
Phenomena of transformation of literature and types of highlighting.......................82
Poem construction, verse systems and types of rhymes...........................................95
Names and types of literature......................................................................................109
Artistic method. Literary direction, trends..............................................................131
Literary process.............................................................................................................139
The content of practical classes in the discipline fundamentals of literary studies..........................................................................................................141
Control questions on moldul.......................................................................................169
Answers to control questions on the module..........................................................174
Test questions.................................................................................................................193
Glossari...........................................................................................................................234
list of references used...................................................................................................246